

ЕРМУХАНОВА НУРЖАМАЛ БАХИТЖАНОВНА

Табиғи сорбенттер негізінде Қызылорда облысының мұнай кен орны топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін төмендету

6D073100 «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:

1. т.ғ.к., доцент
Керімбекова З.М.
2. т.ғ.к., доцент
Танжарыков П.Ә.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

т.ғ.д., профессор
Самонин В.В.
Санкт – Петербург
техникалық (технологиялық)
университеті, Ресей.

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
	АНЫҚТАМАЛАР.....	6
	БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР.....	7
	КІРІСПЕ.....	8
1	МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНДАҒЫ РАДИОНУКЛИД- ТЕРДІҢ ТЕХНОГЕНДІК ӘСЕРІН САРАПТАУ.....	14
1.1	Мұнай-газ нысандарындағы радиациялық қауіпсіздіктің ғылыми негіздері.....	14
1.2	Мұнай-газ кенорындарының топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін бағалау.....	20
1.3	Топырақтағы радиациялық ластануды бағалау критерийлері.....	23
1.4	Радионуклидтердің топырақ компоненттерімен өзара әрекеттесу сипатымен ауылшаруашылық тізбегіндегі миграциясы.....	24
	Бірінші бөлім бойынша қорытынды.....	29
2	ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ. ҚҰМКӨЛ КЕН ОРНЫ ТОПЫРАҒЫН ЖӘНЕ МҰНАЙ ШЛАМДАРЫНДАҒЫ МҰНАЙ КӨМІРСУТЕКТЕРІ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ РАДИОБЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ.....	30
2.1	Құмкөл кен орнының мұнай өнімдерімен ластануы және радиобелсенділігі.....	30
2.1.1	Құмкөл кен орны гамма сәулелену көздеріне жүргізілген өлшеулер.....	34
2.2	Құмкөл кен орны мұнай өнімдерімен ластануын зерттеу және құрамын талдау.....	35
2.3	Бұрғылау және мұнай қалдықтарының сипаттамасы.....	42
2.3.1	Мұнай және мұнай шламы өнімдері құрамын талдау.....	44
2.4	Қызылорда облысы аумағында мұнай қалдықтарының жинақталуының әсері.....	47
2.4.1	Жобалаушы ұңғымалардан шыққан бұрғылау қалдықтарының радиобелсенділігі.....	55
2.5	Құмкөл мұнай кен орындары топырағының механикалық, химиялық қасиеттерін талдау.....	59
2.6	Аймақтағы топырақтың мұнай көмірсутектерімен ластануын зерттеу әдістері мен нәтижелері.....	62
	Екінші бөлім бойынша қорытынды.....	65
3	МҰНАЙ КЕН ОРНЫ ТОПЫРАҒЫНА РАДИОНУКЛИДТЕРДІҢ ТЕХНОГЕНДІК ӘСЕРІН ТӨМЕНДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАҢДАУ.....	66
3.1	Топырақтағы радионуклидтердің техногендік әсерін төмендетуге бағытталған технологиялар.....	65
3.1.1	Топырақтағы мұнайдың техногендік әсерін төмендетуге бағытталған технологиялар.....	68

3.2	Мұнай өнімдерінен тазартушы сорбенттердің сапасын сипаттайтын басты қасиеттері.....	69
3.2.1	Сумен топырақтың мұнаймен зақымдануында қолданылған табиғи материалдардың сорбенттік қасиеттерін зерттеу.....	69
3.2.2	Сорбенттік материалдарды таңдау.....	73
3.3	Үлгіге алынған жергілікті сорбциялық материалдардың мұнай сиымдылығын анықтау.....	77
3.3.1	Табиғи сорбенттер пайдалана отырып, мұнаймен ластанған топырақты тазалау үлгілері.....	79
3.3.2	Күріш сабаны мұнай шламы қоспасы Со-термолизі нәтижесінде алынған АҚ сорбентімен сынамалар жүргізу.....	81
3.4	Топырақты радионуклидтерден тазартудың сұйықтықпен дезактивациялау әдістері.....	82
3.4.1	Мұнай өнімдерімен және радиобелсенді заттармен ластанған топырақты термиялық және қышқылмен шаймалау жолымен тазалау үлгілері.....	85
3.5	Топырақты табиғи сорбенттермен тазалаудан кейін қалдық мұнай өнімдерін хелаттаушы ертінділермен тазалаудың тиімділігі.....	86
	Үшінші бөлім бойынша қорытынды.....	93
4	МҰНАЙМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫҢ РАДИОБЕЛСЕНДІЛІГІН ТӨМЕНДЕТУ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ.....	94
4.1	Мұнаймен ластанған топырақты тазартудан шыққан өнімдерді талдау.....	94
4.2	Топырақ жамылғысы сапасының нормаланатын көрсеткіштері.....	95
4.3	Үлгіге алынған мұнаймен ластанған топырақтың доза қуатын анықтау.....	97
4.4	Мұнай өнімдерінен салыстырмалы тазартылған топырақты талдау	98
4.5	Мұнайқұрамды өнімдері бар топырақпен салыстырмалы тазартылған топырақтағы радиобелсенділікті талдау.....	100
4.6	Мұнай өндіру кезінде персоналға радиациялық факторлардың әсерін модельдеу.....	104
	Төртінші бөлім бойынша қорытынды.....	113
5	ТЕХНИКО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ.....	114
5.1	Мұнаймен ластанған топырақты тазартудан шыққан қалдықтардың радиациялық қауіпсіздігін сақтау шарттары.....	114
5.2	Мұнай қалдықты АППШ шөгінділерін асфальттыбетон араласпасына пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау.....	115
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	121
	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	124
	ҚОСЫМШАЛАР.....	136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей стандарттар мен нормативті құжаттар қолданылды:

ҚР СТ 1347-2005 (Р МЕСТ 51858-2002, MOD) Мұнай. Жалпы техникалық шарттар.

Р МЕСТ 51947-2002. Мұнай және мұнай өнімдері. Күкіртті энергодисперсиялық рентгенофлуоресценттік спектрометрия әдісімен анықтау.

МЕСТ 31378-2009. Мұнай. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ ИСО 14507-2010. Табиғатты қорғау топырақтың сапасы. Үлгілерді органикалық ластаушы заттардың құрамын анықтауға дайындау. Енгізу күні 2012-01-01.

МЕСТ 20286 -90. Радиоактивті ластану және залалсыздандыру. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР Экологиялық кодексі. ҚР 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі.

ҚР ҰЭМ 27.02.2015 жылғы №155 бұйығы. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтерін бекіту туралы.

СҚ 2.6.1.799-99 (ОСПОРБ - 99). Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі санитариялық қағидалары.

ҚР ДСМ 26.06.2019 жылғы № ҚР ДСМ-97 бұйрығы. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы.

ҚР ҰЭМ 27.03.2015 жылғы №260 бұйрығы (ҚР 12.12.2019ж. бұйр.) «Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы.

БҚ (РД) 52.18.647 – 2003. Әдістемелік нұсқаулар. Топырақтағы мұнай өнімдерінің массалық үлесін анықтау.

БҚ(РД) 39 - 0147098 - 015 - 90. Басшылық құжат. Миннефтепром кәсіпорындары объектілерінде топырақтың жай-күйін бақылау жөніндегі нұсқаулық.

МЕМСТ 12597. Сорбенттер. Белсенді көмір мен катализаторлардағы судың массалық үлесін олардың негізінде анықтау әдісі [ГОСТ 12597. Сорбенты. Метод определения массовой доли воды в активных углях и катализаторах на их основе. – М.: Издательство стандартов, 1989]

МЕСТ 16190. Сорбенттер. Сусымалы тығыздықты анықтау әдісі. [ГОСТ 16190. Сорбенты. Метод определения насыпной плотности. – М.: Издательство стандартов, 1970].

МЕСТ 6217. Уатылған белсенді ағаш көмірі. Техникалық шарттар. [ГОСТ 6217-74. Уголь активный древесный дробленный. Технические условия. – М.: ИПК Издательство стандартов, 2003].

МЕСТ 17219. Белсенді көмір. Су бойынша тесіктердің жиынтық көлемін анықтау әдісі [ГОСТ 17219. Угли активные. Метод определения суммарного объема пор по воде. – М.: Издательство стандартов, 1988].

МЕСТ 908 Лимон қышқылы тағамдық моногидрат. Техникалық шарттары. [ГОСТ 908-2004 Кислота лимонная моногидрат пищевая. Технические условия. – М.: Издательство стандартов, 2008].

МЕСТ 30108-94. Құрылыс материалдары мен бұйымдары. Табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігін анықтау.

МЕСТ 12801-98. Жол және аэродромдық құрылысқа арналған органикалық тұтқырлар негізінде материалдар. Сынау әдістері.

МЕСТ 22245-90. Жолдық тұтқыр мұнай битумдары. Техникалық шарттар.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Белсенділік (А) – уақыттың осы сәтінде нақты энергетикалық жағдайдағы радионуклидтің қандай да бір мөлшерінің радиоактивті шамасы. Белсенділік бірлігі Беккерель (бұдан әрі – Бк) болып табылады. Бұрын қолданылған жүйеден тыс белсенділік бірлігі кюри (бұдан әрі – Ки) $3,7 \times 10^{10}$ Бк құрайды.

Дезактивациялау – қандай да бір беттен немесе қандай да бір ортадан радиоактивті ластануды жою немесе төмендету.

Доза қуаты – уақыт бірлігі (секунд, минут, сағат) ішіндегі сәулелену дозасы.

Иондаушы сәулелендіру көздері – радиоактивті материалдар, құрамында радиоактивті материалдар бар аппараттар немесе құрылғылар, сондай-ақ иондаушы сәулелендіру шығаратын немесе шығаруға қабілетті аппараттар мен құрылғылар;

Негіздеу принципі - иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түріне тыйым салу, бұл орайда алынған пайда адам мен қоғам үшін табиғи радиациялық ортаға қосымша сәуле алу келтіретін ықтимал зиян қатерінен аспайды;

Нормалау принципі - иондаушы сәулелендірудің барлық көздерінен азаматтардың сәуле алуының жеке мөлшерінің жол берілетін шегінен асырмау.

Мұнай-газ кешені нысандарының өндірістік қалдықтары – технологиялық жабдықтарды жөндеу және тазарту барысында алынған тұзды шөгінділер және қоқыстар, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға арналмаған технологиялық жабдықтар мен құрылғылардың элементтері, кәсіпорын аумағындағы мұнай-газ кешені кәсіпорындарының өндірістік қызметі процесінде табиғи радионуклидтер жинақталуы мүмкін топырақ және жер;

Персонал(кәсіби қызметкерлер) - тұрақты немесе иондаушы сәулеленудің техногендік көздерімен олардың әсер ету саласындағы жұмыс жағдайлары бойынша уақытша тікелей жұмыс істейтіндер

Радионуклидтер - жаңа элементтерді құра отырып, өздігінен ыдырауға қабілетті радиоактивті химиялық элементтер, сондай-ақ кез келген химиялық элементтердің түзілген изотоптары.

Табиғи радионуклидтер - уран-238 және торий-232 қатарларының радиоактивті элементтері.

Техногендік радионуклидтер - адамның қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға түсетін радиоактивті элементтер.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей белгілеулер және қысқартылған сөздер қолданылды:

АШПШ – асфальтты-шайырлы парафинді шөгінділер;

Бк – беккерель;

БДҚ - балама дозаның қуаты;

Н - балама доза белгіленуі;

МЕСТ – Мемлекеттік стандарт;

МГК - мұнай газ кешендері;

МҚҚ - мұнай құрамды қалдықтар;

ӨҚ - өндірістік қалдықтар;

РЗ – радиациялық заттар;

РЭ – радиоактивті элементтер;

РОТБ - Радионуклидтердің орташа тиімді белсенділігі;

РН – радионуклидтер

СЕ – санитарлық ережелер;

СҚ – санитарлық қағидалар;

СҚА - санитарлық – қорғау аймағы;

ТРН – табиғи радионуклидтер;

ТХРН – техногендік радионуклидтер;

ДТПА (DTPA) – диэтилен триамин пентасірке қышқылы;

ЭДТА (EDTA) - этилендиамин тетрасірке қышқылы

ЭДДЯ(EDDS) – этилендиамин диянтар қышқылы;

ЭДҚ - экспозициялық доза қуаты;

ШРК - Шекті рауалы концентрация;

ШАЗ - шайырлы-асфальт заттары.

ТӨСҚ - термиялық өңделген сұлы қауызы;

ТӨКҚ - термиялық өңделген күріш қауызы;

СҚ – сұлы қауызы;

КҚ – күріш қауызы.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» заңындағы белгіленген нормаларға сәйкес, қызметшілерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді шектейтін шаралар өндірістің ядролық емес салаларында да қарастырылған. Қоршаған ортаға техногендік әсер ұлғайған сайын, радиобелсенділікте өседі. Құмкөл кен орындары қатарының игеріліп, мұнай өндіріп келе жатқанына отыз жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар ішінде апаттық төгілулерден жинақталған мұнайлы қалдықтар белгілі дәрежеде гамма-сәулеленудің радиациялық фонын құрап, қоршаған ортаға түсетін техногендік тиімді дозаның жүктемесін жоғарылатты.

Радионуклидтердің техногендік жүктемесін азайтудағы бүгінгі күннің басты мәселесі – қазіргі заман талабына сәйкес, заманауи технологияларды пайдалана отырып, қалдықтарды минимизациялау және қоршаған ортаны сауықтыру болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда мұнай кен орындарындағы ластанған топыраққа радионуклидтердің техногендік әсерін табиғи сорбенттерді қолдану негізінде төмендету жолдары қарастырылды.

Осы тақырыпта зерттеулер жүргізу негіздемесі мұнай кен орнындағы ластанған топырақты табиғи сорбенттермен тазарту және оның радиобелсенділігін анықтау негізінде талдау болып табылады.

Бастапқы мәліметтер ретінде соңғы жылдарда ядролық емес кәсіпорындардағы, оның ішінде мұнай кен орындарындағы радиациялық қауіпсіздік мәселесінің пайда болуы, табиғи нысандармен құрал-жабдықтардың табиғи радионуклидтермен ластану мәліметтері алынды.

Диссертацияның өзектілігі. Соңғы жылдары мұнай өнеркәсібіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің дәстүрлі, бұрыннан белгілі мәселелеріне тағы бір қосымша - радиациялық қауіпсіздік қамтамасыз ету мәселесі қосылды. Бұл мұнай өндіруші барлық елдерге қатысты қауіпсіздік болып табылады.

Радиоактивті ластанудың маңызды көзі жер асты сулары мен топырақтағы табиғи радионуклидтердің концентрациясын арттыратын мұнай өндіру мен өңдеудің технологиялық процестері болып табылады. Біздің елімізде және шетелде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде мұнай кен орындарының радиоактивтілігі табиғи радионуклидтердің - радий, уран, торий және олардың ыдырау өнімдерінің болуымен түсіндіріледі.

Табиғи радионуклидтердің арасында адамның нақты сәулеленуі тұрғысынан уран(^{238}U) және торий(^{232}Th) қатарына кіретін еншілес радионуклидтерімен калий(^{40}K) маңызды мәнге ие. Дәл осы радионуклидтер тобы мұнай және газ кен орындарын пайдалану кезінде әсер береді.

Ластанған технологиялық жабдықтар мен топырақтың меншікті белсенділігі қабаттық сулардың меншікті белсенділігінен бірнеше рет асып түседі. Бұрғылау қалдықтарын және құрамында мұнай бар қалдықтарды кәдеге жаратуға қабылдау радиациялық қауіпсіздік расталған кезде жүзеге асырылады.

Ластанудың бұл түрі жалпы мұнай кәсіпшілігіндегі радиациялық ластану учаскесінің 60-65% құрайды [1- 4].

Мұнай қалдықты топырақтағы радиациялық деңгейді өлшегенде радионуклидтердің меншікті белсенділігі 370 Бк/кг аспауы тиіс. Қалдықтардан топыраққа тараған ластану өсімдіктермен жер асты суларына қайта көшеді. Жалпы алғанда, мұнай кәсіпорындарындағы радиациялық қалдықтардың орташа белсенділігі 1000 Бк/кг асады. Осыған сәйкес, радиобелсенді көздердің белсенділігін төмендету, радиобелсенді қалдықтармен топырақты дезактивациялау бойынша іс-шаралар жасау қажеттілігі туындайды. Сондықтан мұнай өндіру кезіндегі шығатын радионуклидтердің қоршаған ортаға әсерін зерттеу және оның салдарын төмендету өзекті мәселе болып табылады [5-9].

Зерттеу нысандары. Қазақстанның Оңтүстік Торғай мұнай алабындағы Құмкөл, Ақшабұлақ, Арысқұм кен орындары.

Зерттеу объектісі. Құмкөл мұнай кен орнындағы уақытша қалдықтар сақтау орнынан алынған мұнай өнімдерімен радиобелсенді заттармен ластанған топырақ үлгілерімен бұрғылау шламдары.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді орындау үшін төмендегідей әдістемелер кешендері пайдаланылды: зерттеу бағытындағы ғылыми техникалық әдебиеттерді жинақтау және сараптама жасау; зертханалық және өндірістік жағдайдағы тәжірибе жұмыстарын жүргізу; математикалық модельдеу және статистикалық жинақтау; сараптамалық бағалау; техникo-экономикалық талдаулар; шикізат пен өнімдердің қасиеті мен құрылымын анықтайтын физико-химиялық зерттеулер жасалынды. Зерттеудің физикалық-химиялық әдістерінің кешені пайдаланылды: гамма спектрометрия; радиометрия; газ сұйықтықты хроматография; рентген-флуоресценттік спектрометрия, сондай-ақ топырақтағы мұнай өнімдерінің құрамын анықтаудың салмақтық әдісі.

Зерттеудің мақсаты: Аймақтағы мұнай кен орындары топырағының радионуклидтермен ластануына зерттеулер жүргізе отырып, оларды тазалауға тиімді табиғи сорбенттерді таңдау нәтижесінде кен орны топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін төмендету.

Зерттеудің міндеттері:

- Құмкөл кен орнындағы радиация деңгейін анықтау;
- мұнаймен ластанған топырақ үлгілеріндегі радиобелсенділікті талдау;
- топырақтың мұнаймен ластануының техногенді салдарын анықтау үшін Құмкөл кен орнынан алынған мұнай, топырақ, мұнай шламдарының құрылымын, меншікті белсенділігін анықтау;
- мұнаймен ластанған топырақ құрамындағы көмірсутектердің мөлшерін және оның радиобелсенділік өсуіне қатыстылығын зерттеу;
- зерттеуге алынған мұнаймен ластанған топырақтың доза қуатын анықтау;
- мұнаймен ластанған топырақты сорбенттер көмегімен тазалауды өндірістік тәжірибе-сынақтан өткізу;
- жергілікті термиялық өңделген табиғи сорбенттермен топырақты мұнай өнімдерінен тазалау жолымен радиобелсенділікті төмендету;

- мұнаймен ластанған топырақпен салыстырмалы тазартылған топырақтың құрамындағы мұнай өнімдерін «РД 39 - 0147098 - 015 - 90» әдістемесі бойынша анықтау және салыстыру;

- зерттеуге алынған мұнаймен ластанған топырақтың, салыстырмалы тазартылған топырақ және одан шыққан қалдық өнімдердің доза қуатын анықтау және қорытынды жасау.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары:

Төмендегі нәтижелерді көрсетті:

- Құмкөл кен орны бойынша радиусы 1 км² жерді алып жатқан мұнай өндіру аймағында экспозициялық доза бірлігі 0,10-0,19 мкЗв/сағ болғанда, 1 шақырым жерді алып жатқан мұнай қалдықтарын жинау, уақытша сақтау және өңдеу алаңында 0,19-0,28 мкЗв/сағ құрады, жүргізілген радиациялық мониторинг нәтижелерінде мұнай өндіру аймақтарынан мұнай қалдықтарын уақытша сақтау аймағында экспозициялық дозаның жоғарылығы анықталды;

- мұнаймен ластанған топырақтың меншікті тиімді рұқсат етілген белсенділік деңгейі 1500 Бк/кг құрайды. Зерттеуге алынған топырақтағы мұнай өнімдері – 5% болғанда орташа тиімді белсенділігі 1250 Бк/кг құраса, 7% асқандағы 1345,0 Бк/кг құрады, өте қатты ластану 12% асқанда – 1500 Бк/кг жоғарылайтындығы байқалды. Топыраққа енген мұнайдың көлемді салмағы артқан сайын радиобелсенділігі өсетіндігі табылды;

- табиғи сорбенттерді, жергілікті күріш қалдықтарының термиялық өңделген сорбенттерін пайдалана отырып тазалауда, зертханалық талдау нәтижелерінде топырақтағы мұнай өнімдері 7% - дан 3,4% - ға дейін, радиометриялық талдау нәтижелерінде радиобелсенділік 3,0 - 10 мкЗв/сағаттан, 1 - 3 мкЗв/сағатқа төмендеді;

- топырақты табиғи сорбенттермен тазалаудан кейінгі екінші тазалау стадиясында әлсіз қышқыл ерітінділерімен тазалаудан кейінгі көрсеткіші – 3,4% -дан төмендеп, 0,56% құрады, гамма фоны 1-3 мкЗв/сағаттан 1 мкЗв/сағ төмендеді;

- радиометриялық зерттеулерде ластанған топырақта ¹³⁷Cs – 8,33 Бк/кг, ²²⁶Ra – 9,41 Бк/кг, ²³²Th – 6,40 Бк/кг, ⁴⁰K – 547,0 Бк/кг, тазартылған топырақта ¹³⁷Cs – 4,0 Бк/кг, ²²⁶Ra – 7,03 Бк/кг, ²³²Th – 4,72 Бк/кг, ⁴⁰K - 539,0 Бк/кг белсенділіктегі радионуклидтер табылды, салыстыру нәтижесінде тазартылған топырақтағы радионуклидтер ¹³⁷Cs - 52%, ²²⁶Ra - 25%, ²³²Th - 26,25%, ⁴⁰K - 1,5%-ке азайғандығы анықталды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми-зерттеу нәтижелері:

- мұнай-газ нысандарына радионуклидтердің техногендік әсерін анықтау мақсатында рентгендік-флуоресцентті спектрометрімен Құмкөл кен орны мұнай, шлам және мазутталған топырағының сапалық көрсеткіштері;

- иондаушы сәулеленудің тиімді және эквивалентті дозасы негізінде мазутталған топырақтың доза қуатын өлшеу әдістері;

- иондаушы сәулеленудің тиімді және эквивалентті дозасы негізінде салыстырмалы таза топырақтың доза қуатын өлшеу;

- мұнаймен ластанған топырақпен салыстырмалы таза топырақтың құрамындағы радионуклидтерді гамма-спектрометриялық зерттеу әдістері;
- топырақты тазартудан шыққан өнімдердің сапалық көрсеткіштерімен меншікті тиімді белсенділігін анықтау;
- топырақтағы мұнай өнімдерінің құрамын анықтаудың салмақтық әдісін қолдану;
- жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың экономикалық тиімділігін анықтау.

Диссертациялық жұмыстың практикалық және тәжірибелік маңыздылығы. Диссертацияда топырақты радионуклидтерден және мұнайдан тазартудың технологиялық схемалары әзірленді. «Эко Service» ЖШС-де жартылай өнеркәсіптік сынақтар өткізілді. Топырақты тазартудан алынған қалдық өнімдер радиобелсенділігі 350 Бк/кг немесе 20 мкр/сағ аспағандықтан, мұнай қалдықты *шөгінділері* АШПШ құрылыс материалдарына пайдалану ұсынылды;

- зерттеу нәтижелерінде Арысқұм, Құмкөл, Оңтүстік Құмкөл, Ащысай кен орындарынан әкелінетін мазутталған топырақпен шламның радиобелсенділігін тиімді зерттеумен тазалаудың жолдары қарастырылды;

- зерттеу материалдары «Радиациялық қауіпсіздік негіздері» пәні бойынша оқу процесіне енгізу актісіне тіркелді.

Жұмыстың негізділігі және ғылыми жетістіктердің дәйектілігі. Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, шифры Б-16-04-03 №1 «Табиғи шикізаттан және әр түрлі өнеркәсіп қалдықтарынан өнеркәсіптік және экологиялық таза минералды тыңайтқыштар мен тұздарды өндіруде термохимияларды жасау және құру бойынша зерттеулер» тақырыптарымен байланысты орындалды.

Зерттеу нәтижелері өндіріске енгізу. Диссертациялық жұмыс нәтижелерін мұнай қалдықты *шөгінділерді* (АШПШ) құрылыс материалдарына пайдалану ұсынылды. Күтілетін экономикалық тиімділік 130000 теңгені құрады. Сонымен қатар жұмыс нәтижелері 6В112 – «Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау» және 6В052 – «Қоршаған орта» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын студенттерге «Радиациялық қауіпсіздік негіздері» және «Өнеркәсіп қауіпсіздігі негіздері» пәнін оқытуда қолдану көзделіп отыр.

Автордың ғылымға жеке үлесі. Жұмысты орындауда алынған нәтижелер мен тұжырымдар автордың жеке үлесі болып табылады. Олар автордың жеке және ғылыми жетекшімен бірлесіп жариялаған жұмыстарымен негізделеді.

Жұмыстың апробациясы. Жұмыстың талқылануы. Диссертацияның зерттеу нәтижелері Scopus дерекқорына кіретін Халықаралық ғылыми «ARPN Journal of Engineering and Applied Sciences» журналында: «The technology of preparation of the oil sludge pit with polymerorganic screen for oil waste», 2018, 13(14), pp. 4360–4364.; «Planning and mathematical processing of test results for obtaining organomineral and polymerorganic water proofing material», 2019, 14(24), pp. 4270–4276.; «Technogenic impact of radionuclides on oil and gas facilities (On the example of the Kumkol field)», 2021, 16(8) - барлығы 3 мақала

жарияланған. ҚР БҒМ БҒБК ұсынылған журналдарда 4 мақала: ҚазҰТУ Хабаршысында екі мақала – (№ 6(130), 2018 және №6(136), 2019), Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ Хабаршысы (№1, 2020ж) және ҚазККА Хабаршысында (№ 2 (113), 2020) жарияланған.

Зерттеу нәтижелері «Нефть и газ» журналында (№1(121), 2021) және Халықаралық және Республикалық конференция жинақтарына шығарылып, баяндалды: Труды международной научно-практической конференции «Агропродовольственные пояса мегаполисов и сельскохозяйственная кооперация в Казахстане: проблемы, поиски и решения». ЮКГУ им.М.Ауэзова. (Шымкент, Ноябрь 2017 г.); V International scientific practical conference «Industrial technologies and engineering», dedicated to the 75th anniversary of M.Auezov South Kazakhstan state university and 90th anniversary of academician Sultan Tashirbayevich Suleimenov holding within 4.0 industrial revolution. ICITE-2018, Volume I, IV, 28 november, Shymkent-2018. (Shymkent, 2018); Материалы Международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения - 16» Четвертая промышленная революция: новые возможности модернизации Казахстана в области науки, образования и культуры. ЮКГУ им.М.Ауэзова (Шымкент, 2018 г.); Materials of the III International Scientific-Practical Conference «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time». Kyoto, Japan: Regional Academy of Management, 2018; Материалы III Международной научно-практической конференции «Global science and innovations 2018: Central Asia». II – том. Астана, 2018; «Әуезов оқулары – 17: Әлемдік кеңістіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері (Шымкент, 2019 ж.); Материалы международной конференции «Наука и образование – 2019». (Sp. Z o.o. “Nauka I studia”, Прага. 22-30 декабрь, 2019); Материалы XLIV Международной научно-практической конференции «Инновационные технологии на транспорте: образование, наука, практика», (Алматы: КазАТК. 17 апрель, 2020); Әуезов оқулары - 18: Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай «Ұлы Абайдың рухани мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Шымкент: М. Әуезов ат. ОҚМУ, 2020 ж) жарық көрді. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша «Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары: тәжірибелер және келешегі» атты (Қорқыт Ата атында ҚМУ. Қызылорда, 29 сәуір 2020 ж.) II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференциясында, «Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы - Ұлт жоспарын жүзеге асырудың негізі» №12 «Сағынов оқулары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық online конференциясында (ҚарМТУ. Қарағанды, 18-19 маусым 2020ж.) баяндама жасалды.

Зерттеу нәтижелерінің басылымдарда жарық көруі. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен түйіндері 25 баспа жұмыстарында баяндалған, оның ішінде, Scopus дерекқорына кіретін баспаларда - 3; ҚР БҒМ БҒБК ұсынылған журналдарда - 4; «Нефть и газ» журналында -1; Халықаралық конференциялардың материалдарында - 15, алыс

шетелде - 1 мақала жарияланған және 1 оқулық авторлық бірлестікте шығаруға ұсынылған.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс бес бөлімнен тұрады. **Бірінші бөлімде** радиациялық қауіпсіздіктің ғылыми негіздері, оның ішінде мұнай кен орындарындағы радиациялық қауіпсіздік мәселесінің пайда болу себептерімен, оның зиянды әсері, радионуклидтердің трофикалық тізбек бойынша миграциялануы қарастырылған.

Екінші бөлімде Мұнайдағы радиоактивтіліктің тасымалдаушылары металл органикалық кешендер, жоғары хош иісті көмірсутектер және күкіртті қосылыстар болып табылатындықтан, Қызылорда облысы аймағында орналасқан Құмкөл кен орнынан алынған мұнай, мұнаймен ластанған топыраққа және мұнай шламдары мен бұрғылау қалдықтарының химиялық құрамына және күкірттілігіне спектрометр «Спектроскан Масс» құралымен рентгенофлуоресцентті талдау жүргізілді, ал топырақтың қалдық мұнай өнімдерімен ластануы гравиметриялық талдау әдістері негізінде қарастырылды.

Үшінші бөлімде мұнаймен ластанған топырақты жергілікті табиғи сорбенттермен тазартудың бірнеше үлгісі қарастырылып, ең тиімдісі күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір сорбенті болып, оның мұнай сиймдылығы жоғарылығы анықталды. Нәтижесінде мұнаймен ластанған топырақтың ластану көрсеткіші сорбентпен тазалаудан кейін 3,4%, радиациялық фоны 3,9 мкЗв/сағ. құрады. Одан ары терең тазарту мақсатында әлсіз қышқыл ертіндісімен тазалаудан соң 0,56%, радиациялық фоны 1,0 мкЗв/сағатты құрады. Неғұрлым тазалану жоғарылаған сайын радиациялық фонның азайғандығын көруге болады.

Төртінші бөлімде мұнаймен ластанған топырақтағы күкірттің мөлшері тазартылғаннан кейін азайғандығын, соған сәйкес радиациялық гамма фонының төмендегенін көруге болады. Мобильдік «Ray Detect» қосымшасымен анықтағанда 5-7% мұнаймен ластанған топырақ 3 - 10 мкЗв/сағ болды. Тазартудан кейінгі топырақтың өлшенген доза қуаты 1 - 3 мкЗв/сағ аралығында болды. Мұнайлы топырақ құрамындағы техногендік радионуклид ^{137}Cs екі есе азайғандығы анықталды. Мұнайлы топырақта ^{137}Cs - 8,33Бк/кг болса, тазартылған топырақта ол, 4,00 Бк/кг төмендеген.

Бесінші бөлімде тазартудан шыққан қалдық өнімдер – асфальтты шайырлы парафинді шөгінділер (АШПШ) негізіндегі құрылыс материалы ретінде пайдалануға жарамдылығы екі параметр бойынша анықталды. Біріншісі құрылыс материалы ретінде 740-1500 Бк/кг аспайды. Екіншісі экономикалық тиімділігі жоғары.

Диссертациялық жұмыс мазмұны мен мақсат-міндеттеріне сәйкес кіріспеден, бес бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімімен қосымша беттерден тұрады. Жұмыс көлемі 135 бет, 44 сурет, 33 кесте, 150 библиография, 11 қосымша келтірілген.

1 МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНДАҒЫ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мұнай-газ нысандарындағы радиациялық қауіпсіздіктің ғылыми негіздері

Шетелдік ғалымдардан мұнай және табиғи газдармен байланысты радиациялық қауіпсіздік туралы алғашқы мәліметтерді Дж. К. МакЛеннан «Минералды майлар мен табиғи газдардың радиоактивтілігі туралы» тақырыпта 1904 жылы Сент-Луис конгресінде баяндады. Кейінірек Г. Дж. Борн (1936) Германияның солтүстігіндегі мұнай кен орнында кездейсоқ табылған гамма-сәулеленуді, ал 1970-1990 жылдарда Гезелл Т.Ф., (1975), Колб В.А., Войчик, М. (1985), Саммерлин Дж., Причард Х. М. (1985), Вальдрам И.М. (1988), Отто, Г. Х.(1989), Миллер Х. Т., Брюс, Э. Д., Кук Л.М.(1991), Аль-Масри М.С., Али А.Ф., Киту М., Каваш А. (1997), Джонкерс Г., Хартог Ф.А., Кнаепен А.А.И., Ланс П.Ф. Дж. (1997) және т.б. мұнай және газ орындарын игеру, өндіру, өндеуде радиобелсенділіктің жоғары болатындығын дәлелдеді.

Мұнай - газ кешені кәсіпорындарындағы радиациялық қауіпсіздікті Ресейлік ғалымдар В.Н.Рыжаков, Е.Н.Крапивский, А.Е.Бахур, А.Э.Беляев, М.Л.Нозик, Д.Г.Тараборин, С.К.Мустафин, И.К.Романович, Т.А. Кормановская, Н.А. Королева, Э.П. Лисаченко, К.А. Сапрыкин, Д.О.Горбачев, А.А. Екидин, зерттесе, отандық ғалымдардан И.А.Шижков, П.П.Дубинчин, Б.Р.Берикболов, М.М.Буркитбаевтар үлес қосты.

Мұнай-газ кенорындарындағы радиациялық қауіпсіздіктің басты мақсаты - радиациялық қауіпсіздік нормалары мен принциптерін сақтай отырып, халықты, осы аймақта жұмыс істейтін персоналдарды иондық сәуле әсерінен қорғау болып табылады. Өндірістегі радиациялық қауіпсіздікке қойылатын талаптарға детерминделген табалдырықты әсерді ескерту, халықтың стохастикалық табалдырықсыз әсерлермен жұмыс істеуін шектеу, радиоактивті сәуленің шекті рұқсат етілген дозадан аспауының алдын-алу, сондай-ақ сәуле дозасын мүмкін деңгейге дейін төмендету жатады. Радиациялық көздермен жұмыс істейтін кәсіпорындарда радиациялық қауіпсіздікке қойылатын негізгі талаптарға жататындар:

- өндірістегі персоналдар мен халықтың негізсіз сәулеленуін болдырмау;
- радиоактивті сәулеленуді қойылған шекті дозасынан асырмау;
- сәулелену дозасын ең төменгі деңгейге дейін жеткізу;
- жер қойнауын пайдалануға рұқсат етілген және оның шегінен тыс 10 шақырымға дейінгі аумақта радиация деңгейін тоқсан сайын бақылау [3].

Радиоактивтермен ластану көздері жер қыртысында мұнай өндіру нәтижесінде пайда болған U-238, Th-232 және K-40 табиғи радионуклидтері болып табылады. Кен орны мен технологиялық жабдықтың радиоактивті ластану деңгейі, ең алдымен, кен орындарына тиесілі қабат суларында орналасқан Ra-226 және Ra-228 изотоптарымен анықталады. Радиоактивті заттар жабдықтың ішкі қуысында тығыздығы 3,0-3,9 г/см³ шегінде болатын тұзды шөгінділер түрінде жиналады. Бұл тұзды шөгінділердің негізгі құрамы -

Ba(Ra)SO₄. Негізінен радиоактивті ластану жеке технологиялық процестер мен операциялар нәтижесінде пайда болады [4, б. 258].

Табиғатта мұнай мен газ кеніштерінің қабаттық суларында әрдайым радий болады, ал ол жақсы еріген - хлоридтер түрінде болатындығы дәлелденген. Мұнайды немесе газды алу кезінде сульфатты тепе-теңдіктің бұзылу салдарынан радий хлоридтерінің тұщы судағы сульфатты қосылыстары іс жүзінде ерімейтін қосылыстарға ауысады. Мұнай мен газды алу кезінде сульфатты тепе-теңдіктің бұзылуына байланысты хлоридті радий тұщы су сульфаты қосылыстарында іс жүзінде ерімейтінге айналады, нәтижесінде технологиялық жабдықтарға шөгінді қалдық түрінде жиналады. Ғылыми-техникалық мәліметтерге сүйенсек, мұнай өндіру технологиясының дамуының шөгінді жиналуды болдырмауға әзірше мүмкіндігі жоқ [4, б. 257].

Табиғи радионуклидтер (уран, радий, торий) алу мақсатында кенді өндіретін және қайта өңдейтін ұйымдар, сондай-ақ осы радионуклидтерді пайдаланатын ұйымдар техногендік сәулелену көздерімен жұмыстар жүргізетін ұйымдарға жатады. Мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау процесінде қоршаған ортаға уран-238, торий-232, сондай-ақ калий-40 тобының табиғи радионуклидтері түседі. Радионуклидтерден жұмыскерлермен қатар, халықтың да сәуле алуы ықтимал. Өндірістік жағдайда радионуклидтер ұйым аумағында, өндірістік үй-жай беттерінде, жабдықтардың ішкі бетінде шөгіп (сорғы-компрессорлық құбырлар, сыйымдылықтар және басқалар) қоршаған ортаның ластануы мүмкін деңгейлерге дейін шоғырлана алады [5].

Мұнай-газ кешенінде геологиялық ортамен, халыққа радиоэкологиялық әсер етудің ең маңызды факторлары болып табылатындар:

1. Радионуклидтермен ластанған қабаттық сулардың ағып кетуі немесе төгілуі салдарынан топырақта радиоактивті техногенді галогендердің пайда болуы және радионуклидтердің жер үсті, жер асты суларын, ішкі және ауыз су мақсаттарында пайдаланылатын суларды ластауға әкелу ықтималдығы.

2. Мұнай-газ кен орындарында кей ұңғымалар табиғи аномалиялары бар құрылымдармен шектесуі мүмкін: уранмен кенденуі, сулардың радий және ториймен минералдануы, мұнай мен газ өндіру кезінде белсенді радионуклидтердің түсуі беткі бұзылуларды, яғни топырақты, жер асты, жер үсті суларын ластауды пайда етеді.

3. Радионуклидтердің 1,5+2м тереңде орналастырылған герметизациясы жоқ құбырлардан және тесіктерден ағып миграциялануы салдарынан аэрация аймағының және үстіңгі сулы қабаттың ластануына әкелуі [5, б. 17-18].

Ластанған технологиялық жабдықтар мен топырақтың меншікті белсенділігі қабаттық сулардың меншікті белсенділігінен бірнеше рет асып түседі. Сондықтан қайталама көздер негізгі радиациялық қауіп төндіреді. Бұрғылау қалдықтарын және құрамында мұнай бар қалдықтарды кәдеге жаратуға қабылдау радиациялық қауіпсіздік расталған кезде жүзеге асырылады. Радиациялық деңгейді өлшегенде радионуклидтердің меншікті белсенділігі 370 Бк/кг аспауы тиіс. Қалдықтардан топыраққа тараған ластану өсімдіктермен жер

асты суларына қайта көшеді. Осыған сәйкес, радиобелсенді көздердің белсенділігін төмендету, радиобелсенді қалдықтармен топырақты дезактивациялау бойынша іс-шаралар жасау қажеттілігі туындайды [6,7].


Қазіргі мұнай өндіру технологиясының даму деңгейінің өзі бұл құбылыстардың орын алмауы мүмкін еместігін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, табиғи радионуклидтердің технологиялық құрал-жабдықтардағы жинақталуының артуымен қалдық шөгіндінің қалыптасуы, персоналдың сәулеленуін туғызып, қоршаған ортаның ластануына ықтимал қауіп тудырады. Табиғи және өндірістік сәулелену дозасы жылына 1 мЗв/жыл асқан жағдайда, бұл адамдардың сәулеленудің көтеріңкі дозасына жатады. Ал жұмыскерлердің өндірістік жағдайларда табиғи сәулелену көздерімен сәулеленудің жылдық жеке тиімді дозасы 5 мЗв/жыл аспауы тиіс [8].

Табиғи радионуклидтердің арасында адамның нақты сәулеленуі тұрғысынан уран(^{238}U) және торий(^{232}Th) қатарына кіретін еншілес радионуклидтерімен калий-40 маңызды мәнге ие. Дәл осы радионуклидтер тобы мұнай және газ кен орындарын пайдалану кезінде әсер береді.

Уран қатары радионуклидтерінің арасында радий-226 ерекше орын алады, бұл қатар көбінесе уран-радий қатары деп аталады. Радий уранға қарағанда табиғи сулармен жеңіл сілтіленеді, бұл радиоактивті тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі. Радий-226 ыдырауында радон-222 пайда болады, оның еншілес өнімдері қорғасын - 214 және висмут - 214 туындылары бүкіл уран қатарының гамма-сәулелік энергиясының 98% -н шығарады, ал полоний-214, қорғасын-210 және полоний-210 адамның ішкі сәулеленуінің негізгі үлесін құрайтын альфа сәулеленуін шығарады. Осы себептер бойынша уран-238 қатарындағы радионуклидтердің рұқсат етілген концентрациясын нормалау радий-226 және радон-222 бойынша жүзеге асырылады.

Табиғи торий радионуклидтерінің 232 және 228 саны бар, бірақ әдетте табиғи торий тек торий-232 тұрады деп санайды, себебі торий-228 жаппай саны бар нуклид оның ыдырауының өнімі болып табылады және табиғи қоспада тек $1,37 \times 10^{-8}$ % тең мөлшерде болады. Торий қатарындағы гамма-сәулелену қарқындылығы таллий-208 изотоптары (60%), актиний-228 (25%), қорғасын-212 және висмут-212 (15%) арасында бөлінеді. Осылайша, торий қатарының басқа еншілес өнімдері арасында радиоактивті тепе-теңдік сақталады[9].

Мұнай-газ кешеніндегі минералдық шикізатпен жұмыс істеудің радиациялық және радиоэкологиялық қауіптілігі қатты және тұтқыр шөгінді түрінде белсенділігі жоғары өндірістік қалдықтардың пайда болуымен, шоғырлануымен және шашырауымен, 1- суреттегі уран қатарындағы жоғары уытты радий (226, 228, 224) және торий қатарындағы торий (228), радон (222, 220) изотоптарының жиналуымен қабаттық сулардың және мұнай шламдарының құйылуымен айқындалады.



Сурет 1 - Уран және торий қатары радионуклидтерінің ыдырауы. 1-уран қатары; 2- торий қатары

Табиғи радионуклидтердің арасында адамның нақты сәулеленуі тұрғысынан уран(238U) және торий(232Th) қатарына кіретін еншілес радионуклидтерімен калий-40 маңызды мәнге ие. Дәл осы радионуклидтер тобы мұнай және газ кен орындарын пайдалану кезінде әсер береді.

Зерттеулер көрсеткендей, мұнай мен газдың радионуклидтермен ластануы екі жолмен жүреді.

Бірінші жол мұнай қорларымен уранға бай сазды тақтатастар жиі бірге жүреді. Тақта таста уран концентрациясы 1000 г/т және одан жоғары болуы мүмкін. Төменде жатқан кеуекті құмтастар құрамында тұзды ертінді болады, онда біртіндеп ^{226}Ra және оның еншілес өнімдері ериді. Содан кейін бұл өнімдер жоғары орналасқан мұнай және газ кен орындарына түседі және оларды радионуклидтермен ластайды.

Екінші жол мұнай қабаттарына ^{222}Rn ену диффузиясымен байланысты. ^{222}Rn ыдырау өнімдерінің секундтармен және минутпен өлшеніп, ол ^{210}Pb (22,3 ж.) одан кейін ^{210}Po (138 тәулік.) дейін ыдырайды. Қабаттық сулары бар

көмірсутектерді өндіру кезінде жер бетіне құрамында уран және торий қатарының жоғары табиғи радионуклидтері (ТРН) бар компоненттер алынады. Радий сияқты, бұл нуклидтер мұнай мен газдың басты ластаушысы болып табылады. Көмірсутегі кен орындарын игеру мұнай өнімдерінің төгілуінің кең таралған құбылыстарымен ғана емес, сонымен қатар табиғи радионуклидтерді қабаттық сулардың жер бетіне шығаруымен қатар жүреді. Мұнай өнімдерінің мұнай-газ кәсіпшілігіндегі апаттар салдарынан жер бетіне төгілуі кезінде олардың одан әрі топырақ тереңдігіне сүзілуі жүреді, бұл топырақта радионуклидтердің жиналуына әкеп соғады. Содан кейін табиғи радионуклидтер өсімдіктерге, одан әрі қарай трофикалық тізбектер бойынша қоныс аударады [10].

Жер бетіне түскен кезде жерасты суларының физикалық-химиялық жай-күйінің күрт өзгеруі радионуклидтердің ерітілген күйден қатты фазаға өтуі үшін алғышарттар жасайды. Бұл ретте технологиялық жабдық пен топырақ ластанады. Технологиялық жабдықтармен, топырақтың қабаттық сулармен бірнеше рет түйісуі жабдықтар мен топырақтың бетінде шөгілген радионуклидтердің, яғни $Ba^{226}RaSO_4$ радиобариттері шөгінділерінің (қалдық) жабдықтың ішкі қуыстарында жинақталуына және тиісінше, олардың меншікті белсенділігінің өсуіне әкеледі [11. 12].

Радиациялық хал-ахуалға әсер ететін радиобелсенді заттармен зақымдану деңгейі тұтас алғанда мұнай-газ кешені объектілерінде:

- табиғи және жасанды радионуклидтердің зақымдау деңгейімен;
- мұнаймен қабатаралық судың химиялық құрамымен;
- мұнай және газ өндіруде қолданылатын технологияға байланысты (қысым, температура және т. б.);
- сорғы-компрессорлық құбырлар, фонтандық арматуралар, алдын-ала құрастыруға арналған құбырларда жиналған радиоактивті заттар, яғни радиобарит түріндегі кристаллдар мен кальций мен магний тұздарының тұнуымен;
- істен шыққан құбырларда және құралдарда, әсіресе оның ішкі қуыстығында радиоактивті заттардың тұнуымен, және жиналу деңгейімен анықталады.

Келесі жабдықтар радиоактивті ластануға ұшырауы мүмкін:

- сорғы-компрессорлық құбырлар, құбырлар, сорғылар, фонтандық арматура, тұнбалар үшін сыйымдылықтар, мұнаймен газды сақтау және су-мұнай эмульсиясының бөлінуі кезінде;
- құрал-саймандар, барлық кешендерді жабдықтауда және т. б.
- құрал-жабдықтарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көліктер және басқа да құралдар. Сонымен қатар, елеулі ластану деңгейлері бар жұмыс алаңдары, өтпелі көпірлер, ластанған жабдықтарды жөндеу үшін арналған жинау орындары, уақытша сақтау және дезактивациялау жабдықтары мен құбырлар, сондай-ақ жөнделетін ұнғымалардың айналасында топыраққа аққан мұнаймен мұнай өнімдері және қабаттық сулар.

Мұнай-газ кешені объектілерінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шаралары радиоактивті материалдарды және жабдықтарды тасымалдауға дайындау және өзара тасымалдау, сондай-ақ көму және өңдеу немесе радинуклидтері бар заттарды қайта өңдеуге дайындау болып табылады.

Мұнай және мұнай өнімдерінің радиоактивтілігі деңгейіне қарай радиоактивті қалдықтарды оқшаулау, жинау, сақтау және көмуде технологиялық операцияларды іске асыру үшін арнайы техникалық құралдарды пайдалану талап етіледі. Мұндай техникалық құралдарға мыналар жатады:

- жұмыс алаңдары, өтпелі көпірлер, төсемдер, науалар, радиоактивті қондырғылардың қуысын бекіткіштер мен басқа да құрылғыларға арналған саңылаулар;

- сыйымдылықтар, жинағыштар, контейнерлер, резервуарлар, тіректер;

- арнаулы техника және арнайы жабдықталған көлік құралдары (электрлі машиналар, вагондар, тракторлар, бульдозерлер);

- жел мен жауын-шашыннан қорғану үшін қоршаулар мен шатырлар;

- сәулелену деңгейін төмендету үшін экрандар;

- иондық сәулеленуден жеке қорғау құралдары;

- бақылаудың және қорғаудың басқа да қажетті құралдары.

Геологиялық барлау деректері негізінде осы техникалық құралдардың кешендері мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың жобаларында қарастырылып, олардың штаттық жабдықтарына енгізілуі тиіс. Қолданыстағы кәсіпорындар радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу үшін қажетті техникалық құралдармен жабдықтауды жоспарлауы тиіс. Радонуклидтермен ластанған заттарды, материалдар мен жабдықтарды жинау және тасымалдауды радиациялық қауіпсіздік қызметі өкілдерінің (радиациялық қауіпсіздікке жауапты адам) қадағалауымен арнайы дайындалған қызметкерлер жүзеге асырады. Мұнай-газ саласындағы өндірістік қалдықтардағы табиғи радонуклидтердің тиімді үлестік белсенділігі 1,5 кБк/кг аспауы тиіс (ҚР ҰЭМ 27.02.2015 жылғы №155 бұйығы. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтерін бекіту туралы).

Радиометриялық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, жабдықтың бетіндегі гамма-сәулеленудің тиімді доза қуатының мәні максимальды тиімді доза мөлшеріне дейін өзгеріп, 20 мкЗв/сағ жетеді. Алайда, 90% -дан астам жағдайларда жабдықтың бетіндегі мөлшері 2,5 мкЗв/сағ аспайды. Жабдықтың бүкіл бетінде орташа максимальды тиімді доза мәні барлық мұнай дайындау объектілері (МДО) үшін 0,55 мкЗв/сағ құрайды, бұл белгіленген нормадан кемінде 4 есе аз, яғни, радиациялық қауіпсіздіктің нормаларында белгіленген рұқсат етілген гамма-сәулеленуінің орташа жылдық максимальды тиімді дозасы - 2.5 мкЗв/сағат [12,13].

Жобалық игеру кезінде радиациялық қауіптілік жоғарылау, яғни радиациялық ластану көздері болуы мүмкін:

- бұрғылау операцияларында қолданған немесе жөндеу, қарау жұмыстары кезінде пайдаланылатын бұрғылау қондырғылары;

- авариялық жағдайдан қабатаралық сулардың күйылуы ықтималдығы кезінде радиоактивті газдардың бөлінуі;
- мұнай өнімдерін сақтайтын ыдыстар.

Жалпы қандай да бір өндірістік объектілеріндегі өнеркәсіп қауіпсіздігінің мақсаты радиациялық көздерден шығатын ластануларды болдырмау және оны ең төменгі деңгейге жеткізу, шекті рұқсат етілген мөлшерден аспау болып табылады. Радиациялық апат немесе радиациялық ластану анықталған кезде сәулеленуге ұшырауды шектеу, қоршаған ортаға және адамға қолданылатын қорғаныс шаралары жүзеге асырылады[13 -15].

Технологиялық жабдықтарға радиоактивті шөгінділер түсуінен радонның ыдырауы нәтижесінде пайда болған (қорғасын-210, висмут-210 және полоний-210) жартылай ыдырау кезеңі ұзақ уақытқа созылатын радионуклидтер персонал үшін өте қауіпті болып табылады, олар тіпті шағын мөлшерде адамның өкпесіне шаң мен аэрозольдермен түскен жағдайда, өкпе обырын тудыруы ықтимал [16].

Қазақстандағы мұнайлы аймақтарда арнайы радиациялық мониторинг жүргізіледі. Құмкөл кен орнының келісім шарт территориясының санитарлық қорғау аймақтарында гамма-фон әсері соңғы жылдардағы жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша 0,09-0,16 мкЗв/сағ, яғни шекті нормадан аспаған. Тұтас алғанда, иондаушы сәулениң кеңістікті әсер етуі және уақыттық әсер ету масштабымен, әсер ету қарқындылығын қоса алғанда, категория мәні *төмен*(1-8) балды құрады[17].

1.2 Мұнай-газ кен орындарының топырағына радионуклидтердің техногендік әсерін бағалау

Мұнай және табиғи газ кен орындарында топырақты радионуклидтермен ластаушы негізгі көздерге химиялық реагенттер, бұрғылау ертінділері, бұрғылау және мұнай шламдары, шикі мұнай, мұнаймен ластанған топырақ және істен шыққан құрал-жабдықтардағы радиоактивті изотоптардан тұратын тұзды қалдықтар жатады. Бұл зақымдау көздері радиоактивті изотоптардан тұратын тұздар, радионуклидті ілеспе сулармен жауын-шашынның салдарынан топырақ жамылғысының бетіне өтіп, радионуклидтермен ластайды. Ластану деңгейінің қоршаған ортаға әсері Құмкөл кен орны топырағына жүргізілген сынама үлгі арқылы және мұнай кен орындары үшін ұңғымадан алынған бұрғылау ертіндісі немесе бұрғылау кезіндегі шыққан жыныстардан алынған үлгі бойынша радиациялық норма негізінде қарастырылды.

Соңғы уақытқа дейін, қоғам назарынан тыс қалған мұнайды өндіру және қайта өңдеу кезіндегі технологиялық үдерістермен бірге жүретін, радиациялық қауіптілік, бұл мұнай өндіруші аудандардың топырақ пен қабатаралық суында уран, торийдің табиғи радионуклидтерінің жоғарғы концентрациясының шоғырлануымен олардың ыдырау өнімдерінің болуы [18, 19].

Кен орындарындағы радиобелсенділік көзі табиғи радионуклидтердің әрекетінен бастау алып, техногендік әсердің нәтижесінде белсенділік мәнге дейін жетеді.

Біріншіден, мұнай мен газ радиобелсенді элементтердің жинақталатын табиғи сорбенті ретінде табиғи органикалық қосылыстар ретінде қарастырылып, геохимиялық процестер нәтижесінде одан бөлініп шыққан радионуклидтер қабаттық жыныстарда, қабатаралық суларда жинақталады.

Мұнай мен газдың жер беті радионуклидтерімен ластануы екі жолмен жүреді. Біріншісі, көмірсутектер уранға бай сланецпен бірге жүреді. Көмірсутектерде уран концентрациясы 1000 г/т және одан да көп болуы мүмкін. Негізгі кеуекті құмтастардағы тұздар ^{226}Ra және оның еншілес өнімдерін бірте-бірте ерітеді. Содан кейін бұл өнімдер мұнай мен газ кен орындарына түсіп, оларды радионуклидтермен ластайды. Екінші ластау тәсілі, мұнай қабаттарына (^{222}Rn) радон-222 және оның ыдыраумен еншілес өнімдерінің өту диффузиясына байланысты,

Екіншіден, радиобелсенділік қабаттарға техногенді әсер (мұнай мен газ, конденсат, су, газ) тау жыныстарын бұрғылау кезінде жоғарылайды, радиобелсенділіктің шамасын ұңғымадан алынған тау жыныстарымен мұнай шламдарындағы бұрғылау ертіндісімен шламның меншікті радиобелсенділігінен анықтауға болады. Бұрғылау ұңғымаларын пайдалану басталған кезде мұнай мен газ құрғақ болады, бірақ содан кейін оған қабаттық сулар араласып, сұйықтықты эмульсия немесе кей тұстарда бұл аэрозол құрайды. Бұл сулар жоғары минералданған (1 литр суда 10 нан 100 г, тіпті одан да жоғары тұз), сондықтан бұл суларға галогендер (Cl, Br, J) жоғары болуы тән, сондай-ақ бор, барий, стронций, ал бірқатар жағдайларда - екі валентті темір және күкіртсутегі де болады. Бұл қабатаралық суда еріген Cu, Sr және Ba сульфаттары мен карбонаттары болады.

Үшіншіден, табиғи радионуклидтер мұнай суларының төгілу орындарында шөгіп, шоғырланады, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен құбырлар қабырғаларында жиналып, альфа және гамма-сәулелену жүздеген және мыңдаған есе белсенділікте болып, төменгі және орташа мәндегі радиоактивті қалдықтар салыстырмалы мәннен асып түседі. Мұнай мен газды алу кезінде температура мен қысымның өзгеріп отыруы әсерінен құбырлы түтіктердің қабырғаларында радий және оның еншілес өнімдерінен тұзды шөгінділер пайда болуы мүмкін. Мысалы, диаметрі 50 мм және ұзындығы 10-12 м құбырда шамамен 4 кг тұзды шөгінділер жинақталады [19, 20].

Мұнай кен орындарының қабатаралық суларында еріген түрінде радий барлық уақытта өзіне жақын химиялық аналогтары бариймен бірге болады. Егер судағы сульфат иондары жоғарыласа, онда радий мен барийдің шөгуінен радиобарит $\text{Ba}(\text{Ra})\text{SO}_4$ түзіледі. Ұңғымаға радийдың жоғары мөлшері бар су түсе бастаған кезде, құбыр тесіктері арқылы немесе сүзу процесі кезінде ұңғыма қабырғасын айнала ағып, радиобарит ұңғыманың цементтелген сақинасының үстіне түседі. Ұңғыма бойымен сұйықтық көтерілгенде, радиоактивті тұздар электрлік ортадан тепкіш сорғыларға, сорғылы - компрессорлық құбырларға және жер үсті резервуарларына түседі. Ұңғымадағы технологиялық жабдықтағы жинақталған шөгінді өзінің физикалық-химиялық қасиеті жағынан ерекшеленеді. Бірақ 90...95 % шөгінді қалдық радиобариттан -

$Ba(Ra)SO_4$, ал қалған аз мөлшері басқа қосылыстардан тұрады. Мұндай шөгінділердің нақты белсенділігі $1,5 \cdot 10^7$ Бк/кг жетуі мүмкін. Бұл шөгінділер құбырлардың сийымдылығын төмендетіп, құрал-жабдықтардың мерзімінен бұрын тозуына алып келеді. Әрі нақты құбырлардың қабырғаларына жанасып орналасады. Мұнай өндіруші аймақтардағы қоршаған ортаның техногендік ластануы, көбінесе, кен орнынан шыққан мұнаймен оның қабаттық суларындағы ^{226}Ra , ^{232}Th табиғи радионуклидтермен оның ыдырау өнімдерінің жоғарылығымен сипатталады [20]. Жоғары мөлшердегі шөгінділердің аз дозасымен сәулеленудің өзі қызметкерлерге аса қауіп төндіреді.

Көмірсутегі шикізатын өндіру артқан сайын радиациялық мониторинг жүйесіне түсетін жүктеме де артады [20, 21].

Мұнай және газды өндіру, өңдеу және тасымалдау барысында ^{238}U , ^{232}Th , сол сияқты ^{40}K тобынан қоршаған ортаға табиғи радионуклидтер түседі. Радионуклидтер жабдықтардың ішкі бетіне (сорғыш-компрессорлық құбырлардың, сыйымдылықтардың және басқаларының), ұйымның аумағына және жұмысшы үй-жайлардың беттеріне жинақталып, жекеленген жағдайда олардың деңгейі жұмыскерлерді, тұрғындарды жоғарғы деңгейдегі сәуле соққысына ұрындыруы, сол сияқты қоршаған ортаны ластауы мүмкін. Сондықтан радиациялық заттар әсерін тексеру үшін ай сайын бұрғылау ертіндісін, бұрғылау шламдарын (бұрғылау кезіндегі шыққан қатты жыныстар), насостық компрессорлық құбырларын, бұрғылау құрал-жабдықтарын, су құбырын, жұмыс аймағының ауасына дозиметрлік өлшеу жүргізіледі, оның нәтижесінде бұрғылау бригадасы мүшелері қабылдаған сәулені азайтуға арналған санитарлық - гигиеналық іс-шаралар қарастырылады. Ал радиациялық шлам, және сұйық қалдықтарды жинаушы, тасымалдаушы бригаданың әрбір мүшесінің (А категориясы) осы жұмысты атқаруға арналған санитарлық құжаты болады. Бұл топтағы қызметкерлерге арнаулы сауықтыру іс-шаралары қарастырылады. Бұрғылау бригадасы мүшелері үшін бекітілген шекті доза календарлық жылға 50мЗв жоары емес ($1\text{м}^3=0,1\text{бэр}$).

Бұрғылау бригадасы мүшелері үшін алғашқы иондаушы сәуле көздерінің әсері, жер қабатын бұрғылау жыныстарынан шығатын табиғи радионуклидтерден болса, ал екіншісі радионуклидтермен ластанған құбырлар мен контейнерлердің қабырғаларымен олардың шаңынан түсетін техногендік ластану әсерінен болады. Әрбір вахталық жұмысты тапсыру кезінде киімдердің радиациялық ластану деңгейі тексеріліп, нормадан жоғарысы жойылуға жіберіледі. Бұрғылау алаңында тыныс алу органдарын қорғайтын шаң өткізбейтін маска немесе респираторлар пайдалану ұсынылады. Нормадан жоғары ластанған бұрғылау құралдары, құбырлар, бұрғылау құралдарының арнайы агрегаттары сулы ертінділермен (өткір натрий - 10г + трилон - Б - 10г + су - 1 литр) немесе басқа да сілтілі дезактивация өнімдерімен арнайы қамбаларда дезактивацияланады [22].

Шишков И.А., Бахур А.Е. [23] және басқа да [24] авторлардың мәліметтері бойынша, Қазақстанның ең ірі мұнай өндірісі аймақтарында (Атырау, Маңғыстау) экологиялық жағдайдың нашарлауы байқалады. Батыс

Қазақстандағы мұнай өндірісіндегі белсенділігі 128 Кюри болатын радиациялық қалдықтар 2,4 млн. тоннаны құрайды. Күрделі мәселе, ол бұрын пайдалануда болған технологиялық жабдықтар мен құбырлар қабырғаларында жиналған радиациялық шөгінділерді дазаактивациялау мен топырақты залалсыздандыру әдістерін дамытуды талап етеді. Айталық, кейбір мұнайлы аймақтарда ^{226}Ra мен ^{232}Th топырақтың беткі қабатында булану өрісі $n \times 10^4$ Бк/кг. белсенділікті құрайды. Мұнай қалдықтарымен ластанған топыраққа өтетін басты доза түзуші радиобелсенді көздерге радий, торий және радон изотоптары: ^{226}Ra , ^{228}Ra , ^{224}Ra , ^{228}Th , ^{232}Th , ^{222}Rn , ^{220}Rn жатады [23-25].

1.3 Топырақтың радиациялық ластануын бағалау критерийлері

Аумақтың радиациялық ластануын бағалау критерийлерін бекіту ҚР «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтеріне 27-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Радиациялық ластануды бағалаудың критерийлері:

- экологиялық зілзала;
- төтенше экологиялық жағдай;
- салыстырмалы қанағаттанарлық жағдай.

Топырақ үшін алаңдық белсенділіктен үлестік белсенділікке өту үшін мынадай параметрлер қабылданады – тереңдігі 5 см топырақ қабаты, топырақ тығыздығы – 1,3 кг/дм³. Топырақ құрамында бірнеше радионуклидтер болған жағдайда тиімді сәуле алу дозасының орташа жылдық мәндерінде төмендегідей шарттар сақталуы қажет:

1. *Экологиялық зілзала аймағына*, топырақ қабатындағы (тереңдігі 5 см, тығыздығы – 1,3 кг/дм³) тиімді дозаның үлестік белсенділігі жылына 5 мЗв жоғары аумақтар (1) жатады. 1 - 3 формулалары радиациялық ластануды бағалаудың критерийлері бойынша топырақтағы бірнеше радионуклидтердің үлестік белсенділігінің қосындысының үш аймақ бойынша шекті деңгейден аспауға тисті орташа жылдық мәндері.

мұнда, $A_{\text{Cr-137}}$ – топырақтағы цезийдің алаңдық белсенділігі;

$A_{\text{шекCr-137}}$ – алаңдық белсенділіктің шекаралық мәні, және т.с.с.

$$\frac{A_{\text{Cs-137}}}{A_{\text{шекCs-137}}} + \frac{A_{\text{Sr-90}}}{A_{\text{шекSr-90}}} + \frac{A_{\text{Pu-238-(239+240)}}}{A_{\text{шекPu-(239+240)}}} + \frac{A_{\text{Am-241}}}{A_{\text{шекAm-241}}} > 5 \quad (1)$$

2. *Төтенше экологиялық жағдай аймағына*, жылына 1 мЗв-тен 5 мЗв-ке дейінгі аумақтар (1.2.1.2) жатады.

$$1 \leq \frac{A_{\text{Cs-137}}}{A_{\text{шекCs-137}}} + \frac{A_{\text{Sr-90}}}{A_{\text{шекSr-90}}} + \frac{A_{\text{Pu-238(239+240)}}}{A_{\text{шекPu-238(239+240)}}} + \frac{A_{\text{Am-241}}}{A_{\text{шекAm-241}}} \leq 5 \quad (2)$$

3. *Салыстырмалы қанағаттанарлық жағдай аймағына*, топырақ қабатындағы (тереңдігі 5 см, тығыздығы – 1,3 кг/дм³) тиімді дозаның үлестік белсенділігі жылына 1 мЗв-тен аспайтын аумақтар (3) жатады.

$$\frac{A_{Cs-137}}{A_{\text{шек}Cs-137}} + \frac{A_{Sr-90}}{A_{\text{шек}Sr-90}} + \frac{A_{Pu-238-(239+240)}}{A_{\text{шек}Pu-(239+240)}} + \frac{A_{Am-241}}{A_{\text{шек}Am-241}} < 1 \quad (3)$$

Мәселен, техногендік радионуклидтерден адамның тиімді сәулелену дозасының орташа жылдық мәні 1 мЗв-тен аспайтын аумақтар экологиялық жай-күйі қанағаттанарлық деп, тиімді сәулелену дозасының орташа жылдық мәні 1 мЗв - 5 мЗв аралығындағы аумақтар төтенше экологиялық, 5 мЗв-тен асатын аумақтар экологиялық зілзала аумақтарына жатады [26, 27].

1.4 Радионуклидтердің топырақ компоненттерімен өзара әрекеттесу сипатымен ауылшаруашылық тізбегіндегі миграциясы

Топырақ негізінен физикалық (текстура, құрылымы, кеуектілігі, су, ауажәне жылу режимі), химиялық (химиялық және минералогиялық құрамы, рН, микроэлементтер, макроэлементтер, тұздылығы, катион алмасу сыйымдылығы, органикалық заттар, т.б.) және биологиялық (макрофлора, макрофауна микрофлоралар және микрофауна) қасиеттерімен сипатталады. Топырақтың барлық бес негізгі компоненті, яғни минералдар, су, органикалық заттар, газдар мен микроорганизмдер ластаушының түріне байланысты ластаушы заттарды байланыстыруға және ұстап тұруға үлкен немесе аз дәрежеде әсер етеді. Радионуклид пен топырақтың өзара әрекеттесуіне топырақ бөлшектерінің бетіндегі өтелмеген зарядтармен реттелетін физикалық (қайтымды) сорбция және жоғары жақындық, нақты өзара әрекеттесулер және коваленттік байланыстар арқылы химиялық (негізінен қайтымсыз) сорбция жатады. Топырақтағы алғашқы минералдар, негізінен орамдар мен далалық шпаттар аналық тау жыныстарынан құралады және топырақтың көп бөлігі құм және су түбінде пайда болатын минералық және органикалық бөлшекті тұнбалардан тұрады. Топырақтағы екінші ретті минералдар, саздар, олар, үгілудің физикалық, химиялық және биологиялық процестері нәтижесінде пайда болады [28, б. 258].

Топырақтың динамикалық табиғаты, гетерогенділігі және жалпы күрделілігіне байланысты радионуклидтердің әрекетін зерттеу, түсіну және болжау басты проблемалар болып табылады.


Топырақ жамылғысының бұзылу мен жойылу формаларын топырақтың бұзылу және топырақты қалпына келтірудің қиыншылық деңгейінің өсуі бойынша жіктегенде, оның сапасын құрамында токсинді және канцерогенді қосылыстардың (сынап, қорғасын, кадмий, биоцидтердің қалдықтары, радиоактивті стронций және иод, бензпирен) мол жиналуымен байланыстыруға болады. Топырақта радионуклидтер миграциялану типтері:

- көлденең бағытта,
- вертикальды бағытта жүреді.

Жоғары токсинді элементтердің бір бөлігі өсімдіктер үшін қол жетімсіз қосылыстарға айналуы мүмкін, өзге элементтер, биотаға потенциалды қауіп төндіре отырып, топырақ жамылғысында қозғала алуы мүмкін. [29, 30].

Радионуклидтер өсімдік тамырына сіңірілген соң, биологиялық тізбек бойымен топырақ типіне, элементтің физика-химиялық табиғатына қарай миграцияланады. Тамырда радионуклидтердің сіңірілу мөлшерімен жылдамдығы радиоактивті заттардың ерігіштігімен, топырақтың физика-химиялық қасиетімен, өсімдіктің физиологиялық ерекшеліктерімен анықталады. Әр түрлі элементтердің радионуклидтерінің топырақта тамырға сіңірілуі бірдей емес, өсімдік түріне, топырақ типіне байланысты топырақтан өсімдікке сіңірілуі әр түрлі өтеді. Тамырмен түскенде радионуклидтер өзекке жинақталады.

Ластаушы заттардың топырақ матрицасымен әрекеттесуі олармен радионуклидтердің тасымалдануы және олардың қоршаған орта параметрлеріне байланысты өзгеруі, тірі организмдер тағдыры үшін және қоршаған орта үшін қауіпті. Топыраққа радионуклидтердің сіңуі әртүрлі әсерлесу әдісімен жүруі мүмкін (2 - сурет), ал басқа механизмдер оларды топырақ матрицасынан алып тастауға жауап береді.



Сурет 2 - Радионуклидтердің топырақпен байланысуы және одан шығу механизмдері

Радионуклидтердің жинақталуы топырақ типіне байланысты: қара және сұр топырақта нашар сіңіріледі, құмдауытты жеңіл топырақтарда жақсы, ал қызыл және шалғынды карбонатты топырақтарда орташа сіңіріледі. Тамырсыз жолмен топыраққа түскен радионуклидтердің жинақталуында цезий(^{137}Cs) басқаларына қарағанда жылжымалы болып келсе, ал стронций(^{90}Sr) және басқа да радионуклидтердің жылжымалылығы ондаған есе баяу болады. Тамырмен сіңірілген ^{90}Sr жылжымалылығы жоғары болады. Цезийді (^{137}Cs) топырақ жақсы сіңіретін болғандықтан, өсімдікке оның аз мөлшері өтеді. Шалғынды жерде радионуклидтердің топырақ бойымен миграциясы баяуланады. Шөптесін өсімдік топырақтарында стронций мен цезийдің жинақталуы айтарлықтай

жоғары болады. Радионуклидтердің өсімдіктерде жинақталу қабілетіне қарай мына қатар пайда болады: $^{65}\text{Zn} > ^{90}\text{Sr}$, ^{137}Cs , $^{59}\text{Fe} > ^{144}\text{Ce}$, ^{106}Ru , $^{95}\text{Zn} > ^{239}\text{Pu}$, ^{147}Pm , ^{91}Y , ^{235}U [30, б.103].

Атмосферадағы топырақ пен өсімдікке қонған радиоактивті заттар, айналымға екінші реттік механикалық зақымдану әсері кезінде жел, жаңбыр, жайылымдағы малдардың, ауылшаруашылық машиналарының егін жинауы кезіндегі шаңдары арқылы да түседі. Қосымша ^{90}Sr , ^{106}Ru и ^{144}Ce табиғи шөптерді ору кезінде 50 % түссе, ^{90}Sr тамыр жүйесі арқылы түседі.

Цезийдің жинақталу қабілеті егістік және жайылымдық жерлерде жоғары болады, бірақ бұл өсімдіктерде сіңірілу деңгейіне байланысты бір жерде тұрып қалмай, миграциялану есебінен зияндылығы төмендейді. Топырақты жыртқанда радионуклидтер концентрациясы төмендеп, өсімдіктердің аз сіңіруіне қолайлы жағдай туады. Бұл да зақымдануды азайтудың бір шарасы болып табылады [30].

Көптеген жасанды радионуклидтер өздерінің құрамды бөліктерімен топырақта жақсы сіңіріледі және аздаған мөлшерде ғана айналымға түседі. Оған кірмейтін ^{65}Zn , ^{89}Sr , ^{90}Sr «топырақ - өсімдік» жүйесінде жоғары қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Көптеген топырақ типтерінде ^{137}Cs мөлшері топырақтан өсімдікке өткенде ^{90}Sr қарағанда азаяды. Механикалық құрамы бойынша жеңіл құмды топырақтарда өсімдіктерге ^{137}Cs жинақталу мөлшері ^{90}Sr қарағанда 40-50 есеге дейін жоғары болады. Сондай-ақ өсімдік тамырдарына су ертіндісімен сіңірілген радионуклидтер мөлшері топырақ арқылы өтетінге қарағанда жоғары болады. Ол ^{90}Sr үшін 20 есе, ал ^{137}Cs мен ^{144}Ce үшін жүздеген тіпті мыңдаған есе төмен болады. Радионуклидтердің топыраққа сіңірілген кешендері бірден жойылмайды. Уақыт өте келе олардың топырақтан өсімдікке сіңірілуі баяулайды. Алғашқы жылы ^{90}Sr түсуі келесі жылдардан 20-30% жоғары болады, бірақ ^{137}Cs қарағанда тез жойылу мүмкіндігі төмендеу. Топыраққа түскеннен кейін ^{137}Cs өсімдікке сіңірілуі екінші жылы - үш есеге, үшінші жылы – бес есеге, сегізінші жылы – он есеге дейін жетіп, зияндылық әсері төмендеп, тезірек топырақтан жойылу мүмкіндігі артады. Әсіресе бұл сазды минералдарға (иллит, вермикулит) бай топырақтарда тиімділігі жоғары болады.

Радионуклидтердің топырақтан өсімдікке өтуі өсімдік тамырының түрі мен құрылымымен (тамыр жүйесі мен метаболизм сипаты) анықталады.

Өсімдік топырақтан алған қоректік затын бойына сіңіріп, одан ары қоректік тізбек пайда етеді. Табиғатта қоректік тізбектер өзара байланыста, мұндай қоректік заттардың өзара трофикалық деңгейі - қоректік тізбек құрайды. Жануарлар мен өсімдіктер өсіп өнуге қажетті органикалық емес заттарды топырақтан алғанда, олармен бірге биологиялық жолмен радионуклидтер түседі. Осылайша биосферада табиғи және жасанды радионуклидтер айналымда биологиялық тізбекте болады. Организмнен сыртқы ортаға шығып, ал одан соң сыртқы ортадан организмге қайта оралады.

Ауылшаруашылық жануарларына радионуклидтер жайылымдардағы шөптерден, ас қорыту жолдары арқылы түседі. Асқазан-ішек жолдарында

сіңірілу жылдамдығы мына қатарда болады: $^{131}\text{I} > ^{137}\text{Cs} > ^{45}\text{Ca} > ^{89}\text{Cr}, ^{90}\text{Cr} > ^{65}\text{Zn} > ^{60}\text{Co} > ^{59}\text{Fe} > ^{54}\text{Mn} > ^{140}\text{Ba} > ^{106}\text{Ru} > ^{95}\text{Zr} > ^{144}\text{Ce} > ^{90}\text{Y} > ^{239}\text{Pu}$.

Радионуклидтер ішектің әр бөлігінде сіңіріледі. Жоғарғы ас қорыту бөлігінде ^3H , ^{18}F , ^{22}Na , ^{99}Mo , ^{131}I , ^{45}Ca , ^{59}Fe , ^{89}Cr , ^{90}Cr , ^{137}Cs , ал ішектің орта бөлігінде ^{140}Ba көп сіңірілсе, ^{32}P , ^{45}Ca , $^{89,90}\text{Cr}$ ішектің қарынмен байланысқан жерлерінде сіңіріледі. Радионуклидтердің басым бөлігі он екі елі ішекте және тоқ ішекте сіңіріледі. Жалпы радионуклидтердің алғашқы басым бөлігі осы асқазан-ішек жолдары арқылы шығарылады. Қанға сіңірілген радионуклидтер зат алмасу процесіне қатысады. Радионуклидтердің ағзада сіңірілуі салмағына және жас ерекшелігіне де байланысты. Салмағы неғұрлым көп болса, радионуклидтер соғұрлым баяу сіңіріледі. Ағза неғұрлым жас болса, зат алмасу жоғары болғандықтан, тез сіңіріліп, сыртқа тез шығарылады [30, б.114 -115].

Ауылшаруашылық егісіндегі өсімдіктерге радионуклидтер жинақталуы оның топырақтағы концентрациясы және биологиялық қол жетімдігіне байланысты коэффициенті әр дақылда әр түрлі болады. Табиғи жемшөп дақылдарында ^{90}Sr , тең $3,7 \cdot 10^7 \text{Бк/км}^2$ (мКи/км^2), яғни 1кг табиғи жемшөптің құрғақ массасы - 4,8 стронций бірлігіне тең, ал астық тұқымдас шөптерде 1,5, қызылшада – 1,7, картоп өскіндерінде – 1,56, 1 кг бидай дәнінде - 0,8, стронций бірлігіне тең [31].

Адам ағзасына радионуклидтердің ауылшаруашылық өсімдіктерімен жануарлары арқылы түсуіндегі негігі ролді ^{90}Sr мен ^{137}Cs атқарады, себебі бұл изотоптар салыстырмалы үлкен энергияға ие бола отырып, жартылай ыдырауға және биологиялық айналымдағы заттарды миграциялауға қабілетті (*топырақ – өсімдік – жануар - адам*). Бұл изотоптар адам мен жануарлар ағзасында ұзақ тұрақтауға қабілетті. Ағзаға азықпен ^{90}Sr түскенде, онымен оның тұрақты изотобы емес кальций, ал ^{137}Cs үшін — калий бірге жүреді. Жануарлар ағзасы үшін калий мен кальций макроэлемент болып табылады. Зерттеулер бойынша, ^{90}Sr мен ^{137}Cs жылжымалығы белгілі, ол ^{90}Sr - кальциймен, екіншісі ^{137}Cs - калиймен ұқсас келеді. Өсімдіктер құрамында кальций көп болса, сол құрылым стронций – 90 көп болады да, ал егер құрамында калий элементі көп болса өсімдік құрамына цезий – 137 көп жиналады [32].

Радионуклидтердің үздіксіз түсуінің негізгі жоғарғы үлесі жануарлар өнімдеріне қарағанда, өсімдік өнімдерінде байқалады. ^{90}Sr мен ^{137}Cs азықтық өнімдердегі концентрациясы жоғары болып, жемшөптен сүт өнімдеріне өткенде 100 ден 30 есеге, етте — 50 ден 10 есеге дейін төмендейді. Өте жоғары қозғалғыш «ауа — өсімдік — жануар — жануар өнімдері» тізбегіне ие, ^{90}Sr , ^{131}I және ^{137}Cs болса, ал аз қозғалғыш тізбекке ^{106}Ru , ^{144}Ce және U изотоптары жатады.

Қанға сіңірілген радионуклидтердің маңызды сипаты былайша анықталады:

- ағза үшін биогенді элементтер органдар мен ағзаның тұрақты құрамына кіреді. Мысалы кальций сүйек құрамына кіріп, арнайы сүйекке беріктілік қасиет береді.

- радионуклидтердің физико-химиялық қосылыстары – периодтық жүйелер орнына, валенттілігіне, ертінді қосылыстарына, коллоидтардың пайда болу қасиетіне және басқа да факторларға байланысты. Радионуклидтер ағзада тұрақты, өздері химиялық қосылыстарға кіріп, зат алмасу үдерісіне қатысады. Бірінші топтағылар ағзада біркелкі таралса, кальций мен стронций сүйек құрамына кіріп, йод қалқанша безге тұрақтайды [32, 33].

Мұнай және мұнай өнімдері құрамында табиғи радионуклидтер бар. Мұнай өнімдерінің жер бетіне түсуі кезінде мұнай-газ кәсіпшілігіндегі авариялар нәтижесінде оларды одан әрі топырақ тереңдігіне сүзу жүргізіледі, бұл топырақта радионуклидтердің жиналуына әкеп соғады. Содан кейін табиғи радионуклидтер өсімдіктерге әрі қарай трофикалық тізбектер бойынша қоныс аударады. Содан кейін табиғи радионуклидтер өсімдіктерге көшеді.

Қорыта келе, тізбектер бойынша радионуклидтер миграциясын екі деңгейде қарастырдық.

- *«ауа — өсімдік — жануар — жануар өнімдері;*

- *«топырақ – өсімдік – жануар – адам».*

Бұл миграция деңгейлеріндегі тізбектер, радиациялық апат жағдайында ғана емес, қазіргі техногендік шығарындылар әсерінен туындайтын факторларда да көрініс табады. Тұтастай алғанда, ластаушы мен топырақ компоненттерінің арасындағы неғұрлым әлсіз байланыстар радионуклидтің неғұрлым жоғары қозғалуын, оның өсімдіктер мен топырақ организмдеріне қол жеткізу және тамақ тізбегіне кіру мүмкіндігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде, қалдықтардың су, өсімдіктер мен топырақ жүйесіне енуін болдырмау үшін арнайы сақтау мен орналастыру қарастырылған. Радиобелсенділігі орташа қалдықтарды сақтау үшін саздан, цеолиттен және радионуклидті сорбциондайтын басқа материалдардан жасалған техникалық кедергілерді қосымша орната отырып, бұрын қазып өтілген тау-кен қазбалары пайдаланылуы мүмкін. Су өткізбейтін жыныстардан немесе басқа материалдардан жасалған табиғи немесе жасанды төсеніш болған кезде рельефтегі табиғи ойпауыттар активтілігі төмен қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұзақ мерзімге орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Радионуклидтермен ластанған аудандарда жердің кадастрлық құнын нақтылаумен байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің радиоактивтік ластану деңгейін рұқсат етілген деңгейге дейін төмендету үшін тиімді іс-шараларды анықтаумен қамтамасыз етіледі [28-33].

Бірінші бөлім бойынша қорытынды шолу

1. Қызылорда және Қарағанды облыстарының мұнай өндіру саласының негізі Құмкөл кен орындарының тобы болып табылады – маңыздылығы жағынан Қазақстанның бесінші мұнай-газ провинциясы. Қызылорда облысы экономикасының 70% астам үлесін тау-кен өнеркәсібі, оның басым бөлігін мұнай өндіру құрайды. Мұнай кен орнын игеру кезінде қоршаған ортаға табиғи радионуклидтердің бөлініп шығатындығынан және мұнайдың апаттық төгілулері болатындығын есептесек, мұнай кен орындарының қоршаған ортасының радиациялық қауіпсіздігін зерттеу тірі табиғат пен адам өмірі үшін тиімді шешім болып табылады.

2. Нормативті құжаттар мен санитарлық ережелерге сүйене отырып, мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың радиобелсенділігі жоғарылауын болдырмау, техногендік әсерді төмендету, заманауи техника-технологиялық шешімдерді жасау мен енгізуді қажет етеді.

3. Радионуклидтер топырақ компоненттерімен өзара әрекеттесіп, тамақтық тізбек бойынша миграцияланады, бұл адам өмірі үшін қауіпті ішкі сәулеленуді туғызады.

4. Радионуклидтер, ол ядролық емес өндірістерде де, мұнайды өндіру кезінде уран, торий табиғи радионуклидтер қатарының радиобелсенділігімен және апаттық ластанулардың техногендік салдарынан, технологиялық құрал-жабдықтарда айтарлықтай шоғырлануымен сипатталады. Қоршаған ортаның радиациялық фоны табиғи радиациялық фонмен өнеркәсіптік кәсіпорындар түзетін фоннан құралады. Халықаралық радиациядан қорғау комитеті (ХРҚК) және Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) деректеріне сәйкес, рұқсат етілетін эквивалентті доза қуатының деңгейі 0,1–0,6 мкЗв/сағ болса, одан жоғары 0,6–1,2 мкЗв/сағ адам үшін қауіпті доза қуаты болып саналады.

Жағымсыз радиациялық жағдайдың алдын алу, адамдар үшін аурудың көбею қаупін болдырмау үшін, радиобелсенді заттар шығаратын өндірістерде ластағыштардың мөлшерін арнайы дозиметрлік бақылаумен радиациялық ахуалды бағалап отыру қажет.

2 ҚҰМКӨЛ КЕН ОРНЫ ТОПЫРАҒЫН ЖӘНЕ МҰНАЙ ШЛАМДАРЫНДАҒЫ МҰНАЙ КӨМІРСУТЕКТЕРІ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ РАДИОБЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

2.1 Құмкөл кен орнының мұнай өнімдерімен ластануы және радиобелсенділігі

Қызылорда облысында радионуклидтердің негізгі көздері - уран мен мұнай кен орындарымен оны өндіру болып табылады.

Құмкөл мұнай кен орны Қазақстанның жер қорын табиғи және ауылшаруашылық аудандастыруға сәйкес, Арал-Балқаш шөл аймағында орналасқан. Мұнай құрамы бор және юра мұнайларының құрамына сәйкес келеді. Суының құрамында бром, литий және стронций кездеседі.

Аймақтық топырақ типінде шөлдің сұр-құба топырақ басымырақ. Ал жазықтың көп жерін сұр-құба топырақтың тұзды аналогтары мен сортаң және сор топырақтар алып жатыр. Барлық топырақ гумус горизонтының салыстырмалы түрде қалыңдығы төмендігімен, қоректік заттардың аз мөлшері және төмен сіңіру қабілетімен сипатталады [34-36].

Құмкөл кен орны келісімшарт территориясындағы технологиялық үдерістер нәтижесінде топырақ мұнай қалдықтарымен ластанады. Мұнаймен ластанудың ауданы ұңғымадан 150 м қашықтықта байқалады, Мұнай өнімдерімен ластанудың фондық көрсеткіші 100-300 мг/кг, ал жалпы топырақтағы мұнай көрсеткіші 0,01-0,03% аралығында. Құмкөл кен орны келісімшарт территориясындағы мұнай бұрғылау қондырғысы маңы топырағының мұнай өнімдерімен ластануы айтарлықтай қауіп туғызады. Кен орнында топырақ мониторингі ластаушы заттарды анықтау мақсатында үш тоқсан бойынша жүргізіледі. Қыс айында жердің қатуына байланысты сынама алынбайды. Дегенмен топырақтағы ластаушы өнімдер горизонтальды және вертикальды бағытта жылжып мөлшері өзгеріп отырады. Белгілі бір мөлшері ауаға буланады.


Топырақ бетіне ластанған құрал-жабдықтардан шаң-тозаң, мұнай майлары, отын бөлшектері және т.б. түрінде түседі. Ластанудың техногендік әсері жоғары болса, құбырлар мен контейнерлердің қабырғаларын арнайы жұмысты атқаруға арналған бригада мүшелері жеке қорғаныс киімдерін пайдаланып, тазартып отырады. Нормадан жоғары ластанған жабдықтар дезактивацияланады. Қажет болған жағдайда дозиметрлік бақылау жүргізіледі.

Ғимараттың беті онда тұрақты жұмыс істейтін қызметкерлер және олардағы жабдықтардың үстіңгі бетінің шақтамалы радиоактивтік ластану деңгейлері бойынша, жиілігі/(см⁻² × мин):

- альфа белсенді нуклидтер үшін, 5 жиілігі/(см⁻² × мин);
- бета-белсенді нуклидтер үшін, 2000 жиілігі/(см⁻² × мин).

Қазақстанда қазіргі кезде топырақтағы көмірсутектердің шоғырлануының ластану деңгейіне қойылатын ШРК бекітілмеуіне қарамастан, ол бұрынғыша 1000 мг/кг-нан аспауы тиіс. Осыған сәйкес, Құмкөл кен орнындағы топырақтағы көмірсутектердің (мг/кг) мөлшеріне мониторинг жүргізілді. Бірінші

кезекте, топырақты ластаушы радионуклидтер көзіне мұнай құрамындағы көмірсутектер жатады. Мұнайдың құрамының көрсеткішіне қарай, топырақтың қаншалықты мазутталғаны анықталады. 3-суретте көрсетілгендей, Құмкөл кен орны бойынша соңғы жылдардағы (көктемгі) топырақтағы көмірсутектердің мөлшері топырақтың құрғақ массасында 350-850 мг/кг дейін аралығында өзгеріп отырған. Бұл ластанудың бірінші деңгейі 300-1000 мг/кг - ластанудың төмен деңгейіне жатады. Соңғы 2016-2018 жылдардағы топырақты мұнай өнімдерінен тазалаудың жан-жақты іс-шаралары нәтижесінде көмірсутектердің мөлшері төмендеген [37].



Сурет 3 - Құмкөл кен орны бойынша станциялардағы (көктемгі) топырақтағы көмірсутектердің (мг/кг) мөлшері

Топырақтың радиоактивтілігі оларда радионуклидтердің болуына байланысты. Топырақтың табиғи радиоактивтілігі топырақта және топырақ түзетін жыныстарда үнемі болатын табиғи радиоактивті изотоптардан туындайды. Табиғи радионуклидтер 3 топқа бөлінеді.

Бірінші топ радиоактивті элементтеріне барлық радиоактивті уран мен торий табиғи изотоптары: уран (^{238}U , ^{235}U), торий (^{232}Th), радий (^{226}Ra) және радон (^{222}Rn , ^{220}Rn) жатады.

Екінші топқа радиоактивті қасиеттері бар "кәдімгі" элементтердің изотоптары кіреді: калий (^{40}K), рубидий (^{87}Rb), кальций (^{48}Ca), цирконий (^{96}Zr) және т.б.

Үшінші топты ғарыш сәулелерінің әсерінен атмосферада пайда болатын тритий (^3H), бериллий (^7Be , ^{10}Be) және көміртегі (^{14}C) радиоактивті изотоптары құрайды [38, б.245].

Радионуклидтер топырақ бетіне ластанған құрал-жабдықтардан шаң-тозаң, мұнай майлары, отын бөлшектері және т.б. түрінде түседі. Ластанудың техногендік әсері жоғары болса, құбырлар мен контейнерлердің қабырғаларын

арнайы жұмысты атқаруға арналған бригада мүшелері жеке қорғаныс киімдерін пайдаланып, тазартып отырады. Нормадан жоғары ластанған жабдықтар дезактивацияланады. Қажет болған жағдайда дозиметрлік бақылау жүргізіледі. Радиоактивті заттардың қоршаған ортаға шығарындылары салдарынан ластанған топырақтағы сыртқы сәулелену халықты сәулелендірудің неғұрлым маңызды мүмкін жолдарының бірі болып табылады [39, б.43].

Топырақ қабатына кері әсер ететін бұрғылау қалдықтары. Топырақ қабатына кері әсер ететін бұрғылау қалдықтарына – мұнай мен оның өнімдері, қиын тотығатын органиктер, ауыр металдар, минералдық тұздар, әсіресе улы тұзды компоненттер: натрий, калий, хром иондары, гидрокарбонаттар, хлоридтер мен сульфаттар жатады. Бұл аймақтағы топырақтың тұздану ерекшелігі сол территорияда сода тұздары құрамы (NaHCO_3) болуымен сипатталады. Көбіне, содалы-тұзды топырақ кеуіп қалған көлдердің түбінде, ежелгі теңіз шөгінділерінде қалыптасады. Гидролитикалық сілтілі тұздарға жататын сода сортаң топырақ пен сортаңданудың пайда болуына ықпал етеді. Топырақтағы сода жасалу топырақта натрий бикарбонатымен карбонаты болуымен сипатталады және топырақ құраушы жыныстардың тұздануымен де байланысты. Топырақтың табиғи тұздану ерекшелігімен бірге оның жай-күйіне әсер ететін негізгі техногендік факторлар әсерінен радионуклидтердің тұнуы мен шөгуі байқалады. Әсіресе істен шыққан құрал-жабдықтардағы қақтар дені радиоактивті изотоптардан тұратын тұздардан құралады. Ол тұздардың топыраққа түсуі техногендік әсерді арттырады [40, б.129].

Топырақтағы әр түрлі гранулометриялық құрамы бойынша ^{226}Ra орташа мөлшері 19-25 Бк/кг аралығында. Бірақ ол біртіндеп топырақ қатары бойынша өсіп отырады: құмды және құмдауытты < жеңіл саздақты < орташа саздақты < ауыр саздақты. Сазды топырақтағы ^{226}Ra орташа мөлшері ауыр саздақты топыраққа қарағанда бірнеше есе төмен болады. Топырақтағы әр түрлі гранулометриялық құрамы бойынша ^{232}Th орташа мөлшері 22-32 Бк/кг аралығында, ал оның мөлшері құмды және құмдауытты топырақтан сазды топыраққа қарай өсіп отырады. Табиғи изотоп ^{40}K биота радиобелсенділігіне жер қыртысы мен мұхит суына үлкен үлес қосады, ^{40}K ядросы ыдырауынан энергия бөлініп, жердің жылу балансында маңызды роль атқарады.

Құмкөл кен орнының келісімшарт аймақтарындағы 2016-2017 жылдардағы станциялардағы топырақ үлгілерінен алынған (ЦНИЛ ОАО «Волковгеология» гамма-спектрометриялық қондырғысы) гамма-спектрометриялық талдау нәтижесі 1 - кестеде радионуклидтердің кейбір станцияларда салыстырмалы алғанда көтеріңкі екендігін көрсетті. Әсіресе төртінші және сегізінші станцияларда радионуклидтердің деңгейі көтеріңкі болуы, ол жыныстардың жер бетіне жақын орналасуымен техногендік радионуклидтер әсерінен деп болжауға болады.

Дегенмен, станциялардағы радиоактивті фон және топырақтағы тиімді меншікті белсенділік мәні «Радиациялық нормалардан» аспайды (РҚН – СЕ 2.6.1.758-99) (1 класс - 370 Бк/кг немесе 20 мкР/сағ), бұл жұмысшы персонал үшін қауіпті емес [40, б.130].

Кесте 1 - Құмкөл кен орнының топырақ үлгілерін гамма-спектрометриялық талдау

№ үлгі сынамасы	²²⁸ Th Бк/кг	²²⁶ Ra Бк/кг	²²⁸ Ra Бк/кг	¹³⁷ Cs Бк/кг	⁴⁰ K Бк/кг
ст.№1	15,2	15,9	16,5	9,0	575,0
ст.№2	17,5	19,7	18,5	8,5	352,0
ст.№3	19,5	17,5	20,8	4,7	401,0
ст.№ 4	37,4	35,3	36,4	5,5	675,0
ст.№ 5	18,1	20,0	20,0	9,7	341,0
ст.№ 6	9,58	9,0	10,8	<3,26	168,0
ст.№ 7	33,2	33,0	33,9	14,5	558,0
ст.№ 8	15,2	16,9	19,1	20,1	344,0
ст. №9	16,3	19,3	20,0	7,8	252,0
ст. №10	17,1	14,5	12,5	17,3	323,0

Топырақтың жай-күйіне әсер ететін негізгі факторлардың жалпы бағалануы топырақ жамылғысының бұзылуын және жергілікті аудандардың тозуын анықтайды. Зерттеу нәтижелеріне негізделген мұнай кен орындары технологиялық факторлардан туындаған дағдарыстық экологиялық жағдай аймақтарына жатады. Бұл топырақтардың мазутталуы мен ластануын, газ және мұнайдың булануын, радиоактивті ластануды, шаңдануды және тағы басқаларды қамтиды. Көптеген авторлардың еңбектерінде көрсетілгендей, зерттелген барлық учаскелерде радиациялық ластану аймақтары мен жалпы топырақтың ластануының қатынасы орташа есеппен 1:3 құрайды [40, б.130].

Кен орнындағы радиобелсенділік көрсеткішін анықтау мұнай кен орындары үшін ұңғымадан алынған бұрғылау ертіндісі немесе бұрғылау кезіндегі шыққан жыныстардан алынған үлгі бойынша радиациялық норма негізінде қарастырылады.

1. Шлам (бұрғылау кезіндегі шыққан қатты жыныстар) үшін меншікті радиобелсенділігі:

- бета белсенді заттар - 2×10^{-6} ки/кг;
- гамма белсенділікті заттар үшін - 1×10^{-7} г/экв. радий/кг;
- альфа белсенділікті заттар үшін - 2×10^{-6} .

2. Бұрғылау ертіндісі, мұнай, конденсат(сұйық заттар) үшін 1×10^{-5} Ки/л мәндерден жоғары болған жағдайда ұңғыма құрылысымен ары қарай бұрғылауды тереңдету үшін, арнайы мемлекеттік санитарлық қадағалау мамандарының рұқсаты (ҚР ДСМ 26.06.2019 жылғы № ҚР ДСМ-97 бұйрығы. (ҚР ДСМ 26.06.2019 жылғы № ҚР ДСМ-97 бұйрығы негізінде) қажет болады. Кен орындары орналасқан жердің топырағында мұнай қалдықтары мен зиянды радиоактивті заттар және сәулелер санитарлық қалыптан аспайды. Ал бүгінгі Қазақстанның мұнайлы аудандарындағы топырақтың радиациялық қауіпсіздік мәселесінде топырақты және бұрын пайдалануда болған технологиялық құбырларды тазарту мен дезактивациялық әдістерін жетілдіру проблемасы өзекті болып табылады [40, б.131].

Радиациялық зақымдалудан қорғанудың тиімді әдісі, ол радионуклидтерді ерімейтін органикалық қосылыстар кешенімен (хелат) бекіту болып табылады.

Топырақтың рН жоғары болғанда калий мен кальций айналымы стронций, калий сияқты радионуклидтерді сорбциялайды. Сазды минералдар көптеген радионуклидтерді(стронций, цезий) жақсы бекітеді [41, б.303].

Соңғы онжылдықта топырақты дезактивациялаудың электрохимиялық, экстрагенді технологиялық әдістерімен бірге, биомедиациялық [42] және сорбенттермен тазалау әдістері және гидросепарация әдістері де жиі қолданылып жүр. Бұл әдістерді қолданудағы проблемалар әлі де зерттелуде. Сонымен бірге радионуклидтер көзі болатын топырақты ластаушы мұнай өнімдерін тазарту жолы тікелей радионуклидтерді тазартудан гөрі басқаша. Соңғы жылдары мұнай өнімдерін табиғи сорбенттермен тазалаудың экономикалық және экологиялық тиімділігі туралы мәселе көтеріліп жүр. Авторлар Цомбуева Б.В., Горяшкиева З.В., Щербакова Л.Ф. [43] және басқа да авторлардың мәліметтері бойынша жергілікті табиғи сорбенттермен (мал жүні, ағаш қалдығы, шымтезек және олардың қосылыстары кешені) күріш қауызымен [44] тазалаудың тиімділігін ұсынады. Жыл сайын жүргізілген радиациялық мониторингтер нәтижесі Құмкөл мұнай кен орнының келісімшарттық аумағындағы СҚЗ шекарасындағы радиациялық жағдайды бағалау бойынша өткізілген зерттеулер сәулелену фонның рұқсат етілген шектерден аспайтынын көрсетті [34-44].

2.1.1 Құмкөл кен орны гамма сәулелену көздеріне жүргізілген өлшеулер

Құмкөл кен орындар тобы Қызылорда облысы Сырдария ауданының ұзақ мерзімді пайдалануындағы Қарағанды облысы Ұлытау ауданының босалқы жерлерінде орналасқан. Өнімді аймақтар Торғай ойпатының оңтүстік бөлігінде, яғни 46°00'-46°03' с.е. және 65°45' - 65°48' ш.б. координаттарымен шектелген. Осы аймақта гамма сәулелену көздеріне жүргізілген өлшеулер «Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» туралы ҚР ҰЭМ 27.03.2015 жылғы №260 бұйр., ҚР 12.12.2019ж ДСМ-148 бұйр. және «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» ГН ҚР ҰЭМ 27.02.2015 жылғы №155 бұйығы негізінде жүргізілді. Құмкөл кен орнында гамма сәулелену көздеріне 2018-2019 жылдары ДКС-96П гамма радиометрімен жүргізілген жүзден аса өлшеулер нәтижесінің орташа көрсеткіші 2 – кестеде берілген.

Кесте 2 - Гамма сәулеленуді өлшеулер

р/с	Өлшеу жүргізілген орын	Дозаның өлшенген қуаты(мкЗв/сағ			Дозаның рауалды қуаты (мкЗв/сағ)		
		Еденнен жоғары(топырақтан)			1,5 м	1м	0,1м
		1,5м	1м	0,1м			
1	Кен орны ашық жердің табиғи фоны	0,1±0,01	0,13±0,02	0,16±0,02	0,2	0,2	0,2
2	Бұрғылау қондырғысы қоршауы аумағы	0,13±0,01	0,16±0,02	0,2±0,02	0,2	0,2	0,2
3	Шыққан бұрғылау қалдығының айналасы	0,22±0,04	0,37±0,12	1,14±0,66	2,5	2,5	2,5

Ластаушы заттарды өлшеу еденнен (топырақтан) 2 метр биіктікте жүргізіледі. Құмкөл кен орнында гамма сәулеленудің ашық жерлердегі табиғи фоны топырақтан 1,5 м деңгейінде 0,11 мкЗв/сағ құраса, 0,1 метрден алынған фон 0,18 мкЗв/сағ жетті. Неғұрлым төмендеген сайын гамма сәулелену деңгейі өскен. Бұрғылау қондырғысы қоршауы аумағы да ашық жердің табиғи фоны нормасымен бірдей (шекті рауалы деңгейі 0,2 мкЗв/сағ) болғанымен, топырақтан 1,5 м деңгейде 0,14 мкЗв/сағ құраса, 0,1 метрден алынған фон – 0,22 мкЗв/сағ. Шыққан бұрғылау қалдығының айналасы (шекті рауалы деңгейі 2,5 мкЗв/сағ) 1,5 м деңгейінде 0,26 мкЗв/сағ құраса, 0,1 метрден алынған фон 1,80 мкЗв/сағ жетті [45].

2.2 Құмкөл кен орнының мұнайлы өнімдермен ластануын зерттеу және құрамын талдау

Кенді және жанғыш пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру табиғи ортаға елеулі жүктемеге алып келеді. Мұндай жүктеменің негізгі себебі геожүйелердің әртүрлі токсиканттармен, оның ішінде ауыр металдармен және РЭ ластануы болып табылады. Мұнай кәсіпшілігі аумағының радиациялық ластануы көптеген мұнай кен орындарының қабаттық сулары радионуклидтердің жоғары мөлшерін қамтитындығымен байланысты. Сондай-ақ тарихи ластау көздеріне қазіргі уақытта иесіз объектілер жатады: мұнай-газ және гидрогеологиялық ұңғымалар, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивті қалдықтармен), қалдық қоймалар және сарқынды су жинағыштар, олар елдің экологиялық қауіпсіздігіне нақты қатер болып табылады. Қазақстанда ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен ластанған өңірлерге Қызылорда, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының жерлері жатады [46].

Тау жыныстарының кейбір түрлерінде табиғи радиоактивті элементтердің құрамы жоғары. Мұнайда химиялық элементтердің периодтық жүйесінің 60-тан астам элементтері табылған, олар шайырлы–асфальтты компоненттері құрамына кіреді. Мұнайдағы микроэлементтердің ең көп мөлшері металдармен ұсынылған. Металл компоненттер негізінен мұнайдың шайырлы-асфальт заттарында (ШАЗ) болады. Мұнай құрамындағы ванадий осы топтың ішіндегі ең көп мөлшерде ШАЗ-ға шоғырланады, ал майлы фракцияларда бұл элемент мүлдем жоқ. Никель негізінен мұнайдың жоғары молекулалық компоненттерінде, бірақ аз мөлшерде ол ауыр мұнайдың майлы фракцияларында да кездеседі.

Мұнайдағы радиоактивтіліктің тасымалдаушылары металл органикалық кешендер, жоғары хош иісті көмірсутектер және күкіртті қосылыстар болып табылады [47-50].

Мұнайда темір, сілтілі және сілтілі жер металдары бар. Сілтілі және сілтілі жер металдарының үлесіне 10^{-3} - 10^{-4} % келеді. Бұл микроэлементтер қабаттық сулардың құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар мұнайда елеусіз концентрацияларда радиоактивті элементтер табылады: уран - 10^{-8} - 10^{-4} % -ға дейін, торий - 10^{-8} - 10^{-7} % -ға дейін, радий - 10^{-13} - 10^{-12} % -ға дейін болады.

Мұнай шоғырлары және мұнай-газды қабаттар құрамында жоғары радиоактивтілік интервалдары және органикалық емес микроэлементтердің қоспалары үнемі байқалады, олардың жиынтығы өте кең: V, Ni, Ti, Cr, Co, Cu, Mo, Zn, Pb, Cd, Hg, Sb, As, TR, Au, Ag және басқалары, сонымен қатар галогендер: Br, I, Cl₂, олардың көпшілігі экологиялық қауіпті элементтер болып табылады. Натрий хлориді-кальций тұздарының мұнай кен орындарымен байланысқан құрамы келесі элементтердің құрамымен сипатталады (мг/л): Ba - 100; C - 100; Mn - 100; Ni - 60; Pb - 46,7; Zn - 33,3; Cr - 26,7; As - 26,7; Be - 13,3; V - 13,3; Co - 6,7, бұл экологиялық қауіпті I, II, III кластарға жатады. Тұзды батпақтарға іргелес жатқан мұнай мен газ өндіретін аймақтардағы күрделі проблема - Cl, Br, I, F - галогендердің рөлін нақты экологиялық бағалаудың болмауы [51, б.61].

Мұнайлы қабаттағы жоғары радиоактивтіліктің табиғи ошақтары қарқындылық бойынша дифференциалды түрде бөлінеді, әртүрлі тереңдіктермен шектеледі және геоблоктардың геологиялық және құрылымдық ерекшеліктерімен бақыланады. Олар мұнай шоғырының контурында немесе оған жақын жерде өнім үсті немесе өнім асты қабаттарында тіркеледі.

Авторлар (Р.В.Голева, О.П.Брылин, 1994ж.) терең құрылымдық ұңғымаларын бұрғылау деректері бойынша, шөгінді қабатының радиоактивтілігі палеозойдың девон шөгінділерінде 50 - 467 мкР/сағ, онда кездесетін уран 0,049% құраса, пермде 52 - 243 мкР/сағ, уран 0,019%, мезозой шөгінділерінде 50 - 84 мкР/сағ, онда кездесетін уран орташа 0,09% құраса, одан жаңа кезең палеогенде 140 мкР/сағ, онда кездесетін уранның орташа мөлшері 0,01% құраған [51-53].

Натрий хлориді-кальций тұздарының мұнай кен орындарымен байланысқан құрамы келесі элементтердің құрамымен сипатталады (мг/л): Ba - 100; C - 100; Mn - 100; Ni - 60; Pb - 46,7; Zn - 33,3; Cr - 26,7; As - 26,7; Be - 13,3; V - 13,3; Co - 6,7, бұл экологиялық қауіпті I, II, III кластарға жатады. Тұзды батпақтарға іргелес жатқан мұнай мен газ өндіретін аймақтардағы күрделі проблема - Cl, Br, I, F - галогендердің рөлін нақты экологиялық бағалаудың болмауы.

Құмкөл кен орны мұнайы мезозойдың бор мен юра шөгінділерінен тұрады. М-1, М-2 қабаттарымен Ю-1, Ю-2, Ю-3 және Ю-4 қабаттарында мұнай жиналған. Құмкөл мұнайы тұтқыр, күкірт қосындысы шамалы, қара майлы, зиянды газдары жоқ, жер бетіне жақын орналасқан [54].


Мұнай шөгінділерінің және мұнай-газ қабаттар құрамында жоғары радиоактивтілік интервалдары және органикалық емес микроэлементтердің қоспалары үнемі байқалады, олардың жиынтығы өте кең: V, Ni, Ti, Cr, Co, Cu, Mo, Zn, Pb, Cd, Hg, Sb, As, TR, Au, Ag және басқалары, сонымен қатар галогендер: Br, I, Cl₂, олардың көпшілігі экологиялық қауіпті элементтер болып табылады. Оның үстіне радиобелсенділік көзі мұнай және газ кен орындарының уран кенімен және тұз кеніштерімен қатар өмір сүруі белгілі. Сырдариялық геологиялық уран өндірісі аймағы Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының территориясында орналасқан. Сырдария өзенінің еңсіз

атырабына жалғасатын қабат-қабат құмдардан құралған ашық жазықтықты құрайтын мезозойлық-кайнозойлық қалдықтық құрылымдардағы экзогендік кен орнына жатады.

Геофизикалық зерттеулер Е.М. Фазылов [55] Сырдария шөгінді алабының Арыскұм және Байыркұм ойыстарының бойында тұз қабаты дамығандығын көрсетті. Девон кезеңінің соңында платформадан тыс, сыртқы бедер шегінде, оқшауланған терең ойықта Арыс № 1-Г ұңғымасымен ашылған 1757-4004 метр аралықта тұзды қабат қалыптасуы орын алған. Тұз табаны барлау деректері бойынша шамамен 4700-4800 м тереңдікте орналасады. Тұздардан тұратын төменгі горизонттан тұздар сығылғандықтан пайда болатын күмбезді төмпешік құрылымдар анықталған. Арыс гравиметриялық аномалиясы биіктігі кемінде 3 км диапирлік күмбез болып табылады. Олардың тік беткейлерінде тұздың баурайына жанасып, мұнай мен газдың көп қабатты кен орындары пайда болуы мүмкін деген болжам бар.


Топырақтың мұнаймен ластануының техногенді салдарын анықтау үшін Құмкөл кен орны мұнайы, мазутталған топырағы, мұнай шламына Спектрометр «Спектроскан Масс» құралымен сапалық талдау жүргізілді.

Құмкөл кен орнынан алынған мазутталған топырақ құрамында (4 - сурет) толқын ұзындығына сәйкес ($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Fe – 1938; Mn – 2106; Ti – 2752.




Сурет 4 – Оңтүстік Құмкөл кен орнының мұнаймен ластанған топырағын талдаудың рентгенофлуоресцентті спектрі нәтижесі

Құмкөл кен орнынан алынған мұнай шламының құрамында (5 - сурет) толқын ұзындығына сәйкес ($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Fe – 1938.




Сурет 5 - Құмкөл кен орындарындағы мұнай шламын спектрометр «Спектроскан Масс» құралымен сапалық талдау нәтижесі

Оңтүстік Құмкөл кен орнынан алынған мұнай құрамында (6 - сурет) толқын ұзындығына сәйкес ($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Rb – 948; Zr – 785; Cu – 1544.




Сурет 6 - Оңтүстік Құмкөл кен орны мұнайының рентгенофлуоресцентті спектрі

Ащысай кен орнынан алынған мұнай құрамында (7 - сурет) толқын ұзындығына сәйкес ($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Fe – 1933; Cu – 1542; Br – 1086; Fr – 1086; Mn – 2104.




Сурет 7 - Ащысай кен орны мұнайының рентгенофлуоресцентті спектрі

Арысқұм кен орнынан алынған мұнай құрамында (8 - сурет) толқын ұзындығына сәйкес($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Cu - 1542.



Сурет 8 - Арысқұм кен орны мұнайын рентгенофлуоресцентті талдау

Асфальтты-шайырлы парафинді шөгінділердің (АШПШ) құрамын рентгенофлуоресцентті талдау нәтижесі көрсеткендей (9 - сурет), қатты мұнай қалдығы құрамында Д.И.Менделеевтің кестесіндегі элементтер толқын ұзындығына сәйкес ($\text{m}\text{\AA}$) келесі элементтердің кездесетіні анықталды: Pb-1172; As-1172, Zn-1433; Re-1428; Cu-1542; Ni - 1661, Fe -1933. АШПШ құрамында шикі мұнайда бар барлық металдар (V, Ni, Fe, Cu, Mg, Ca, Ti, Mo, Co, Cr, Fl және т.б.) толық шоғырланған.



Сурет 9 - Құмкөл мұнай кен орындарынан алынған асфальтты-шайырлы парафинді шөгінділердің (АШПШ) рентгенофлуоресцентті талдау

Құмкөл, Оңтүстік Құмкөл кен орындары мұнайы құрамында сілтілі рубидий Rb(37) және сілтілі жер металдары цирконий Zr(40), мыс Cu(29), ал топырақта марганец Mn(25), темір Fe(26), титан Ti(22) анықталды.

Авторлар (Вернадский, 1934) жыныстардың пайда болуы кезінде органикалық заттардың құрамындағы күкіртпен уранның өзара парагенетикалық байланысы туралы айтқан болатын. Мұнайдың құрамындағы аз ғана радиоактивті элементтер оның ұзақ уақыт геологиялық даму кезеңінде пайда болуына, қалыптасуына әсер етіп, органикалық заттармен мұнайдың құрамында болғандықтан, генезисі күкіртпен байланысты болған. Бірақ мұнай құрамындағы органикалық заттармен күкірт зерттелгенмен, радиоактивті элементтердің мөлшеріне, оның әсерімен құрамының өзгеруіне аса мән берілмеген [56].

Зерттеулер [Зуфарова, 1976] мұнайдағы күкірттің мөлшері өскен сайын оның радиоактивтілік деңгейі өсетіндігін (100-ден аса мұнай үлгісінен) анықтаған. Палеозой дәуірі жыныстарындағы 1 г мұнайдың фондық радиоактивтілігі 100-300 имп/мин, кейде 550 имп/мин жетеді. Орташа алғанда, ол 100-ден 250 имп/мин өзгеріп отырады. Құрамында 1,5% дейін күкірт болатын мұнайдың радиоактивтілігі 100-ден 180 имп/мин, 2-3% болатын мұнайдың радиоактивтілігі 200-ден 260 имп/мин, 3% жоғары болатын мұнайдың радиоактивтілігі 260-тан 380 имп/мин жетеді [57]. Құмкөл кен орны мұнайы, мұнай шламымен топырағы құрамындағы күкіртті анықтау жолымен оның аталған радиобелсенділіктің қай тобына жатқызуға болатындығын анықтауға болады.

Біздегі мұнай, мұнай шламының күкірттілігі 0.09 және 0.61% аралығы болғандықтан, оның шығу генезі бойынша радиоактивтілігі 100-ден 180 имп/мин аспайды. Жалпы кен орнынан алынған мұнайдың эквивалентті доза қуаты 0,3-1 мкЗв/сағ дейін болса, мұнаймен ластанған топырақта 3-10 мкЗв/сағ, ал мұнай шламында 3-5,1 мкЗв/сағ (орташа радиация деңгейі) көрсетті.

Зерттеу объектісі. Құмкөл және Оңтүстік Құмкөл («ПҚҚР» АҚ) кен орындарының мұнай, мұнай шламы, топырағындағы күкірттің пайыздық мөлшерін күкіртті анықтаудың рентген флуоресценттік әдістемесімен (Р МЕСТ 51858-2002) жүргізілді. Стандартқа сәйкес (МЕСТ31378 - 2009. Мұнай), күкірттің массалық үлесіне байланысты мұнай кластарға бөлінеді (3 - кесте).

Кесте 3 - Мұнай кластары

Мұнай кластары	Аттары	Күкірттің салмақтық үлесі, %
1	Аз күкіртті	0.60 дейін
2	Күкіртті	0.61 – 1.80
3	Жоғары күкіртті	1.81 – 3.50
4	Аса жоғары күкіртті	3.50-ден жоғары

4- кесте бойынша мұнай және мұнайлы топырақ 1- сыныпты, аз күкіртті, ал мұнай шламдары 2-сыныпты, күкіртті болды.

Кесте 4 - Кен орындарының мұнай, мұнай шламы, топырақтағы күкірттің пайыздық мөлшері

Кен орны	Зерттеу нысаны	Күкірттің орташа пайыздық мөлшері	Түзету
Құмкөл	мұнай	0.089297	0.001631
Құмкөл	мұнай шламы	0.65581	0.004318
Құмкөл	топырақ	0.16128	0.002135
Оңтүстік Құмкөл	мұнай	0.090842	0.001644
Оңтүстік Құмкөл	мұнай шламы	0.66023	0.004333
Оңтүстік Құмкөл	топырақ	0.15959	0.002124

Зертханалық және камералдық зерттеулер Қорқыт Ата атындағы ҚМУ «Физика-химиялық талдау әдістері» аккредиттелген инженерлік зертханасының базасында жүргізілді. Кен орындарындағы топырақтың ластану көзі, ол мұнай және мұнай өнімдері болып табылады.

Топырақтың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануымен шоғырлануынан, ластау деңгейінің ұлғаюынан:

- топырақ жүйесіндегі экологиялық тепе-теңдік бұзылады;
- топырақ қабаттарының морфологиялық, физикалық-химиялық және химиялық сипаттамалары өзгереді;
- топырақтың органикалық затының жекелеген фракциялары арасындағы, атап айтқанда, липидті және гумусты құрамдауыштар арасындағы арақатынас бұзылады;

- жер асты және жер үсті суларының екінші рет ластану қаупі пайда болады.

Топырақтың мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануының негізгі себептері:

- тасымалдау кезінде туындаған авариялар;
- мұнай мен мұнай өнімдерінің жануының шығарындылары;
- мұнайды қайта айдау кезіндегі құбыр жүйелеріндегі авариялар мен ағулар [58].

2.3 Бұрғылау және мұнай қалдықтарының сипаттамасы

Мұнай ұңғымаларын бұрғылау кезінде түзілетін бұрғылау қалдықтары бұрғылау ерітіндісін дайындау кезінде пайдаланылатын қалдық химиялық реагенттермен бұрғыланған жыныстың, сазды бөлшектердің қоспасын білдіреді.

Кесте 14 - Ластанған топырақтағы мұнай құрамына гравиметриялық талдау нәтижелері

№	Кен орны	Ластанған топырақтағы мұнайдың мөлшері, мг/кг
1	Құмкөл кен орны(АО «Тургай Петролеум»)	66 866,60 мг/кг
2	Таур кен орны (ТОО КазПетролГрупп)	26 296,66 мг/кг

Топырақтағы мұнайдың массалық үлесін анықтау РД 52.18.647-2003 әдістемесіне сәйкес, қоршаған ортаның ластану мониторингі саласында өлшеуді және топырақтың мұнаймен ластану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сандық химиялық талдауды орындайтын зертханаларда пайдалануға арналған. Әдістеме 20-дан 500 000 мг/кг дейінгі диапазондағы мұнайдың массалық үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Авторлардың [80, б.129-130] ластану деңгейін бөлуіне сәйкес, 15 - кестеде Құмкөл кен орнының қалдық мұнайы бар топырағы 3 - деңгейге сәйкес келеді. Ластанудың осы деңгейінде қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы топырақтың кг-на 8-ден 14 г-ға дейін. Ауыл шаруашылығы жерлерінде топырақтың су-ауа қасиеттерін жақсарту үшін агротехникалық іс-шаралар жүргізіледі, қалдық мұнай өнімдерінің құрамы, микроорганизмдердің белсенділігі, алқаптардың өнімділігі бақыланады. Барлық жерлерде бенз(а)пирен бақыланады. Топырақтың қалдық мұнаймен ластануы кен орны топырағын зерттеуші авторлар мәліметтеріндей [63, б.428], Орталық Ақшабұлақ кен орны да 6 - деңгейге сәйкес келеді. Бұл жағдайда қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы топырақтың кг-на 72 нан 132 г-ға дейін.

Кесте 15 - Ластанған топырақтағы мұнай құрамына гравиметриялық талдау нәтижелері

№	Кен орны	Ластанған топырақтағы мұнайдың мөлшері, мг/кг
1	Құмкөл кен орны (АО «Петро Казахстан»)	12852,23 мг/кг
2	Орталық Ақшабұлақ кен орны («Казгермұнай» БК ЖШС)	87887,12 мг/кг

Топырақтағы мұнай қалдығы концентрациясы 72 г-нан 132 г/кг-ға дейін жеткенде тіршілік ортасы уытты болады. Экожүйенің дамуымен өмір сүру жағдайлары тежеледі. Су-ауа режимін қалыпқа келтіру (аэрация, ылғалдылық), микроорганизмдердің жергілікті қауымдастығын жандандыру және мұнай өнімдерінен тазарту үшін толық көлемде қалпына келтіру және оңалту шаралары қажет.

Тәжірибелік деректер бойынша, мұнаймен ластанудың *геоэкологиялық деңгейлерінің бөлінуі* биотоптың қасиеттері және биотаның реакцияларының негізгі өзгерістеріне байланысты.

- 1- деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 0,2- 0,4 г/кг дейін;
- 2-деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 0,4-8 г/кг-ға дейін;
- 3 - деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 8-14 г/кг-ға дейін;
- 4-деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 14-22 г/кг-ға дейін;
- 5-деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 22-72 г/кг-ға дейін;
- 6-деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 72-132 г/кг-ға дейін.
- 7-деңгейі. Қалдық мұнай өнімдерінің концентрациясы 132 г/кг-нан жоғары.

Қоймалық орындарда сақталатын барлық мұнай қалдықтары, сондай-ақ мұнайдың авариялық төгілген орындарынан жиналған жаңадан пайда болған мұнаймен ластанған топырақтар кәдеге жаратуға жатады. Ластанған субстрат нақты топырақ жамылғысының морфологиялық, құрылымдық, физика-химиялық және генетикалық ерекшеліктеріне байланысты мұнай өнімдерінің әртүрлі мөлшерін қамтиды. Ластанулар құрамында парафиндер, шайырлар, асфальтендер жоғары болатын жаңа, сондай-ақ ертедегі мұнай көмірсутегімен ұсынылуы мүмкін. Ластанған топырақтағы бақыланатын көрсеткіш мұнай өнімдерінің құрамы ғана емес, бенз(а)пирен де, мұнай тотықтырғыш және сапрофиттік микроорганизмдердің саны болуы тиіс. Мұнайы бар қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстар алдын ала дайындалған технологиялық алаңдарда жүргізіледі. Алаңдар су басу аймағынан тыс орналастырылады, оларда қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын іс-шаралар жүзеге асырылуы мүмкін.

Осылайша, ластанған топырақтағы мұнайдың құрамына гравиметрлік талдау нәтижелері және ластанған топырақтан бөлінген мұнайдың көмірсутекті құрамын хроматографиялық талдау топырақтың қалдық мұнай өнімдерімен ластану деңгейі бенз(а)пирен түзілуінің қауіпті деңгейін туындататынын және субстрат уыттылық қасиеттеріне ие болатынын көрсетеді. Табиғат қорғау ұстанымдары тұрғысынан пайдалану сипатын ескере отырып, оларды қалпына келтірудің белгілі бір тәсілі талап етіледі [77-80].

Екінші бөлім бойынша қорытынды

Мұнайдағы радиоактивтіліктің тасымалдаушылары металл органикалық кешендер, жоғары хош иісті көмірсутектер және күкіртті қосылыстар болып табылатындықтан, Құмкөл кен орны мұнай өнімдеріндегі металлорганикалық қосылыстар мөлшері, күкірттілігі және топырақтағы мұнай өнімдерінің мөлшері зерттелді. Құмкөл және Оңтүстік Құмкөл мұнайы 0,8-0,9 аз күкіртті болса, мұнай шламы күкіртті – 0,61-ден жоғары. Зерттеулерде мұнайлы топырақ пен асфальтты-шайырлы парафинді шөгінділерде (АШПШ) жер сілтілік металлдар анықталды, мұнай құрамындағы көмірсутектерге хроматографиялық талдау нәтижесі Құмкөл кен орны топырағын және мұнай шламдарындағы мұнай көмірсутектері құрамын анықтау барысында шыққан қалдықтардың қоршаған ортаға әсері айтарлықтай болғандығы көрінеді.

Атмосфералық ауадағы көмірсутектер жалпы Құмкөл кен орны бойынша шекті мөлшерден аспайды. Бірақ атмосфераны ластаушы көздер бойынша № 6005 - мұнай құрамды қалдықтарды өңдеу алаңындағы көмірсутектер (мг/м^3) концентрациясы айтарлықтай шекті мөлшерге жақындайды.

Өнеркәсіптік мұнай қалдықтарын оқшаулаудың ең қол жетімді әдісі - оларды бұрғылау алаңынан тыс немесе сыртта тікелей мұнай қоймаларында сақтау. Жалпы Құмкөл кен орнындағы мұнай қалдықтарын жинау, уақытша сақтау және өңдеу алаңы орындарындағы жүргізілген радиациялық мониторинг технологиялық процестерде техногендік ластанудан пайда болған құрал-жабдықтармен бірге енетін шөгінділер әсерінен радиациялық фон белгіленген нормадан жоғары екендігін көрсетеді.

Аймақтағы топырақтың қалдық мұнаймен ластануын гравиметриялық талдау нәтижесі зерттелген төрт кен орны ішіндегі ең жоғары болғаны Орталық Ақшабұлақ 6 - деңгейге сәйкес келеді.

«ПҚҚР» АҚ Құмкөл кен орны бойынша ұңғымаларды игеру кезіндегі 1300, 1500, 2500, 3500 метр тереңдіктегі PZ жобалық қабатынан алынған шлам, бұрғылау, және қабаттық сулардан шыққан қалдықтардың радиобелсенділігі заңдылық бойынша тереңдеген сайын ұлғая түсетіндігін ескерсек, онда ең көп радиобелсенділік 3500 метр тереңдіктен алынған қалдықтарда болды. Бұл қалдық көлемі 1300 метр тереңдіктен шыққан қалдықтан он есе көп болады. 3500 метр тереңдіктен алынған бұрғылау қалдықтары жылына 550 тоннадан асса, 1300 метр тереңдіктен шыққан қалдық 50 тонна, майлы қалдықтар көлемі де 1300 метр - 0,2 тонна болса, 3500 метр - 1,2 тонна, тереңдеген сайын ұлғая түскен.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мұнай өндіру, өңдеу және тасымалдау процесінде мұнай өндіруші кәсіпорын объектілерінде табиғи радионуклидтердің қоршаған ортаға шығарылғаны анықталды. Табиғи радионуклидтер жабдықтардағы тұз шөгінділерінде, бұрғылау қалдықтарында, мұнай өнімдері төгілген жерлердегі қалдық өнімдерде шоғырланады.

3 МҰНАЙ КЕН ОРНЫ ТОПЫРАҒЫНА РАДИОНУКЛИДТЕРДІҢ ТЕХНОГЕНДІК ӘСЕРІН ТӨМЕНДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТАҢДАУ

3.1 Топырақтағы радионуклидтердің техногендік әсерін төмендетуге бағытталған технологияларды таңдау

Ластаушы заттардың қоршаған ортаға және адамға тигізетін зиянды әсерін оңтайлы өтейтін тазарту технологиясын таңдау, әр түрлі факторлардың үйлесімін жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Осы факторлардың негізгісі:

- басты міндетті шешу үшін технологияның әлеуетті мүмкіндіктері;
- адам денсаулығы мен қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға қатерді азайту немесе алдын-алу (технологияның қолданылуы);
- сенімділік пен техникалық қызмет көрсету талаптарының сақталуы;
- технологиялық процестің шығындары;
- инфрақұрылым;
- қол жетімділік және пайдалануға дайындық;
- қызметкерлер мен қоғам үшін қауіптер;
- қоршаған ортаға әсер етуі;
- нормативтік стандарттардың сақталуы;
- қоғамдық пікір.

Қазіргі кезде топырақты дезактивациялау технологиясының тобына: топырақты шаю(жуу), электрохимиялық өңдеу, фитодезактивация және сепарация жатады. Топырақты өз орнында шаю, жуу (*in situ*) сумен немесе сулы ертінділермен жүргізіледі. Ал ластанған топырақты алып кетіп тазартуда (*ex situ*) ол арнайы аппаратқа салынып, сұйық ертіндімен араластырылады. Бұл кезде күшті реагенттер қосуға мүмкіндік болады. Ластанулар еритіндіде ериді немесе суспензияланады, одан кейін радионуклидтер алынады. Шаю әдістері лай мен саздың жоғары болуы кезінде тиімсіз, бұл шайынды сулардан ұсақ дисперсті бөлшектерді алып тастаудың қиындықтарына байланысты. Сонымен қатар, лай және сазды фракциясы радионуклидтерді тұрақты ұстап тұрады[81].

Электрохимиялық өңдеу әдісі иондардың электродтар бағыты бойынша басқа да зарядталған бөлшектердің қозғалысын тудыратын тұрақты электр өрісін суға қаныққан топыраққа салуды қамтиды. Осылайша, ластану электр маңы аймақтарында шоғырланады, оны электродпен, топырақпен немесе сорбентпен бірге қолдануға болады.


Осылайша, ластану электродтың жақын аймақтарында шоғырланады, ол жерден электродтың өзімен, топырақпен немесе бұрын электродты қоршап тұрған сорбентпен бірге немесе электродтың жақын аймағынан суды сорып алуға болады. Түпкілікті ластануды жабу үшін электр энергиясын қолдана отырып, аз кем қолданатын әдіс, шынылау – ол металдармен, радионуклидтермен ластанған топырақ қалдықтарын жоюдың соңғы әдісі болып табылады. Бірақ бұл әдісті мұнай кен орны топырағындағы табиғи және техногендік радионуклидтерді залалсыздану әдісіне қолдану тиімсіз болып

табылады. Себебі ластану көбіне белсенділігі төмен радионуклидтерден болғандықтан, бұл топырақты түгелдей пайдаланудан шығару болып табылады.

Фитодезактивация - радионуклидтердің топырақтан тиісті аумақта өсірілетін өсімдіктер көмегімен алынуы. Оларға мәдени өсімдіктерде жатуы мүмкін. Ластанған топырақтан радионуклидтерді алу үшін пайдаланылатын өсімдіктер бірқатар талаптарға жауап беруі тиіс: радионуклидтердің жоғары концентрациясына төзімді, радионуклидтердің ең көп санын сіңіруге және жинақтауға қабілетті, оларды тамыр жүйесінен жер бетіндегі қысылатын массаға тиімді тасымалдауға, терең өсетін тамыр жүйесі, жинауға ыңғайлы, жоғары төзімділігі болуы тиіс. Фитодезактивация түсінікті себептер бойынша топырақтың үстіңгі қабаттарын тазалау үшін ғана қолданылады [83, б.44].

Сепарация топырақтың ең ластанған фракцияларының химиялық немесе физикалық бөлінуін білдіреді. Радиоактивтік ластану туралы ең көп үлес әдетте ұсақ дисперсті фракциялармен байланысты екені белгілі, ал ірі бөлшектер радионуклидтер іс жүзінде көтерілмейтіні белгілі. Гравитациялық сепарация, механикалық себу немесе магнитті сепарация жолымен фракцияларды бөле отырып, неғұрлым ластанған бөлшектерді бөліп, оларды жоғарыда сипатталған тәсілдердің бірімен дезактивациялауды жүзеге асыруға болады.

Радионуклидтер қосылыстарымен ластанған топырақты тазалау үшін топырақты қазып алу және витрификациядан (шынылаудан) тұратын құрамдастырылған технологияны (17 - сурет) пайдалануға болады. Көбінесе ластанған топырақты *қатайту* және қазып алу (экскавация) жолымен тасымалдап арнайы дайындалған алаңда тазарту технологиясы қолданылады [82, б.67-68].



Сурет 17 - Топырақты, тұнбаларды, шламдарды радионуклидтерден тазартудың кешенді технологиясы

Радиоактивтік ластанған топырақпен жұмыс істеудің неғұрлым пысықталған технологияларына гравитациялық және физикалық сепарацияны, сондай-ақ «*ex situ*» жолымен жуу бөлшектерін жатқызуға болады. Электрохимиялық өңдеу және фитодезактивациялау технологияларын толық ауқымды табысты коммерциялық қолдану тәжірибесі көп емес [81].

Топырақты қатайту әдісімен өңдеу нәтижесінде қалдықтарды қамтитын беріктігі жоғары мололитті блоктар түзіледі. Радионуклидтер қатайту реагенттерін қосу кезінде түзілетін біртекті және тұрақты матрицаның құрамына кіреді. Топырақты тасымалдаусыз жууға (*in situ*) едәуір шектеулер қойылады. Төмен өткізгіш топырақтарда жоғарыда сипатталған қиындықтардан басқа, агрессивті реагенттерді қолдану мүмкін еместігі, ластану аймағынан тыс радиоактивті суды алу қаупі және жуу ерітінділерін қалпына келтірудің қымбаттығы да проблема болып табылады. Егер беттік белсенді заттар қолданылса, олар топырақтың кеуектілігі мен өткізгіштігін төмендетеді, бұл өңдеу тиімділігін төмендетеді. Жоғарыда аталған себептерге байланысты өз орнында жуу (*in situ*) технологиясының қолданылуы өте шектеулі: іс жүзінде оны жиі ауыстырады немесе ластануды оқшаулайды (уақытша жабу, топыраққа тосқауылдарды қою) немесе топырақты қазғаннан кейін және арнайы жерге (*ex situ*) шығарғаннан кейін жуу. Бұл ретте топырақты дезактивациялау көбінесе алдын-ала сепарациялаудан кейін, радиоактивті емес – әдетте ірі фракцияларды алып тастай отырып орындалады [81, б.5-10; 84].

3.1.1 Топырақтағы мұнайдың техногендік әсерін төмендетуге бағытталған технологияларды таңдау

Мұнаймен ластанған топырақтағы радионуклидтердің техногендік әсерін төмендету үшін алдымен мұнай өнімдерінен тазартамыз.

Мұнай кен орындарындағы мұнаймен ластанған жерден алынған топырақтың ластануы жоғары болған сайын радиобелсенділігі өседі. Мұнаймен ластанған топырақты кен орнынан арнайы тасымалдау арқылы төмен радиобелсенді қалдықтарды уақытша сақтау орнына әкеледі. Ол жерде топырақ бірінші кезекте мұнай өнімдерінен тазартылады.

Топырақтағы мұнайды тазарту механикалық, физикалық, термиялық, физика-химиялық, химиялық және биологиялық тиімді әдістермен жүргізіледі. Су мен топырақты мұнай өнімдерінен механикалық және физика-химиялық тазарту тәжірибесінде қолданылатын технологиялардың көпшілігі көп сатылы, көп еңбекті қажет етеді және үлкен материалдық шығындармен байланысты. Мұнаймен ластанған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру үшін қолданылатын әдістердің ішінде сорбциялық тазарту ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Сорбенттер ретінде негізінен кеуекті материалдар: күл, кокс, шымтезек, силикагель, белсенді саздар, көбік полимерлері және өндірістің әртүрлі саласындағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық қалдықтары, т.б. пайдаланылады. Ауылшаруашылық қалдықтарынан ең көбі - өсімдік қалдықтары. Оларды сорбент ретінде пайдалану тиімділігі, табиғи, экологиялық зиянсыздығымен қалдықтардың кәдеге жаратылуы. Өсімдік тектес

сорбенттер 3-тен 10 м²/г-ға дейінгі сорбциялық бетпен және сорбенттің 30 минутқа дейін қанығу уақытымен сипатталады [85].

3.2 Мұнай өнімдерінен тазартушы сорбенттердің сапасын сипаттайтын басты қасиеттері

Топырақтың мұнаймен ластану деңгейі өсімдікке жағымсыз әсерімен, негізінен оның физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруіне (гидрофобтық жоғарылауы, топырақ капиллярларын мұнаймен толтыру) және мұнайдың құрамындағы уытты компоненттердің тікелей уытты әсерлеріне (фитоуыттылық) байланысты.

Көптеген авторлар [86-88, 44] еңбектерінде мұнайлы топырақты тазалау жергілікті табиғи сорбенттер көмегімен жүргізіледі және олар экологиялық экономикалық жағынан тиімді жергілікті сорбенттерді пайдаланады.

Қазіргі уақытта әлем бойынша мұнайдың төгілуімен күресу үшін сорбенттердің екі жүзге жуық түрі қолданылады.

Сорбенттердің сапасын сипаттайтын басты қасиеттері:

- мұнай сыйымдылығы;
- гидрофобтылық дәрежесі;
- мұнайды сіңіргеннен кейін жүзгіштік көрсеткіші;
- мұнайды сорбенттен шығару мүмкіндігі;
- сорбентті қалпына келтіру мүмкіндігі;
- қайта өңдеу мүмкіндігі болып табылады.

Топырақты мұнай өнімдерінен сорбциялық әдіспен тазартуда табиғи сорбенттер таңдалды: күріш қауызы, ұнтақталған қамыс сабаны, ағаш ұнтағы (опилка) және қамыстың майдаланған жапырақтары. Дәл осы табиғи сорбенттерді таңдау олардың қолжетімділігіне және төмен құнына қарай жасалады. Топырақты сорбциялық тазарту көбінесе механикалық әдістермен бірге қолданылады, бұл жағдайда механикалық әдістерді мұнайды сіңіретін сорбенттермен өңдеуге дейін және одан кейін қолдануға болады. Олардың табиғатта кең таралуы, төмен құны және қарапайым қолдану технологиясы, жеткілікті жоғары сорбциялық қасиеттерімен қатар, осы табиғи шикізаттар қалдықтарын топырақты мұнаймен ластанудан тазарту үшін сорбенттер ретінде пайдалану арқылы кәдеге асырылады [85-88].


3.2.1 Сумен топырақтың мұнаймен зақымдануында қолданылған табиғи материалдардың сорбенттік қасиеттерін зерттеу

Біздің өңір үшін ең арзан және қол жетімді мұнай және мұнай өнімдерінің ең перспективалы және тиімді деструкторы күріш қауызы болып табылады. Құрамы 15-18% кремнийден және 85% органикалық қосылыстардан тұрады.

Күріш қауызы табиғи кремний-органикалық полимер ретінде жанбайды, шірімейді және іс жүзінде малға жем ретінде жарамсыз, сонымен бірге күріш қауызы мұнайдың төгілуін жоюға арналған керемет сорбент болып табылады, оның 1 грамы 5,0 граммға дейін шикі мұнайды сіңіреді. Сонымен қатар, күріш қауызын қамыс сияқты ұсақтаудың қажеті жоқ, ал қауыз мұнайды өте тиімді

жинайды және сонымен бірге жиналған мұнай өнімдерін оңай шығарады, үш-төрт ретке дейін қайта пайдалануға жарамды[44, б.115]. 18 – суретте күріш қауызының мұнайды сіңіру, суды тарту және суды тазалау көрсеткіштері берілген.


Ең жақсы көрсеткіштермен қатар, өсімдік тектес басқа мұнай сорбенттерімен салыстырғанда күріш қауызының тағы бір артықшылығы бар – бұл күріш қауызының қол жетімділігі мен арзандығы. Сонымен қатар, күріш қауызын қамыс сияқты ұсақтаудың қажеті жоқ, ал қауыз мұнайды өте тиімді жинайды және сонымен бірге жиналған мұнай өнімдерін оңай жинай алады, яғни ол өте жақсы жойылады [89, 90].



Сурет 18 – Сорбенттің мұнайды S_n және суды тарту S_b тәуелділігі, сорбент қатынасы; күріш қауызын мұнайды тартып алатын зат ретінде пайдалану жағдайындағы мұнай G және мұнайдан D мұнай қабаты қалыңдығынан H тазаланған су бетінің көрсеткіштері.


Әдетте сабан, жапырақтар мен қамыстың сабақтары, өсімдіктен шыққан сорбенттер алдын ала кептіріледі, содан кейін ұсақталады, содан кейін төгілген мұнайды кетіру үшін қолданылады. Қарастырылған сіңіргіштер төгілген мұнаймен 5-10 минут байланыста болады. Бұл жағдайда сорбенттер мұнаймен қанықтырылады, содан кейін механикалық түрде су бетінен бөлінеді.

Ұнтақталған қамыс сабанын мұнайды тартып алатын зат ретінде пайдалану 19 – суретте берілген. Қалдықтардың гидрофильділігі, яғни суға жақындықтың жоғарылауы капиллярлық құрылымда судың оңай сіңуіне әкеледі және сонымен бірге мұнай сіңіргіштігі сыртқы бетінде жабысқақ күштермен ұсталады. Сондықтан қамыс пен сабан төмен тұтқырлықпен салыстырғанда тұтқырлығы жоғары мұнайды жақсы және тиімді ұстайды.



Сурет 19 – Сорбенттің мұнайды S_N және суды тарту S_B тәуелділігі, сорбент қатынасы; ұнтақталған қамыс сабаны мұнайды тартып алатын зат ретінде пайдалану жағдайындағы мұнай G және мұнайдан D мұнай қабаты қалыңдығынан H тазаланған су бетінің көрсеткіштері


Зерттеу барысында 20 – суретте ағаш ұнтағының мұнайды сіңіретін қасиеттері қамыс пен сабанға қарағанда әлдеқайда нашар екендігі анықталды. Сонымен қатар, ағаш ұнтағының сабан мен қамыстан айырмашылығы капиллярлы құрылымы бар, бұл судың сіңірілуін арттырады және олардың көтергіштігін жоққа шығарады. Осыған байланысты су бетінен мұнайдың жұқа қабатын жинау үшін қолдану орынсыз деп саналады.



Сурет 20 – Сорбенттің мұнайды S_N және суды тарту S_B тәуелділігі, сорбент қатынасы; ағаш ұнтағы (опилка) мұнайды тартып алатын зат ретінде пайдалану жағдайындағы мұнай G және мұнайдан D мұнай қабаты қалыңдығынан H тазаланған су бетінің көрсеткіштері.


Бұл сорбенттің де капиллярлық құрылымының су сіңіргіштігі жоғары. 21 –

суретте қамыстың майдаланған жапырақтарын пайдаланғандағы мұнайды S_H және суды тарту S_B тәуелділігі, т.б. көрсеткіштері берілген.



Сурет 21 – Сорбенттің мұнайды S_H және суды тарту S_B тәуелділігі, сорбент қатынасы; мұнайды бойына тартып алатын қамыстың майдаланған жапырақтарын пайдаланған жағдайындағы мұнай G және мұнайдан D мұнай қабаты қалыңдығынан H тазаланған су беті.

22 - суретте «Питсорб» мұнай сорбентін пайдалану жағдайындағы сорбенттің мұнайды S_H және суды тарту S_B тәуелділігі, сорбент қатынасы берілген. «Питсорб» сорбенті 2000 жылдардан бері қолданыстағы торфты сорбент болып табылады. Мұнай тарту тәуелділігі 4-6 г/г, суды сіңіргіштігі 1,84 г/г, апаттық төгілген мұнай өнімдерін жауып, оны жинап алғаннан кейінгі қалдықтар өртеуге немесе, көмуге жарамды. Қоршаған ортаға зияны жоқ болғанымен, өзіндік құны жоғары, өсімдік тектес сорбенттерден әлдеқайда қымбат.



Сурет 22 – Сорбенттің мұнайды S_H және суды тарту S_B тәуелділігі, сорбент қатынасы; «Питсорб» мұнай сорбентін пайдалану жағдайындағы мұнай G және

мұнайдан D мұнай қабаты қалыңдығынан H тазаланған су беті.

Жоғарыда белгілі өсімдік қалдықтарының сорбент ретіндегі жалпы кемшілігі, олардың төмен технологиялық тиімділігі болып табылады. Дегенмен мұнай сіңіргіштігі мен суды тарту, мұнай жинау, сорбенттік қатынасы бойынша тиімді мұнай сорбенті-күріш қауызы болып табылды [91,92].

3.2.2 Сорбенттік материалдарды таңдау

Сорбциялық сыйымдылық сіңірілген мұнай массасының мұнаймен ластанған сорбент массасына қатынасы ретінде анықталды және формула бойынша есептелді:

$$C = (г/г) = m (\text{мұнай}) / m (\text{сорбент})$$

Жергілікті сорбент ретінде күріш қауызымен күріш сабанының мұнай сыйымдылығы салыстырмалы сұлы, қамыс, ағаш ұнтағынан жоғары болғанымен, термиялық өңделген қабықтардан жоғары емес. Бұл жағдай, жоғарыда айтылғандай, ТӨСҚ бетінде әртүрлі мөлшердегі кеңістіктердің болуымен түсіндіріледі, онда сәйкесінше әртүрлі молекулалық салмақтағы мұнай компоненттері мөлшері сорылады [91].

Термиялық өңделген сұлы қабығы сияқты күріш қауызы немесе сабанымен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір сорбентінің беткі кеуектік көлемі ұлғаюынан, сіңіру қабілеті де жоғары болады.

1.Күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір сорбентінің сипаттамасы

Күріш қауызы мен сабан зертханалық диірменде ұнтақ күйіне дейін ұсақталды. Күріш қауызы мен мұнай шламының арақатынасы бойынша Со-термолизі 9:1, 8:2, 7:3, 6:4, 5:5 биіктігі 250 мм және ішкі диаметрі 25 мм баспайтын болаттан жасалған құбырлы пеште 500°C температурада және карбонизатты 800°C температурада су буымен белсендіру арқылы жүргізілді. Күріш қауызы мен мұнай шламын бірлесіп өңдеу жалпы әдістеме бойынша жүргізілді: күріш қауызы мен мұнай шламының қоспасы түтікшелі пешке әртүрлі арақатынаста 9:1, 8:2, 7:3, 6:4, 5:5 орналастырылады, герметикаланады және минутына 10°C-тан 500°C-қа дейінгі температураны көтеру жылдамдығымен карбонизацияланады және осы температурада 100 минут ұсталады. Белсендіру 800°C температурада жүзеге асырылады. Әр түрлі арақатынаста со-термолизде карбонизаттың шығуы 27,9-32,5% құрайды. Күріш қауызы мен мұнай шламының 9:1 массалық қатынасында су бойынша кеуектілігінің жиынтық көлемі - 1,41 см³/г болса, йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 46,99%. Осыған дейін күріш қауызынан алынған активтендірілген көмірдің йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 20-25% төмен адсорбциялық белсенділік құраған [91, 6.77-79].

2. Күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір сорбентінің сипаттамасы

Күріш сабаны зертханалық диірменде ұнтақ күйіне келтірілді. Күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі биіктігі 250 мм және ішкі

диаметрі 25 мм тот баспайтын болаттан жасалған құбырлы пеште жүргізілді. пешке 9 г күріш сабаны мен 1 г мұнай шламының қоспасы (жұмысқа сәйкес оңтайлы қатынаста, карбонизация 350-500°C температурада жүргізілді, содан кейін түтік пешінің төменгі жағынан 750-900°C температурада су буын беруге арналған ыдыс қосылды. Белсендірілген көмірдің шығуы алынған сабан мен мұнай шламының қоспасының массасының 20,0-29,0% құрайды [92].

Күріш сабаны мен мұнай шламының 9:1 массалық қатынасында карбонизатты активтендіру температурасында 900°C-та, су:карбонизат = 2:1 (ең оңтайлы) болғанда су бойынша кеуектілігінің жиынтық көлемі - 1,35 см³/г, активтендіру температурасы 850°C-та су:карбонизат = 2:1 (ең оңтайлы) болғанда су бойынша кеуектілігінің жиынтық көлемі - 2,12 см³/г, ең жоғары 850°C-та су:карбонизат = 1:1 болғанда су бойынша кеуектілігінің жиынтық көлемі - 2,20 см³/г жетеді. Йод бойынша адсорбциялық белсенділігі 94,03%, яғни артықшылығы осыған дейінгі алынған сорбенттерден жоғары адсорбциялық белсенділік құрады [92].

Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері бойынша күріш сабаны мен мұнай шламын 9:1 қатынасында, карбонизация температурасы 500°C, ұзақтығы 100 мин, активтендіру температурасы 850°C, су:карбонизат = 2:1 (ең оңтайлы) қатынасында алынған өнім активтендірілген көмірге сәйкес келеді (МЕСТ 6217-74. Уатылған белсенді ағаш көмірі).

Күріш сабанына қосылған мұнай шламы Қызылорда облысының аумағында орналасқан «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Құмкөл резервуарларынан алынды.

Мұнай шламының көмірсутек құрамын зерттеу Agilent 7890A/5975C (АҚШ) газды хромато-масс спектрометрінің көмегімен жүргізілді. Сынаманың көмірсутек құрамы 16-кестеде келтірілген.

Кесте 16 - Хромато-масс спектрометриялық талдау нәтижелері бойынша көмірсутектердің топтық құрам

Мұнай шламындағы көмірсутектер тобы	Сандық мазмұны, %
	«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ резервуарларынан алынған мұнай шламы
Парафиндер	46,38
Конденсацияланбаған циклопарафиндер	27,71
2 сақиналы конденсацияланған циклопарафиндер	8,45
3 сақиналы конденсацияланған циклопарафиндер	6,92
Бензолдар	2,74
Нафтенобензолдар	0,10
Динафтенобензолдар	0,10
Нафталиндер	3,66
Аценафтендер	2,96
Фенантрендер	0,98

Реологиялық қасиеттері, яғни тығыздығы, фракциялық құрамы, күкірттің массалық үлесі, жану жылуы, зерттелетін мұнай шламының механикалық қоспалары мен хлорлы тұздарының құрамы белгілі әдістемелерге сәйкес (МЕСТ 3900-85; МЕСТ 2177-99; Р МЕСТ 51947-2002; МЕСТ10577-78; МЕСТ 21534-76) жүргізілді. Алынған мұнай шламына жасалған реологиялық талдау 17-кестеде көрсетілген.

Кесте 17 - Мұнай шламының реологиялық қасиеттері

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштері
	«ПетроҚазақстан Кұмкөл Ресорсиз» АҚ резервуарларынан алынған мұнай шламы
Тығыздығы, кг/м ³ 20°С кезінде	836,4
Фракциялық құрамы, %	
200°С	11
300°С	39
350°С	54
Күкірттің массалық үлесі, %	0,024
Жану жылуы, кДж/г	44,987
Механикалық қоспалардың құрамы, %	0,027
Хлорлы тұздардың құрамы, мг/дм ³	28,46

Зерттелетін мұнай шламының тығыздығы ареометрді сыналатын өнімге батыру және анықтау температурасы кезінде ареометр шкаласы бойынша көрсеткіштерді алу және нәтижелерді 200°С температура кезінде тығыздыққа қайта есептеу арқылы анықталды.

Зерттелетін мұнай шламының фракциялық құрамы сыналатын үлгінің 100 мл аралай отырып, АРН-ЛАБ-02 аспабының көмегімен және термометр көрсеткіштері мен конденсат көлеміне тұрақты бақылау жүргізу арқылы анықталды. Зерттелетін мұнай шламындағы күкірттің массалық үлесі зерттелетін үлгіні рентген сәулелерімен сәулелендіру кезінде қозатын күкірттің флуоресцентті сәулеленуінің қарқындылығын өлшеу арқылы GF2e (Ресей) Спектроскан-Макс құрылғысында анықталды.

Зерттелетін үлгінің жану жылуы ІКА-Werke (Германия) фирмасының С2000 калориметрінде Сығылған оттегі ортасында калориметриялық бомбада алдын ала өлшенген масса толық жанған кезде және жану кезінде бөлінетін жылу мөлшері мен қосымша заттар өлшенген кезде анықталды.

Механикалық қоспалардың құрамы зерттелетін мұнай шламын бензинде алдын ала еріте отырып сүзгілеу және сүзгіштегі тұнбаны еріткішпен жуу, содан кейін кептіру және өлшеу арқылы анықталды.


Осылайша, мұнай шламын физика-химиялық зерттеулер олардың жоғары тұтқыр көмірсутектер санатына жататындығы және белгіленген қасиеттері оларды қатты органикалық қалдықтармен бірге термолиз үшін пайдалануға болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

18 - кестеде күріш сабаны мен мұнай шламының Со-термолизі алынуының эксперименттік зерттеулерінің нәтижесі көрсетілген.


Кесте 18 - Күріш сабаны мен мұнай шламының Со-термолизі

Көрсеткіштің атауы	Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Карбонизация температурасы, °С	500	350	400	450	500	500	500	500	500	500	500
Карбонизация ұзақтығы, мин	100	100	100	100	100	100	50	150	100	100	100
Карбонизаттың шығуы, масса. %	31,1	32,5	31,6	30,8	31,1	31,1	31,6	27,9	31,1	31,1	31,1
Карбонизатты активтендіру температурасы, °С	850	800	800	800	750	900	850	850	850	850	850
Су қатынасы: карбонизат	2:1	2:1	2:1	2:1	2:1	2:1	2:1	2:1	3:1	4:1	1:1
Активтендірілген көмірдің шығуы, масс. %	22,1	25,2	24,6	27,3	28,3	24,0	22,4	20,0	25,3	25,0	29,0
Йод бойынша адсорбциялық белсенділігі, %	94,03	60,97	51,84	49,29	73,34	92,71	45,58	42,24	31,75	35,56	30,47
Судағы кеуектілігінің жиынтық көлемі, см ³ /г	2,12	1,43	1,99	0,98	1,93	1,35	0,94	1,51	1,09	1,13	2,20
Білгалдың массалық үлесі, %	0,06	0,52	0,85	0,41	0,58	1,26	7,20	0,32	1,68	1,09	2,33
Сусымалы тығыздығы, г/дм ³	144,7	154,0	142,4	141,9	143,2	168,0	167,3	149,9	117,7	124,3	114,9

24 - 25 суреттерде берілген сорбент тиімділігінің негізгі көрсеткіші оның сорбциялық қабілеті болып табылады. Бұл нақты беттік дәрежесіне байланысты: нақты беткі кеуектік көлемі неғұрлым көп болса, сіңіру қабілеті соғұрлым жоғары болады.



Сурет 24 – Күріш қауызымен мұнай шламынан алынған активтендірілген көмірдің микрокөрінісі



Сурет 25 – Күріш сабанымен мұнай шламынан алынған активтендірілген көмірдің микрокөрінісі

Алынған активтендірілген көмірдің беті JSM-6510 LV электронды микроскопында JEOL (Жапония) арқылы зерттелді.

Сорбенттердің мұнаймен қанығуының алынған нәтижелерінің негізінде уақыт өте келе 20°C температурада сорбцияның сорбент түріне тәуелділігі құрылған. Мұнай сіңірілуінің байланыс уақытына тәуелділігі 19 - кестеде келтірілген, мұнаймен қаныққандығының алынған нәтижелерінің негізінде 20-22°C температурада сорбцияның сорбент түріне тәуелділігі құрылады.


Кесте 19 - Сорбенттердің мұнай сіңірілуінің байланыс уақытына тәуелділігі

Сорбент түрі	5 мин	15 мин	30 мин	45 мин	60 мин
Ағаш ұнтағы (опилка)	2,52	2,53	2,57	2,58	2,58
Сұлы қауызы	1,8	1,9	2,2	2,9	3,0
Күріш қауызы	3,8	4,31	5,58	5,97	6,04
Күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір	4,31	5,68	5,92	6,04	6,10

Жалпы алғанда мұнайды сіңіру мүмкіндігі сорбент ретінде күріш қауызында да жоғары, сұлы қабығы одан кейінгі орында. Бірақ сұлының да термиялық өңделген қабығының мүмкіндігі жоғары [91-94].

3.3 Үлгіге алынған жергілікті сорбциялық материалдардың мұнай сиымдылығын анықтау

Жергілікті сұлы қауызы (СҚ), оның термиялық өңделген сұлы қауызы (ТӨСҚ) сорбенттерінің мұнайды сіңіруін уақыт бойынша қарастырғанда, 26-суретте келтірілген графигі бойынша сорбциялық материалдардың негізгі массасы сорбатпен жанасуының алғашқы 3 минутында сорбцияланатыны анық. Өзара әрекеттесу уақытының одан әрі артуы айтарлықтай өзгеруіне әкелмейді. Термиялық өңделген сұлы қауызы сорбентіндегі (ТӨСҚ) максималды мұнай сыйымдылығының мәні (6,01 г/г) құраса, өңделмеген сұлы қауызы (СҚ) мен белсендірілген көмір (БК) сиымдылығы 1,2 – 2,0 г/г.




Сурет 26 - Сорбциялық материалдардың мұнай сиымдылығының уақытқа (минут) тәуелділігі

Бұл жағдай, жоғарыда айтылғандай, ТӨСҚ бетінде әртүрлі мөлшердегі кеңістіктердің болуымен түсіндіріледі, онда сәйкесінше әртүрлі молекулалық салмақтағы мұнай компоненттері мөлшері сорылады. Салыстырмалы өлшемдегі кеңістіктері бар белсендірілген көмір (БК) жағдайында тек тар өлшемді қатардағы көмірсутектер сорылады. Жалпы алғанда сорбент ретінде ТӨСҚ, СҚ да мұнайды сіңіру мүмкіндігі жоғары [89-94].

Күріш қауызы - минералды компоненттердің көптігімен ерекшеленеді, олардың 80...95% - ы кремний диоксидінің үлесіне келеді. Сорбенттің бетіне сіңірілген мұнай күріш қабығын сығу арқылы алынады. Алынған мұнай тағайындалуы бойынша қолданылады, ал сорбент қайта пайдалануға жіберіледі [55-59, 89]. Күріш қабықтарының сорбциялық қабілеттілігі технологиялық параметрлері бойынша барлық басқа тексерілген өсімдік тектес сорбенттерден асып түседі. Сынақ параметрлері келесідей болды: арақатынас: мұнай; мұнай сіңіру: ластанған беттің тазару дәрежесі; жиналған мұнайды пайдалану дәрежесі; сорбенттің регенерациясы, сондай-ақ жиналған мұнайды және пайдаланылған өсімдік қалдықтарын пайдалану дәрежесі және т.б.

Жергілікті күріш қауызы (КҚ), оның термиялық өңделген күріш қауызы (ТӨКҚ), майдаланған қамыс (МҚ) сорбенттерінің мұнайды сіңіруін уақыт бойынша қарастырғанда, 27 - суретте келтірілген графигі бойынша мұнда да сорбциялық материалдардың негізгі массасы сорбатпен жанасуының алғашқы 3 минутында сорбцияланатыны анық. Күріш қауызымен оның термиялық өңделген түрі қамыспен салыстырғанда мұнайды жақсы сіңіреді.



Сурет 27 - Сорбциялық материалдардың мұнай сыйымдылығының уақытқа (минут) тәуелділігі. КҚ – күріш қауызы; ТӨКҚ – термиялық өңделген күріш қауызы; МҚ – майдаланған қамыс

Жоғарыда аталған сорбциялық сыйымдылығының мәндерін анықтау үшін күріш қауызы, мұнаймен қаныққан үлгісі зертханалық таразыларда өлшеніп, сорбцияланған мұнайдың массасы анықталды.

Мұнайдың топырақ бетіне сорбенттермен төгілуін жою кезінде мұнайдан басқа су да сіңеді. Сондықтан сорбентті таңдағанда судың сіңуіне ерекше назар аудару керек. Ылғалды сіңіру арқылы сорбенттер салмағын жоғарылатады, бұл олардың майға төзімділігін төмендетеді, яғни сорбентті қолдану тиімділігін төмендетеді [].

3.3.1 Табиғи сорбенттер пайдалана отырып, мұнаймен ластанған топырақты тазалау үлгілері

Пайдаланылатын сорбенттердің сорбциялық қасиеттері анықталғаннан кейін тікелей мұнаймен немесе мұнай өнімдерімен ластанған топыраққа таңдалған сорбенттердің белгілі мөлшерлері енгізілді. Ол үшін Құмкөл кен орны қалдықтарды уақытша сақтау орнынан алынған топырақтың ластану көрсеткішімен радиобелсенділігі (20 - кестеде) анықталды. Құмкөл кен орнындағы мазутталған топырақты уақытша сақтау орнында үлгілерді алу «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» СҚ ҚР ҰЭМ 27.03.2015 № 261 бұйрығына сай

жүргізілді. Мұнаймен ластанған топырақтан (20 - кесте бойынша) алынған үлгілердегі топырақтың орташа радиобелсенділігі – 1345 Бк/кг құрады. Мұнай қалдықты топырақ салынған № 3, 5, 6 контейнерде белсенділік жоғары болды.

Кесте 20 - Құмкөл кен орнындағы радиобелсенділікті зерттеу нәтижелері

№	Үлгінің атауы	Сынама алу нүктесі, күні	Радионуклидтердің тиімді белсенділігі, Бк/кг	Меншікті тиімді рұқсат етілген белсенділік деңгейі (Бк/кг)
1	Мұнай қалдықты топырақ №1	Құмкөл кен орны (қалдықтарды уақытша сақтау орны) 24.08.2019	1055,0	1500
2	Мұнай қалдықты топырақ №2		1062,0	
3	Мұнай қалдықты топырақ №3		1520,0	
4	Мұнай қалдықты топырақ №4		1290,0	
5	Мұнай қалдықты топырақ №5		1580,0	
6	Мұнай қалдықты топырақ №6		1566,0	
Орташа тиімді белсенділігі - 1345,0				

Радиоактивтілікке топырақ құрамын зерттеу гамма-спектрометриялық әдіспен "Прогресс" Г № 06141 және "Прогресс" Г № 9758 аспапта жүргізілді, олар тексеруден өтті. Гамма-спектрометриялық талдау заманауи талдаулардың ең сезімтал және селективті әдістерінің біріне жатады. Спектрометрлер компьютермен толығымен басқарылады. Бағдарламалық қамтамасыз ету Windows платформасында жұмыс істейді.


21 - кесте бойынша мұнай қалдықты № 4 контейнердегі 5% ластанған радиобелсенділігі – 1290 Бк/кг топырақпен 5 контейнердегі 7% ластанған 1580 Бк/кг топырақтан әрбір үлгі бойынша 1000 грамм алып, әрқайсының үстіне 300 грамм аталған сорбенттермен араластырып, 20°С-тан жоғары температурада қалдырамыз да, әрбір 10 күн сайын топырақтың гамма-спектрометриялық әдіспен радиобелсенділігін өлшейміз. Топырақтағы мұнайды өлшеу РД 39 - 0147098 – 015 - 90 нұсқаулығының «Топырақтағы мұнай және мұнай өнімдерін анықтау әдістері» 3-қосымшасымен жүргізілді.

Кесте 21 - Құмкөл кен орны қалдықтарды уақытша сақтау орнынан алынған топырақты сорбенттермен тазалау және радиобелсенділікті бақылау

Сорбент түрі	Күндер											
	10				20				30			
	5%		7%		5%		7%		5%		7%	
	Бк/кг	мүн, %	Бк/кг	м, %	Бк/кг	м, %	Бк/кг	м, %	Бк/кг	м, %	Бк/кг	м, %
Ағаш ұнтағы	1250	5	1580	7,0	1210	4,8	1577	6,8	1170	4,6	1562	6,6
Сұлы қауызы	1230	4,8	1572	7,0	1200	4,6	1436	6,3	1075	3,6	1300	6,3
Күріш қауызы	1205	4,8	1570	7,0	1200	4,6	1450	6,4	1100	3,8	1300	5,6
Күріш сабаны мұнай шламы қоспасы Со-термолизі нәтижесінде алынған БК	1240	4,78	1570	7,0	1210	4,4	1460	6,2	1030	3,4	1220	5,0

Сорбенттерді қолдану барысында олар мұнаймен ластанған топыраққа салынды. Алғашқы 10 күнде айтарлықтай өзгеріс байқалмады. 30 күннен кейін күріш қауызымен, сұлы қауызы сабанымен қосылған топырақта және Со-термолизі нәтижесінде алынған АК салынған топырақтың радиобелсенділігімен мұнай көрсеткіштері төмендеді. Біз сорбенттердің термиялық өңдеуден кейінгі мұнай сиымдылығының артқандығын көріп отырмыз.

Сондықтан күріш тазалаудан шыққан қауызбен сабанды сорбент ретінде пайдалану тиімділігі, оның жергілікті сорбент ретіндегі зерттелген көрсеткіштерін жоққа шығармайды, сонымен бірге термиялық өңдеуден кейінгі тиімділігі артқандығын көрсетеді. 28 - суретте берілген график бойынша сұлы қауызымен күріш қауызының мұнайды сіңіру дәрежелері бір-біріне жақын болып келеді. Ағаш ұнтағының су бетіндегі мұнайды сіңіретін қасиеттері камыс пен сабанға қарағанда әлдеқайда нашар екендігі анықталған болатын, соған сәйкес топырақта да мұнай сиымдылығы күріш, сұлы қауызынан төмендігін байқауға болады. Бұл сорбенттің де капиллярлық құрылымының су сіңіргіштігі жоғары.



Сурет 28 - Топырақты сорбенттермен тазалау үлгілері

Үлгіге алынған сорбенттерден күріш сабаны мен мұнай шламы қоспасының Со-термолизі нәтижесінде алынған активтендірілген көмір зертханада алынған жаңа сорбент болып табылады [91-93].


3.3.2 Күріш сабаны мұнай шламы қоспасы Со-термолизі нәтижесінде алынған АК сорбентімен сынамалар жүргізу

Күріш сабаны мұнай шламы қоспасы Со-термолизі нәтижесінде алынған АК сорбентіне жүргізілген сынамалар нәтижесінде оның тазарту мүмкіндігін және салынатын қоспа көлемінің тиімділігін нақтылау үшін, 3 үлгі сынама жүргізілді: 3 ыдысқа өлшенген 100 гр топыраққа 160 мл мұнай құйылды және алынған сорбент әр түрлі массада салынды. Тәжірибелік жағдайда алынған сорбенттер таблетка пішіндес (29-суретте), массалық көлемдері 0,116-0,186

грамм аралығында. 1-ші мұнайлы топыраққа 0,300 грамм салынса, 2-шіге 0,210 грамм, 3-ші ыдысқа 0,148 грамм салынды. 30-суретте үш үлгі бойынша алынған сорбенттердің салмақтық қатынасының топырақтағы мұнай өнімдеріне тиімді әсері бақылау күндері бойынша қарастырылған. Алғашқы 1-5 күнге дейін бетін жабық ыдыста қалдырған топырақта араласқан сорбент әсері айтарлықтай байқалмайды. 5 күннен 15 күн аралығында аздап өзгеріс байқалады, ал күн сәулесі жақсы түсетін жерде тұрған топырақта бұл процестің жылдамдайтындығын байқауға болады.



Сурет 29 - Күріш сабаны мұнай шламы қоспасы Со-термолизі нәтижесінде алынған БК сорбенті



Сурет 30 - Үлгі сынамаларға сорбенттердің салмақтық қатынасы бойынша тиімді әсерін бақылау

3-4 апта уақыт өткеннен кейін топырақтағы мұнай өнімдерінің мөлшері гравиметриялық әдіспен анықталды. Екінші және үшінші ыдыстағы топырақтағы мұнай мөлшері 2 - 2,4 % төмендеген болса, бірінші ыдыста мұнай 4% төмендеген. Осы тәжірибе нәтижесі бойынша, бірінші ыдыстағы тәжірибе оң нәтижелі болғандықтан, 1 кг топыраққа 3 грамм сорбент, 10 кг-ға 30 грамм, 100 кг-ға 300 гр, 1000 кг топыраққа – 3 кг сорбент салынып, өңдеу қарастырылды.

3.4 Топырақты радионуклидтерден тазартудың сұйықтықпен дезактивациялау әдістері

Тәжірибе көрсеткендей, топырақты тазартудың тиімді тәсілдерінің бірі - процестің тиімділігін арттыратын қоспаларды енгізуге жол беретін сұйықтықпен дезактивациялау (жуу) болып табылады. Оның сулы және сусыз жолдары бар, бірінші қамтиды:

Сусыз технология - бұл топырақты сұйық аммиакпен немесе түрлі қоспалары бар аса сыни көміртегі диоксидімен зарарсыздандыру.

Сумен өңдеу радионуклидтердің суда еритін нысандарын топырақтан жуу үшін олардың өсімдіктер тамырлары мен жер асты суларының өтуін азайту мақсатында қолданылуы мүмкін, бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл тәсіл

жоғары емес тиімділікпен сипатталады, өйткені радионуклидтік ластанудың басым бөлігі жеткілікті түрде берік сорбцияланған.

Органикалық емес қышқылдардың су ерітінділерімен өңдеу топырақты дезактивациялаудың ең қарапайым және арзан тәсілі болып табылады. Қышқыл радионуклидтердің су фазасына өтуіне ықпал етеді, яғни дезактивация коэффициенттерінің артуына әкеледі. Көбінесе топырақты жуу үшін тұз қышқылын пайдаланады [73, б.69]. Күкірт және плавик қышқылдарының ерітінділері әсіресе кальций жоғары болған жағдайда топырақтарды нашар белсендіреді.

Қышқылмен жуудың тиімділігін арттыру үшін ерітіндіге түрлі қоспаларды енгізуге болады, мысалы:

- құрамында Ca^+ , NH_4^+ , Na^+ немесе K^+ бәсекелес емес иондар бар тұздар, олар десорбция дәрежесін жоғарылатады және басқа моновалентті металл радионуклидтерінің ^{137}Cs -дің кері сорбциясын болдырмайды;

- құрамында фторидті немесе силикофторидті иондары бар тұздар, алюмино силикатты тордың жартылай бұзылуына ықпал етеді, демек радионуклидтердің десорбция дәрежесін жоғарылатады;

- көп зарядталған иондар (Fe^{3+}) бар тұздар, бәсекелес иондар ретінде ^{137}Cs және басқа моновалентті металл радионуклидтердің десорбция дәрежесін арттырады.


- торий, уран, плутоний, америка және радий радионуклидтерін ерітіндіге ауыстыруға және тұрақтандыруға арналған кешен түзгіштер (EDTA, цитраттар, оксалаттар, 8-гидроксицинолин және т.б.);

- топырақтың органикалық құрамдас бөлігін бұзу үшін тотықтырғыштар (H_2O_2), ол сондай-ақ радионуклидтерді ұстап тұруы мүмкін.

Төмен өткізгішті сазды топырақты «*in situ*» әдісімен жуу қиын, ал бұл қасиет электрохимиялық өңдеуге кедергі болмайды. Осы себепті электр өрісін қолдана отырып өңдеу жоғары тиімділікті көрсетеді. Шаю әдістері лай мен саздың жоғары болуы кезінде тиімсіз, бұл шайынды сулардағы ұсақ дисперсті бөлшектерде сорбцияланған ластануды алып тастаудың қиындықтарына байланысты [95].

Ресей ғалымдары жоғары температуралы қалпына келтіру, күйдіру, радий және оның өнімдерін ыдырату, еріту, сорбция, десорбциялау, шаймалау және басқа да процестерді пайдалануға негізделген көмірсутектер кен орындарының радиоактивті шламдары мен тұздарын дезактивациялаудың жаңа технологиясының ғылыми негіздерін әзірленген. Осы технология негізінде мұнайлы радиоактивті қалдықтарды дезактивациялауға арналған тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғы жобасы жасалып, аппаратура мен жабдықтар дайындалып, 100 тоннадан астам радиоактивті шламдарды дезактивациялау жүргізіліп, нәтижесінде радий қатты ерімейтін күйдегі өнімдерге өтіп, белсенділік 10 есеге төмендеген және мұнайлы қалдықты залалсыздандыру құны да төмендеген [73, б.70].

Радиоактивті топырақты дезактивациялаудың принциптік технологиялық схемасы (31-сурет) радионуклидтердің табиғатына байланысты.



Сурет 31 - Радиоактивті топырақты дезактивациялаудың принциптік технологиялық схемасы


Радиоактивті ластанған топырақты жоғарыда көрсетілген қоспалардың су ерітінділерімен (сілтілі натрий карбонаты фторидтері, кешенді тұзгіштер, тотықтырғыштар) қышқыл енгізбестен өңдеуге болады. Бұл әдістер топыраққа жайлы, бірақ қышқылмен жууға қарағанда тиімділігі төмен.

Радиоактивті топырақты дезактивациялау технологиясының бірінші кезеңінде ластанудың көлемі мен үлестік белсенділігін, көмірсутектердің радий анамалыясынан ластану дәрежесін, оның радий бойынша қарама-қарсылығын, радиобелсенділігіне қарай шағын бөлшектерге айыру параметрлерін бағалау қажет. Маңызды кезең сонымен қатар топырақтың жоғарғы құнарлы қабатының ластану дәрежесін бағалау және оны қарапайым жуу арқылы оның ластануын азайту мүмкіндігі болып табылады. Келесі кезеңде радийді ыстық сумен және ыстық тұз қышқылының ерітіндісімен сілтілеу мүмкіндігін, сондай-ақ жоғары температуралы тазартудың тиімділігін тексеру қажет. Мұнай кен орындарының суларында радий әрқашан өзінің химиялық аналогы - бариймен бірге болады және олар әдетте еріген күйде болады. Егер сульфат иондарының мөлшері суда өссе, онда радий мен барий $Ba(Ra)SO_4$ радиобариті түрінде тұндырылады [96-98].

3.4.1 Мұнай өнімдерімен және радиобелсенді заттармен ластанған топырақты термиялық және қышқылмен шаймалау жолымен тазалау үлгілері

Ұсынылатын тағы бір техникалық әдіс - ауыр майлар мен битумдарды алу кезінде топырақтың органикалық және минералды бөліктерін бөлу әдісі. Бұл әдіс топырақты өңдеудің келесі кезеңдерін қамтиды: шикізатты пайдаланылған түтін газдарымен және ыстық өңделген топырақпен алдын ала қыздыру; жеңіл көмірсутектер мен су буын шығарумен ауыр көмірсутектердің пиролизі және кокстеу; камераға ауа айдайтын коксты жағу. Ластанған топырақты тазарту нәтижесінде осы әдіс бойынша сұйық мұнай өнімдері, отындық газ, құрғақ таза топырақ бөлінеді. Осы тәсілді мұнаймен және радиоактивті компоненттермен ластанған топырақты тазалау үшін қолдану кезінде мұнай ластануларынан тазартудың жоғары дәрежесіне қол жеткізіледі. Алайда радиоактивтілік бұл ретте қатты қалдықта шоғырланады, ал белсенділік 1,5 есе өседі. Сондықтан ары қарай қатты қалдықтар $Ba(Ra)SO_4$ радиобаритті ерітіп, топырақты радиоактивті ластанудан қосымша тазарту есебінен бұл тәсілдің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге болады [98].

Қойылған міндет 32 – суретте ластанған топырақты термиялық өңдеуді қамтитын тәсілмен қол жеткізіледі. Термиялық өңдеуден кейін топырақ 80-85°C температурада 3-4 сағат бойы айналым режимінде қойылтылған күкірт қышқылымен өңделеді.



Сурет 32 - Мұнай өнімдерімен және радиобелсенді заттармен ластанған топырақты тазалау үлгілері

«Жаңа» төгілулерде топырақты ыстық бумен өңдеу өте тиімді болуы мүмкін. Сонымен қатар, залалсыздандыру өнімінде бұдан әрі мұнай өнімдері және еритін тұздар болмайды (мысалы, $NaCl$). Ыстық тұз қышқылының ерітіндісімен зарарсыздандыру, әдетте, термохимиялық өңдеуге ұшыраған топырақ бөліктеріне ғана қолданылады. Ыстық тұз қышқылының ерітіндісімен зарарсыздандыру, әдетте, термохимиялық өңдеуге ұшыраған топырақ

бөліктеріне ғана қолданылады. Қышқылмен шаймалау суға әр түрлі ертінділер қосып шаюға қарағанда радионуклидтерді топырақтан шығаруда тиімді болып табылады [95,96].

Топырақтағы, шламдардағы қалдықтардағы ластаушы радионуклидтер ауыр металдардың аналогтары болып табылады. Оларды жоюға немесе улы емес жағдайға ауыстыруға болмайды. Радионуклидтердің болуы қалдықтарды қоршаған орта үшін ұзақ мерзімді қауіп көзіне айналдырады. Радионуклидтердің сипаты олардың химиялық және физикалық қасиеттерімен, қалдықтар мен топырақ матрицасының қасиеттерімен анықталады. Металдармен ұқсастығына қарамастан, радиоактивті ластағыштар бірқатар ерекшеліктерге ие:

7. Радиоактивті шаңды жұтумен байланысты ішкі альфа -, бета және гамма-сәулелену;

8. Ластанған қолдар арқылы РН түсуімен байланысты ішкі альфа -, бета және гамма-сәулелену.

Шартты түрде өндірістік жұмыстардың тиісті аймақтарына жатқызылған мұнай өндіру процесі тікелей радиациялық факторлардың әсерімен байланысты. Модельдеуде әсер етуші радиациялық факторлар үлгісі 1-8 аралығын қамтыса, ал мұнай өндіру аймағы А-И аймағы аралығын қамтиды.:

А. Сағалық алаң (1,2,6,7,8).

Б. Топтық өлшеу құрылғылары (ГЗУ) алаңы және мұнай жинау құбырларының трассалары (1,2,6,7,8).

В. Жинау пунктiнiң алаңы (1,2,3,4,5,6,7,8).

Г. Мұнайды дайындау қондырғысының алаңы (1,2,3,4,5,6,7,8).


Д. ППД сорғылар мен құбырлар алаңы (1,2,3,4,5,6,7,8).

Е. Мұнай шламын жинайтын алаң (1,2,4,5,6,7,8).




И. Жабдықтарды жөндеу және сақтау алаңы (1,2,3,6,7,8).

Осылайша, МГК кәсіпорындарының персоналына радиациялық және радиоэкологиялық факторлардың ұсынылған әсер ету моделін ескере отырып, А-И аймағында Ф 1- 8 барлық көрсетілген факторларын бағалау жүргізілуі тиіс. Адамның сәулелену қаупі, негізінен, мынадай параметрлерге: радионуклидтер шығаратын иондаушы сәулелену түріне; радионуклидтердің белсенділігіне; радионуклидтердің адам организміне түсу жолдарына; басқа да бірқатар жағдайларға, оның ішінде организмнің жеке ерекшеліктеріне байланысты. Әдеби дереккөздердің [121-122] мәліметтері бойынша жарылыс жүргізу орындарында адамның ұзақ уақыт бойы болуы, тіпті сыртқы салыстырмалы түрде аздаған радиациялық ластануы кезінде де адамның иммундық және қан түзетін жүйелерінің жағдайына әсер етуі мүмкін.

42 - суретте мұнай өндіру мен өңдеу кезіндегі радиациялық және радиоэкологиялық факторлардың әсер ету көздерінің схемасы берілген.



Сурет 44 - Мұнай өнімдерімен буллит ыдыста (а) радионуклидтердің кіруі мен қайта бөліну схемасы (жалғасы 108 бетте)



Сурет 44 - Мұнай өнімдерімен насоста (б), арматура және СКҚ (сорапты компрессорлы құбырларда) (в) және құбыр жолында (г) радионуклидтердің кіруі мен қайта бөліну схемасы

1 - технологиялық өніммен кіруі; 2 - технологиялық өніммен шығуы; 3 - шөгінділер мен шөгінділер түріндегі жинақталған өніммен шығуы; 4 - ағындылармен шығару (алаңға, топыраққа); 5 - қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі механикалық шығару; 6 - бөлшектелген жабдығы бар механикалық тасымалдау кезінде шығуы; 7 - газбен шығу; 8 - мұнай шламын түсіру және шөгінділерді тазалау кезіндегі шығуы; 8 - мұнай шламын түсіру және шөгіндіні тазалау кезінде; 9 - ластанған топырақтан радонның бөлінуі (эксхалляциясы); 10 - ластанған топырақтан аэрозоль түрінде шығуы.

Ластанған объектілерге жақын бірқатар кенттерде қатерлі ісіктің сирек түрлерімен ауру жағдайлары санының артуы байқалды [123, 124].

Жұмысшыларға әсер ететін мұнай өндірудің технологиялық сатыларында жинақталатын және таралатын радионуклидтердің әсер етуі, оның пайда болу кезеңдерімен байланысты:

1. Қабаттық судан РН бөлінуі;
 2. Қабаттық су ағатын орындарда, мұнай шламы төгілген жерлерде, жер амбарларында орналасқан орындарда РН топыраққа түсуі;
 3. Құбырлардың, сорғылардың, арматураның қабырғаларында РН бар шөгінділердің пайда болуы;
 4. Шөгінділерден, мұнай шламынан, топырақтан, қабаттық судан, ілеспе газдан радонның бөлінуі;
 5. Құрамында РН аз сыйымдылықты жабдықта консистентті мұнай шламдарының пайда болуы;
 6. РН жоғары мөлшері бар сыйымды жабдықта сусымалы мұнай шламдарының пайда болуы;
 7. Көлемін азайту мақсатында мұнай шламын ішінара өңдеу;
 8. Сусымалы төгу және консистентті мұнай шламдарының топыраққа төгілуі, аэрозольдардың шөгуі;
 9. Мұнай шламы мен топырақты жинақтауыштарда орналастыру және уақытша сақтау;
 10. РН бар шөгінділері бар жабдықтарды сақтау және жөндеу [125].
- Ластанған құбырлар мен ыдыс-жабдықтардағы шөгінділер мен шламдардың тұнбасы айтарлықтай дозаларға әкелуі мүмкін (30 - кесте).

Кесте 30 - Мұнай өндіру мен өңдеу салаларында құрал-жабдықтардағы сыртқы гамма-сәулелену дозасының қуаты

Орналасуы	Дозаның қуаты (мкЗв / сағ)
Ұңғыма құбырлары, сақтандырғыш клапандар (ішкі)	300-ге дейін
Ұңғымалардың сағалары, пайдалану коллекторы	0.1–22.5
Өндірістік желі	0.3–4
Сепаратор (ішінен өлшенетін шкаласында)	200
Сепаратор (сыртынан өлшенетін шкаласы)	15-ке дейін
Кәсіптік сулар	0.2–0.5

Мұнай-газ кешенінде радиациялық тәуекелге ұшыраған топтар жабдықтармен және мұнай кен орындарын тазалау және жөндеу жұмыстарын атқаратын жұмыскерлерді, қалдықтарды сақтау орындарының жұмыскерлерін және тұтастай алғанда халықты қамтиды.

Мұнай өндіру мен өңдеу салаларында құрал-жабдықтардағы сыртқы гамма-сәулелену дозасының қуаты әдетте сағатына бірнеше микрозиверт аралығында болады. Ерекше жағдайларда, өндірістік жабдықтың сыртқы беттерінде тікелей өлшенген дозаның жылдамдығы сағатына бірнеше жүздеген микрозиверттерге жетеді, бұл ғарыштық сәулелену мен жердің сәулеленуінің қалыпты фондық мәндердерінен шамамен 1000 есе жоғары. Қысқа өмір сүретін радий изотоптарының еншілес өнімдері, атап айтқанда ^{226}Ra , осы жабдықтардың қабырғаларына еніп гамма-сәуле шығарады және ^{228}Th және

оның еншілес өнімдері шығаратын жоғары энергиялы фотон шкаласы бірнеше ай бойы жинақталған шөгінді әсерінен сыртқы беттердегі дозаның мөлшерін айтарлықтай жоғарылатады. Персоналдарға оның ішкі сәулелену әсері радионуклидтерді ішке қабылдау немесе ингаляциядан туындауы мүмкін. Бұл ашық қондырғылар мен жабдықтарда жұмыс істеу кезінде, қалдықтармен және беткі ластанған заттармен жұмыс істеу кезінде, сондай-ақ ластанған жабдықты тазарту кезінде орын алуы мүмкін [125; 126, б. 57-58].

Құрамында ТРН бар өндірістік қалдықтар тиімді белсенділік мәндерінің кең ауқымына ие болуы мүмкін: бірліктен бірнеше жүз кБк/кг - ға дейін олардың көлемді және салмақтық мөлшері айтарлықтай шамаларға жетеді: сұйық, тұтқыр және сусымалы қалдықтар үшін - $n \cdot 10^4$ м³ дейін; ластанған құбырлар мен жабдықтар түріндегі қатты қалдықтар үшін – $n \cdot 10^3$ тоннамен есептеледі [125, б.524].

Табиғи радионуклидтердің меншікті белсенділігі кейбір құрал-жабдықтар, құбырлармен арматураларда 100-200 Бк/г аралығында. Бұл жағдайда қайта пайдалануға келмейтін радиобелсенді өнеркәсіптік қалдықтар құралады:

- радиоактивті шөгінділермен және қақтармен ластанған, дезактивацияға жатпайтын және одан әрі пайдалануға *жарамсыз құбырлар, сорғылар және басқа да жабдықтар*;

- резервуарлар мен басқа да жабдықтардан тазарту кезінде алынатын және одан әрі пайдалануға жатпайтын тұтқыр агрегаттық күйдегі мұнайшламалар;

- ластанған құбырларды, сорғыларды және басқа да кәсіпшілік жабдықтарды механикалық тазарту кезінде пайда болатын қатты (сусымалы) қалдықтар;

- ластанған құбырлар мен басқа да жабдықтарды сұйықтықпен тазарту (жуу), құрал-сайманды, жарақтарды және жұмыс киімдерін дезактивациялау кезінде пайда болатын сұйық қалдықтар [125-127].

Қазіргі уақытта МГК-де қабаттық сумен, мұнаймен және газбен бірге жер қойнауынан алынған жоғары құрамды ТРН-дің уран мен торий еншілес өнімдерінің ыдырауының айтарлықтай жұмыс тәжірибесі жинақталған. Бұл ТРН құбырлар мен жабдықтардың қабырғаларында қатты шөгінділерді, сондай-ақ сыйымдылықтар ішінде және жабдық қуыстарында тұтқыр шөгінділерді құрайды. Радий изотоптары жабдықтардың ішінде шөгінді қақ радиобаритті пайда етеді. Ол қатты зат уақыт өте келе қоршаған ортаға радон бөледі, оның эмандау коэффициентінің мәні 0,05 болса, буллиттер мен сепараторлардағы шөгінді қақтармен мен шламдар үшін оның шамасы айтарлықтай жоғары - 0,22 тең. Он жылдан аса мұнай өндіретін орындарда жаңартылмаған және дезактивацияланбаған құрал-жабдықтарда қатты қалдықтар уақыт өте келе ыдырап, жоғары радиациялық фон түзуге қатысады

31 - кестеде радиобелсенді қалдықтардың жинақталуының орташа жылдық көрсеткіші берілген [128-131].

Кесте 31 - МГК-дегі табиғи радионуклидтер қалдықтарының меншікті белсенділігі, Бк/г.

Радионуклидтер	Қалдық түрлері		
	Кәсіптік сулар	Құрал-жабдықтардағы шөгінділер	Шламдар
^{238}U	0,0003-0,1	0,001-0,5	0,005-0,01
^{226}Ra	0,0020-1200	0,1-15000	0,05-800,0
^{210}Po	-	0,02-1,5	0,004-160
^{210}Pb	0,005-190	0,02-75	0,1-1300
^{232}Th	0,0003-0,1	0,001-0,002	0,002 -0,01
^{228}Ra	0,2-180	0,05-2800	0,5-50,0

Радиобелсенді қалдықтарды сақтаудың радиациялық және радиоэкологиялық қауіпсіздігін бағалау кезіндегі негізгі міндеттердің бірі - радионуклидтердің қоршаған ортаға көшуін болжау. Соңғы уақытта компьютерлік және бағдарламалық базаның дамуына байланысты радионуклидтердің миграциялануы саласындағы ғылыми зерттеулер эксперименттік және әдеби материалмен расталған теориялық үлгілерді жасауға бағытталған [127-136].

Қызмет көрсетуші персоналдар мен вахталық поселкаларда радиациялық қауіптілік жоғарылау. Тұтас алғанда, иондаушы сәуле әсері (эффektivті доза) халық үшін қоршаған орта әсеріне байланысты. Шығыс Құмкөл кен орнын жобалық игеру кезінде (жобалық тереңдігі 1350 м (± 250 м)) иондаушы сәуле әсерінің интегральды бағасы 3 баллды, әсер етудің матрица көрсеткіші, категория мәні *төмен* (1-8) балды құрады [72].

Көмірсутекті кәсіпорында да радиациялық қауіпсіздіктің негізгі талабы детерминирован шекті, сондай-ақ стохастикалық табылдықсыз әсерлерді болдырмау мақсатында халық пен өндірістік персоналдың негізсіз сәулеленуін, радиоактивті сәулеленудің шекті дозаларының артуын болдырмауды, сондай-ақ сәулелену дозаларының мүмкін болатын барынша төмен деңгейге дейін жетуін көздейді [127-137].

Радиациялық қауіпсіздіктің басты мақсаты халықты, оның ішінде персоналды қоса алғанда, иондаушы сәулеленудің зиянды әсерінен шаруашылықтың түрлі салаларында сәулеленуді пайдалану кезінде пайдалы қызметке негізсіз шектеулерсіз радиациялық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтау жолымен қорғау болып табылады.

Радиация көзінен уақытпен, арақашықтықпен және затпен қорғанады. Радиация көзіне *жақын болу уақыты* неғұрлым аз болғандықтан, одан алынған сәулелену дозасы соғұрлым аз болады.

Қашықтықпен қорғану - сәуледен алыстаумен азаяды (қашықтықтың квадратына пропорционалды). Егер радиация көзінен 1 метр қашықтықта дозиметр 1000 мкР/сағ белгілесе, онда 5 метр қашықтықта көрсеткіш шамамен 40 мкР/сағ дейін төмендейді.

Затпен қорғану - сіз бен радиация көзі арасында мүмкіндігінше көп зат болу керек: ол неғұрлым көп және неғұрлым тығыз болса, радиацияның көп бөлігі соғұрлым жұтылады [138 -140].

Төртінші бөлімге қорытынды

Топырақтың барлық іріктелген сынамаларында табиғи радионуклидтердің тиімді белсенділігінің жиынтық мәні нормаланған мәннен төмен болғанмен, мұнай өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау процесінде мұнай өндіруші кәсіпорын объектілерінде табиғи радионуклидтерді қоршаған ортаға шығаратыны анықталды.

1. Мұнайдағы күкірттің мөлшері өскен сайын оның радиоактивтілік деңгейі өсетіндігі анықталды. Құмкөл кен орнынан мұнаймен ластанған топырақтан алынған үлгілерде 7% мұнайлы топырақта күкірт 0,16128%, 5% мұнайлы топырақта - 0,15959 болса, тазартудан шыққан мұнай құрамды лай топырақта күкірттің пайыздық мөлшері 0,068487%, яғни 0,092793% төмендеген. Салыстырмалы тазаланған топырақта 0,16128%-дан 0,050124% -ға дейін төмендеген.

2. Мобильдік «Ray Detect» қосымшасымен анықтағанда 5-7% мұнаймен ластанған топырақ 3 - 10 мкЗв/сағ болса, гамма спектрометрмен анықтағанда, оның құрамында табиғи радионуклидтер ^{226}Ra , ^{232}Th , ^{40}K болса, барлық радиобелсенді қалдықтарда болатын техногендік радионуклид ^{137}Cs табылды.

3. Тазартудан кейінгі топырақтың өлшенген доза қуаты 1 - 3 мкЗв/сағ аралығында болды. Мұнайлы топырақ құрамындағы техногендік радионуклид ^{137}Cs екі есе азайғандығы анықталды. Мұнайлы топырақта ^{137}Cs - 8,33Бк/кг болса, тазартылған топырақта ол, 4,00 Бк/кг төмендеген.

4. МГК кәсіпорындарының персоналына әсер етуші Φ 1 - 8 факторлары болса, ал мұнай өндіру аймағы А-И аймағы аралығын қамтиды. Мұнай-газ кешендеріндегі персоналдарға әсер ететін радиобелсенді көздер мұнай шламы сақталған жабдықтың қабырғасынан шығатын гамма сәулелену бастап, шаң және ластанған қол арқылы ішкі альфа-, бета және гамма-сәулелену әсерін қамтиды.

5 ТЕХНИКО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

5.1 Мұнаймен ластанған топырақты тазартудан шыққан қалдықтардың радиациялық қауіпсіздігін сақтау шарттары

Мұнай өңдеуден шыққан қалдықтарды игеру, бұл басты экологиялық қауіпсіздік мәселелері, ол бүкіл әлем бойынша маңызды болып отыр.

Мұнай қалдықтары табиғи ортаның барлық компоненттеріне (жер үсті және жер асты сулары, топырақ - өсімдік жамылғысы, биота және атмосфералық ауа) теріс әсер етеді. Мұнай қалдықтары белгілі бір дәрежеде қоршаған ортаға зиянды әсер ететініне қарамастан, негізгі маңызды проблема мұнай өңдеу жұмыстарының барлық кезеңдерінде мұнай қалдықтарын (ғылыми негізделген мөлшерді) қайта өңдеу және пайдалану болып табылады. Мұнай қалдықтарын өңдеу проблемаларының ішінде экологиялық қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ететін қалдықтарды пайдаланудың немесе залалсыздандырудың тиімді тәсілін таңдау неғұрлым маңызды болып табылады.

Осы уақытқа дейін көптеген мұнай кен орындарында пайда болған мұнай қалдықтарын жою тек арнайы көму орындарында сақтау шаралары арқылы ғана жүзеге асырылып келеді. Бұл уақытша іс-шара болып табылатындықтан, осы мәселелерді егжей-тегжейлі зерделеп, талдау, мұнай қалдықтарын қайта өңдеу арқылы оларды тиімді пайдалану әдістерін қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл, біріншіден, қоршаған ортаға техногендік әсерді азайтады, екіншіден, қалдықтарды сақтау үшін төлем мөлшерін азайтады, үшіншіден, өңдеуден алынған өнімді болашақта өндірісте, халық шаруашылығында пайдалануға және пайда табуға болады. Сондықтан мұнай қалдықтарын қайта өңдеу және олардың түзілуін қысқарту экологиялық тұрғыдан қарағанда аса маңызды проблема болып табылады және ол жаңа тәсілдер мен экологиялық-технологиялық шешімдерді талап етеді. Зерттеу бағдарламаларында қалдықтардың осы түрін әлемдік кәсіптік практикада кәдеге жарату бағыттары талданып, перспективалық техникалық шешімдерді тиімді іске асыру жөніндегі шаралар қарастырылған [127,141].

Жергілікті Құмкөл кен орнынан шыққан мұнай қалдықтарын құрылыс материалы ретінде кәдеге асырып, жоғары парафинді мұнай қалдықтарынан өндірістік материалдарды дайындаудың тиімді әдістері [142] енгізілуде.

Жергілікті жоғары парафинді мұнай қалдықтарынан мұнай қалдықтарын сақтау қоймаларының құрылысына тиімді органикалық-минералды және полимерлер негізіндегі сұйық өткізбейтін материалдар алынады.

Құрылысқа пайдаланылатын материалдарға жер және топырақ, мұнайдың өндірістік қалдық материалдары болған жағдайда «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» заңына сәйкес, меншікті тиімді рұқсат етілген белсенділік деңгейі:

- тұрғын және қоғамдық ғимараттарда пайдаланылатын материалдар үшін (I сынып):

$$A_{mim} = A_{Ra} + 1,3A_{Th} + 0,09A_K \leq 370Bк / кг \quad (12)$$

- елді мекендер аумақтары мен перспективалы құрылыс аймақтарында жол құрылысында пайдаланылатын материалдар үшін (II сынып):

$$A_{эфф} \leq 740 \text{ Бк/кг} \quad (13)$$

- елді мекендерден тыс жердегі жол құрылысында қолданылатын материалдар үшін (III сынып):

$$A_{миим} \leq 1,5 \text{ кБк/кг} \quad (14)$$

мұнда, 1500 Бк/кг
аспауы тиіс.

$$1,5 \text{ кБк/кг} < A_{миим} \leq 4,0 \text{ кБк/кг} \quad (15)$$

1,5 кБк/кг < Ати 4,0 кБк/кг (IV класс) кезінде материалдарды пайдалану туралы мәселе әрбір жағдайда Қазақстан Республикасының мемсанэпидқызметінің аумақтық органдарымен келісе отырып, облыстық деңгейден төмен емес жеке шешіледі.

$$A_{миим} > 4,0 \text{ кБк/кг} \quad (16)$$

4000 Бк/кг-нан жоғары болғанда материалдарды құрылысқа қолдануға жол берілмейді [1-3, 61,143].

5.2 Мұнай қалдықты АШПШ шөгінділерін асфальттыбетон араласпасына пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау

Қазақстанның негізгі базалық Экологиялық кодексінің ережелері адамның қоршаған ортадағы өмірі мен денсаулығына қолайлы құқықтарын қамтамасыз етеді. Негізгі ережелері антропогендік қызметтің қоршаған ортаға зиянды әсерінің алдын алуға, табиғаттағы тепе-теңдіктің оңтайлы деңгейін сақтауға және табиғат пайдалануды тиімді ұйымдастыруға, сондай-ақ қоршаған ортаға ластаушы заттарды төгу мен шығаруды жүзеге асыру кезінде міндетті шарт ретінде рұқсаттың болуын айқындауға, мемлекеттік қазынаны толықтыру үшін қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді қарауға негізделген.

Экологиялық шығынды есептеулер жинақталған мұнай қалдықтарының көлемдері туралы есептік мәліметтер, оны орналастыру жөніндегі шығындар мен оны пайдалану жөніндегі қосымша шығындар негізінде орындалды.

Белгіленген нормативтерден жоғары өндіру мен тұтынудың мұнай қалдықтарын орналастырудан шығынның экологиялық бағасын анықтау төмендегі өрнек бойынша жүргізілді [144]:

$$U_i = (F_1 - F_2) \times C_{\text{қалдық}} \times 10 \times K_1 \times K_2 \quad (17)$$

мұндағы,

U_1 -қауіптілік индексіне байланысты өндіру және тұтыну қалдықтарының і-ші түрін орналастырудан шығынның экологиялық бағасы, теңге;

$F_{\text{факт } 1}$ - уақыттың белгілі кезеңінде қауіптілік индексіне байланысты өндіру мен тұтыну қалдықтарының і-ші түрін орналастырудың нақты көлемі, тонналар немесе мың м.куб;

$F_{\text{факт } 2}$ - уақыттың белгілі кезеңінде қауіптілік индексіне байланысты өндіру мен тұтыну қалдықтарының і-ші түрін орналастырудың нормативті көлемі, тонналар немесе мың м.куб;

$C_{\text{қалдық}}$ - ағымдағы жылда жергілікті өкілетті орган бекіткен, қауіптілік индексіне байланысты өндіру мен тұтыну қалдықтарының і-ші түрінің 1 тоннасын немесе мың м.куб орналастырғаны үшін төлем ставкасы, теңге;

10-көтеретін коэффициент;

K_1 -экологиялық қауіптілік коэффициенті;

K_2 -экологиялық тәуекел коэффициенті.

Шығынның экологиялық бағасы:

$$U_i = (4900-4276) \times 129 \times 10 \times 1,5 \times 1 = 1\ 207\ 440 \text{ теңге құрады}$$

Экологиялық шығынды есептеудің жоғарыда ұсынылған әдістемесінен басқа да формуламен анықтауға болады. Қоршаған ортаны қорғау шараларының экономикалық нәтижесі жойылған шаралардың шамасынан көрінеді. «П» ортаны ластаудан жылдық экономикалық шығынның осы шаралары арқасында немесе жойылған көлемнің жылдық экономикалық шығын мен кәсіпорын қызметінің өндірістік нәтижелерін жақсарудан жылдық өсім жиынтығына « ΔD » [144], яғни

$$P = П + \Delta D \quad (18)$$

«П» ортаны ластаудан жойылған экономикалық шығын шамасы « $Ш_1$ » шаралары іске асырылғанға дейін орын алған шығын мен « $Ш_2$ » шарасы жүргізілгеннен кейін қалдық шығынның есептік шамалары арасындағы айырмаға тең:

$$П = Ш_1 - Ш_2 \quad (19)$$

Берілген жағдайда $Ш_1 - Ш_2$, яғни $П = 0$, яғни өнім қалдықтарды пайдаланудың алдын алу нәтижесінде алынады. Сонда $P = \Delta D$;

$$\Delta D = \sum_{i=1}^n q_i z_i - \sum_{i=1}^n q_i z_i \quad (20)$$

Мұндағы: q_i - бағаланатын шараларды жүзеге асырғанға дейін алынатын і-ші түрдің тауарлы өнімінің мөлшері ($i=1, m$);

q_j = соның өзі оны жүзеге асырғаннан кейін ($j=1, n$);

$z_i(j)$ - і-ші (j -ші) өнім бірлігінің бағасы.

Жылдық техникалық-экономикалық тиімділікті есептеуге арналған бастапқы мәліметтер. Мұнай қалдығын пайдаланудың ақырғы өнімі МЕСТ 12801-98 «Жол және аэродром құрылысы үшін органикалық тұтқырлар негізіндегі материалдар. Сынақ әдістері» бойынша оны автожол құрылысында одан әрі қолдану жөнінде зертханалық жағдайларда зерттелген болатын [146].

Зерттеу нәтижелері оның ІҮ техникалық санаттағы жолдарда жамылғының жоғарғы қабаттарын салу үшін қолдануға ұсынылатын ІІІ – ІҮ жол климаттық аймақтар үшін ІІІ маркалы «Б» типіндегі тығыз асфальтты бетонға органикалық тұтқырлар ретінде пайдалана алатынын көрсетті.

Жаңадан дайындалған асфальттыбетонды араласпа оның мақсатына сәйкес материал қалыптасуының технологиялық үдерісіне ұшырайды.

Оңтүстік-Торғай иінінің АШПШ пайдалану технологиясын енгізу өнеркәсіптік қалдықтарды орналастырумен байланысты экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді [142].

Ал қабылданған шешімнің басты артықшылығы шикізаттың төменгі сапасы ретінде МЕСТ 25607-94 талаптарына жауап беретін өнім алудың сәті түскендігі.

Экономикалық есептерді орындау кезінде негізгі битумнан дәстүрлі тәсілмен алынатын асфальттыбетон көрсеткіштері қабылданды.

Жол құрылыс материалдарының жетілгендігін сипаттайтын маңызды критерийі оның экономикалық тиімділігі болып табылады.

Жылдық экономикалық пайданың есебі құрылыс материалдары өнеркәсібінде жаңа техниканы, өнертабыстарды және тиімді ұсыныстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүргізіледі:

$$\mathcal{E}_T = [(Z_1 + Z_{C1})A + \mathcal{E}_9 - (Z_2 - Z_{C2})]A_2 \quad (21)$$

Мұндағы $\mathcal{I}_{(\text{зауыт})1}$ және $\mathcal{I}_{(\text{зауыт})2}$ - базалық және жаңа техниканың салыстыратын нұсқалары бойынша құрылыс алаңына дейін тасымалдау құнын ескерумен конструкцияларды (детальдарды) зауыттық дайындауға келтірілген шығындар, теңге.

Бұл жағдайда нольге тең, өйткені жол жамылғысы конструкцияларын дайындау жөніндегі барлық шығындар құрылыс алаңында жүргізіледі.

$\mathcal{I}_{\text{салыстырмалы1}}$ және $\mathcal{I}_{\text{салыстырмалы2}}$ - базалық және жаңа техниканың салыстырылатын нұсқалары бойынша келтірілген шығындар, теңге;

E_H - 0,15 тең күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті;

φ - базалық нұсқамен салыстырмалы түрде жаңа құрылыс конструкцияларының қызмет мерзімінің өзгеруі коэффициенті. Көрсетілген коэффициент (5.2.6) формуламен есептеледі:

$$\varphi = \frac{P_1 + E_H}{P_2 + E_H} \quad (22)$$

мұндағы P_1 және P_2 - салыстыратын нұсқалар бойынша олардың қызметінің 1 жылына есепте құрылыс конструкциялардың сметалық құнының үлесі.

СН 509-78 нұсқауларының қосымшаларының мәліметтері бойынша қабылданады [145].

Y_9 - олардың қызмет мерзімі ішінде конструкцияларды пайдалану саласындағы үнем

$$Y_9 = \frac{(N_1 - N_2) - E_H(K_2 - K_1)}{P_2 - E_H} \quad (23)$$

Мұндағы I_1 және I_2 - жалпы салыстырылатын нұсқалар бойынша ғимарат, үймереттің конструкцияланған элементі немесе нысан бірлігіне пайдалану саласындағы жылдық шығындар, теңге. Оларға: құрылыс конструкцияларын күрделі жөндеуге кеткен шығындар, жалпы конструкциялар мен ғимараттың жобада қарастырылған сенімділігін қалпына келтіру мен ұстап тұруға кеткен шығындар, ағымдағы жөндеуге кететін жыл сайынғы шығындар жатады;

K_1 және K_2 - жалпы салыстыратын нұсқалар бойынша ғимараттың, үймереттің конструкцияланған элементі немесе бірлігіне есепте құрылыс конструкцияларын пайдалану саласында ілеспе қаржы салымдары, теңге;

A_2 - нақты бірліктерде есепті жылда жаңа құрылыс конструкцияларын қолданумен құрылыс-монтаж жұмыстарының жылдық көлемі.

Ауыр металдармен, радионуклидтерден тазартуда органикалық емес қышқылдармен шаю топырақты тазартудың арзан тәсілі болып табылатындықтан, әлсіз қышқылдар ертінділерімен өңдеу арқылы мұнай қалдықтары алынды. Экологиялық шығынды есептеулер жинақталған мұнай қалдықтарының көлемдері туралы есептік мәліметтер, оны орналастыру жөніндегі шығындар мен оны пайдалану жөніндегі қосымша шығындар негізінде орындалды.

Белгіленген нормативтерден жоғары өндіру мен тұтынудың мұнай қалдықтарын орналастырудан шығынның экологиялық бағасын анықтау төмендегі өрнек бойынша жүргізілді:

$$\mathcal{E}_ж = C_к - C_н \quad (24)$$

мұндағы,

$\mathcal{E}_ж$ - бұрынғы құрылымдардың орнына мұнай қалдықтарын алмастыру арқылы жыл сайынғы экономикалық тиімділік; $C_к$, $C_н$ - құрылысқа дейін объектінің салыстырмалы өзіндік құны және енгізілгеннен кейінгі құны, теңге.

Есептеуге арналған бастапқы мәліметтер 32 - кестеде келтірілген.

Кесте 32 - Мұнай қалдықтарын пайдаланудың жаңа технологияларын енгізуге, экономикалық тиімділікті есептеуге арналған бастапқы мәліметтер

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жамылғы құрылығы	
			битуммен	АППШмен
1	2	3	4	5
1	Жаңа конструкцияны қолданғандағы жұмыстың жылдық көлемі	км	-	50
2	1км жол жамылғысына келтірілген көрсеткіштер Жамылғыны салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының өзіндік құны	мың теңге	6436,63	4690,44
3	50 км жол жамылғысына келтірілген көрсеткіштер Жамылғыны салу бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының өзіндік құны	мың теңге	321831,5	234522
4	Құрылыс мекемесінің өнеркәсіптік фондының капиталды салымы	мың теңге	2216	1636
5	Жол жамылғысын пайдалану саласындағы жылдық шығын	мың теңге	230	175
6	Жамылғының қызмет мерзімі	жыл	12	10-15

Базалық және жаңа техниканың салыстыратын нұсқалары бойынша құрылыс алаңында конструкцияларды тұрғызу бойынша келтірілген шығындарды есептейміз:

$$Ш_{салыстырмалы1} = 6436,63 + 0,15 \times 2216 = 6769,03 \text{тн}$$

$$Ш_{салыстырмалы2} = 4690,44 + 0,15 \times 1636 = 4935,84 \text{тн}$$

Қызмет мерзімдерінің өзгерістерін есептеу коэффициенті төмендегі мәнді құрайды:

$$\varphi = \frac{0,1815}{0,1908} = 0,95$$

P_1 - 0,1815 және P_2 - 0,1908 шамалары СН 509-78 нің 2-қосымшасына сәйкес қабылданды.

Пайдалану саласындағы экономикалық пайда келесідей:

$$Y_3 = \frac{H_1 - H_2}{P_2 + E_H} = \frac{230 - 175}{0,1908 + 0,15} = 288,2 \text{тн}$$

Жылдық техникалық экономикалық пайда:

$$Y_T = (6769,03 \times 0,95 + 288,2 - 4935,84) \times 50 = 89146,9 \text{тн}$$

Қайтарма шикізат қорлары ретінде АШПШ пайдаланудан экологиялық-экономикалық тиімділік:

$$Y_T = U_i + Y_3 = 1207440 + 89146,9 = 1296586,9 \text{тг.}$$

Осылайша келтірілген формулаларды пайдалана отырып ұсынылған жаңа шешімнің экологиялық және технико-экономикалық тиімділігін анықтауға болады. Олар келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

- базалықпен салыстырғанда жаңа технология өндірісінің экономикалық тиімділігімен;
- жүргізілген қоршаған ортаны қорғау шараларынан алынған экономикалық нәтижемен.

Орындалған есептеулер мұнай қалдығын асфальттыбетон қоспасын дайындау кезінде тауарлы битумның орнына қолдануға мүмкіндік береді және өнім құнын едәуір арзандатады және қоршаған ортаны ластаудың алдын алады. Мұнай қалдықтарын пайдаланудан экологиялық-экономикалық тиімділік жылына 1,3 млн.тг. құрады [146-148].

Мұнай қалдықтары негізіндегі жол жабындысы құрылысының қысқаша сипаттамасы 33 - кестеде келтірілген.

Кесте 33 - Мұнай қалдықтары негізіндегі жол жабындысы құрылысының қысқаша сипаттамасы

Жұмыстың аталуы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік құны	Жалпы құны, теңге	
					2020 ж.
Кескіндердің орналасуы (негізі)	100 м ²	40,8	141,093	5756,594	80609,65
Суғарусыз топырақты тығыздау (негізі)	100 м ²	40,8	54,351	2217,521	31051,95
Топырақты әзірлеу (суглинок)сазды	1000 м ³	1,6	5028,291	8045,266	114911,15
Сазды тасымалдау 1 км дейін	т	2934,9	8,784	25780,16	361332,05
Тасымалдау кезінде жолдарды жөндеу және	1000 м ³	1,6	145,485	232,776	3324,75
Сазды жеткізу барысында жұмыс істеу	1000 м ³	1,6	412,0245	659,2392	9415,95
Бульдозердің көмегімен сазды әзірлеу	1000 м ³	1,6	746,9145	1195,063	17069,2
Топырақты дөңгелете тығыздау	100 м ³	16,3	153,171	2496,687	35004,05
Топырақты әзірлеу (балшық)	1000 м ³	0,6	5028,291	3016,975	45198,4
Балшықты тасымалдау 1 км дейін	т	774,5	8,784	6803,208	95351,5
Тасымалдау кезінде жолдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1000 м ³	0,6	145,485	87,291	1307,75
Балшықты жеткізу барысында жұмыс істеу	1000 м ³	0,6	412,0245	247,2147	3703,6
30 км дейінгі құмды тасымалдау құны	м ³	256,3	163,8765	42001,55	588672,9
30 км дейінгі мұнай қалдықтарын тасымалдау	т	550,3	57,645	31722,04	444607,8
Гидратты құрылыс әк	т	305,7	793,305	242513,3	3399250,25
Ыстық топырақты дайындау	т	2445,8	74,115	181270,5	2540616,1
Ыстық қоспалардан жабынды құрылғылар	100 м ²	305,7	245,403	75019,7	1051532,8
Құмды тасымалдау құны	м ³	1222,9	163,8765	200404,6	2808792,25
Топырақты әзірлеу (құм)	1000 м ³	1,2	603,351	724,0212	10387,2
Топырақты дөңгелете тығыздау	100 м ³	12,2	153,171	1868,686	26253,05
			Жалпы:	832062,4	11668392,35

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Зерттеу тақырыбына жүргізілген талдаулар нәтижесі Қызылорда облысы мұнай кен орындарындағы радиациялық ахуалдың бақылауда болуын қарастырады. Оңтүстік Торғай иініндегі кен орындар қатары Қарағанды облысы аймағында жатқанымен, келісім-шарт негізіндегі игеру Қызылорда облысының аудандарында. Сондықтан отыз жылдан аса мұнай өндіріп келе жатқан Құмкөл кен орындары қатарының аймақтың топырағына техногендік әсерінің болатындығы белгілі. Сондықтан зерттеулерде кен орны топырағының мұнай өнімдерімен зақымдануын басты зерттеу нысаны ретінде алып қарастырдым. Кен орнындағы ашық жердің табиғи радиациялық фоны жерден 1,5 метрде 0,11 мкЗв/сағатты құраса, 1 метрде - 0,15, 0,1 метрде – 0,18 құрайды. Ал бұрғылау қондырғысы айналасында гамма фон шекті мөлшерден (0,22 мкЗв/сағ) асады. ПҚҚР АҚ ұнғымаларды салу кезіндегі тереңдіктегі PZ жобалық қабатынан алынған шлам, бұрғылау және қабаттық сулардан шыққан қалдықтардың радиобелсенділігі тереңдікке қарай біртіндеп өскен. Бұл мұнаймен бірге шығатын уран және торий қатары табиғи радионуклидтерінің болуының дәлелі.

2. Қазіргі Ресей кен орындарымен Қазақстанның Каспий маңы кен орындарында радиациялық қауіпсіздік мәселесі туындап отырған жағдайда Оңтүстік Торғай иініндегі Құмкөл, Ақшабұлақ, Арысқұм, Ащысай кен орындарынан алынған мұнай өнімдерімен радиобелсенді заттармен ластанған топырақ үлгілерімен бұрғылау шламдарының үлгілерінің радиобелсенділігі нормативтерге сәйкес талданды. Зертханалық зерттеулерде Құмкөл кен орындарынан алынған мұнайдың күкірті аз болғанымен, АШПШ, мұнай шламы күкіртті болып келді. Ғалымдардың зерттеулерінде радиоактивтіліктің тасымалдаушылары металл органикалық кешендер, жоғары хош иісті көмірсутектер және күкіртті қосылыстар болып табылады деген дәлелдерге сүйене отырып, мұнайлы топырақтың және оны тазалаудан шыққан өнімдер талданды. Құмкөл, Оңтүстік Құмкөл кен орындары мұнайы құрамында сілтілі рубидий және сілтілі жер металдары цирконий, мыс, ал топырақта марганец, темір, титан анықталды.

3. Құмкөл кен орнынан қалдықтарды уақытша сақтау орнынан алынған ластанған топырақ үлгілерінің орташа белсенділігі 1350 Бк/кг құрады. Шекті нормаға жуықтайды. Кейбір қалдықтарда шекті нормадан асады.

Үлгіге алынған мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың радиобелсенділігі радиометрмен өлшеуде - 3,9 мкЗв/сағат болса, мобильдік «Ray Detect» қосымшасымен өлшегенде 3 - 10 мкЗв/сағатты құрайды. Бұл топырақта табиғи гамма фон жоғары. Алғашқы тазалаудан өткен соң топырақта табиғи фон 1,2 мкЗв/сағатты құраса, 2-ші тазалау стадиясында, 1 айдан соң «Ray Detect» қосымшасымен өлшегенде 1 мкЗв/сағаттан төмен, радиометрмен өлшеуде 0,25 мкЗв/сағатты табиғи фонды құрады.

4. Үлгіге алынған топырақтың мұнай өнімдерімен ластануы – 7 - 12% аралығында болған, ол 6,1-12% (61-120 г/кг) - жоғары ластанған топыраққа жатады. Зерттеуге алынған топырақтағы мұнай өнімдері – 5% болғанда

орташа тиімді белсенділігі 1250 Бк/кг құраса, 7% асқандағы 1345,0 Бк/кг құрады, өте қатты ластану 12% асқанда – 1500 Бк/кг жоғарылайтындығы байқалды. Топыраққа енген мұнайдың көлемді салмағы артқан сайын радиобелсенділігі өсетіндігі табылды.

5. Мұнаймен жоғары ластанған топырақты тазалау әдісі екі стадиядан тұрды. Топырақтың табиғи сорбенттермен тазалануы кезінде ондағы мұнай өнімдері 7,02%-дан – 3,4% төмендеді. Екінші тазалау стадиясында радионуклидтер басқа ластағыштардан айырмашылығы хелаттаушы агенттерді, қышқылдар мен олардың тұздарын пайдаланғанда ғана жылжитындығын ескере отырып, өсімдіктердің метаболизмінің өнімі болып табылатын және табиғи жағдайларда кеңінен кездесетін тез ыдырайтын органикалық қышқылдар - лимон қышқылымен тазалау жүргізілді. Екінші кезеңдегі тазартудан кейінгі топырақтағы мұнай өнімдері – 0,56% құрады. Топырақты тазарту үшін тек мұнай өнімдерін жинап алатын сорбенттермен тазарту қолданылғанда, мұнайдың ластануынан толық тазартуға қол жеткізіледі, бірақ радиоактивті компоненттердің құрамы бастапқыдағыдай қалады. Ұсынылған әдісті қолдану ғана топырақты мұнайдан ғана емес, сонымен қатар радиоактивті ластанудан тазартуға және радиий изотоптарының құрамын азайтуға мүмкіндік береді.

6, Ластанған топырақта ^{137}Cs – 8,33 Бк/кг, ^{226}Ra – 9,41 Бк/кг, ^{232}Th – 6,40 Бк/кг, ^{40}K – 547,0 Бк/кг мөлшерінде, тазартылған топырақта ^{137}Cs – 4,0 Бк/кг, ^{226}Ra – 7,03 Бк/кг, ^{232}Th – 4,72 Бк/кг, ^{40}K – 539,0 Бк/кг белсенділіктегі радионуклидтер табылды, есептеу нәтижесінде тазартылған топырақтағы радионуклидтер ^{137}Cs - 52%, ^{226}Ra - 25%, ^{232}Th - 26,25%, ^{40}K - 1,5%-ке азайғандығы радиометриялық зерттеулер нәтижесінде анықталды.

7. Сынақ нәтижелері бойынша тазартылған топырақтан шыққан қалдық шикізат өнімдеріндегі радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі шикізаттың бірінші сыныбы үшін рұқсат етілген деңгейден 370 Бк/кг-нан төмендігі (МЕСТ 30108-94) табиғи радионуклидтердің жалпы меншікті белсенділігі формуласы бойынша анықталды.

8. Сонымен бірге тазалаудан шыққан тұтқыр мұнай өнімдерін (АШПШ) құрылысқа арналған материал ретінде қолдану тиімді. Топырақты тазалаудан шыққан қалдық өнімдер мұнай шламы немесе мұнай қалдықты АШПШ құрылыс материалына сәйкес (МЕСТ 30108-94) нормативтерге талдау нәтижесінде радиобелсенділік шекті мөлшерден аспайтынын, зерттеу нәтижелері оның ІҮ техникалық санаттағы жолдарда жамылғының жоғарғы қабаттарын салу үшін қолдануға ұсынылатын ІІІ – ІҮ жол климаттық аймақтар үшін ІІІ маркалы «Б» типіндегі тығыз асфальтты бетонға органикалық тұтқырлар ретінде пайдалана алатынын көрсетті.

Қойылған міндеттердің толық шешілгендігін бағалау. Жұмыстың алға қойылған мақсаты мен зерттеудің міндеттері толықтай шешімін тапты. Жүргізілген теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижесі практикада қолданыс тапты. Ғылыми нәтижелер жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жарияланған және ғылыми-практикалық конференцияларда апробацияланған.

Жұмыстың нәтижелерін нақты пайдалану бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтерді дайындау. Сорбенттердің кеуектілігі артқан сайын мұнай сіңіру қасиеті артатындығы теориялық және практикалық дәлелдемелерде келтірілді, эксперименттік жұмыс нәтижесінде, термиялық өңделген сорбенттер тиімділігі жоғарылығы дәлелденді. Жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижелерін ғылыми-зерттеу мекемелерінде, оқу үдерісінде қолдануға болады.

Ендірудің ғылыми-техникалық тиімділігін бағалау. Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін «Қызылорда-Құмкөл - 175 км» қалдықтарды тазарту аймағында және «Эко-Service» ЖШС және басқа да өндірістік және ғылыми зерттеулерде қолдану көзделіп отыр. Қалдық өнімдерді жол құрылысына пайдалануда жылдық экономикалық кіріс 1,3 млн. теңгені құрайды.

Орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау. Жұмыста теориялық және практикалық негізде жаңа нәтижелер алынды. Мұнай кен орны топырағын сорбенттермен тазарту барысында жаңа сорбенттердің тиімділігі зерттеуден өтті. Топырақтағы мұнайдың пайыздық көрсеткіштері төмендеген сайын, оның радиациялық гамма фоны да азайғандығы жаңа ғылыми нәтижелер болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

- 1 Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі N 219 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000219_
- 2 Атом энергиясын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 12 қаңтардағы №442-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000442>
- 3 ҚР Экологиялық кодексі. ҚР 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_
- 4 Лебедев В. А., Карабута В. С. Проблемы обеспечения радиационной безопасности в нефтедобывающей промышленности России// Международный научный журнал «Молодой учёный». - Казан, 2016. № 1 (105). – С.257-261.
- 5 Нозик М.Л. Автореферат диссертации по теме «Научно-методические основы обеспечения радиоэкологической безопасности на предприятиях нефтегазового комплекса»//Специальность 25.00.36. Геоэкология. - Москва, 2010. – 24 с.
- 6 Романович И.К., Лисаченко Э.П., Кучумов В.В. Обоснование необходимости реабилитации участков территории, загрязненных природными радионуклидами в результате прошлой деятельности предприятий ядерной и неядерных отраслей промышленности//Актуальные вопросы радиационной гигиены: Материалы международной научно практической конференции – СПб, 2018. – С.232-235.
- 7 Романович И.К. Критерии радиационной безопасности реабилитированных участков территории, загрязненных природными радионуклидами в результате прошлой деятельности предприятий ядерной и неядерных отраслей//Актуальные вопросы радиационной гигиены: Материалы меж. научно-прак. конфер. – СПб, 2018. – С.225-227.
- 8 Ермуханова Н.Б., Керимбекова З.М., Таңжарықов П.А. Мұнай-газ нысандарындағы радиациялық қауіпсіздіктің ғылыми негіздері. «Актуальные научные исследования в современном мире». Журнал. - Выпуск 5(37). Часть 8. Май 2018 г. Переяслав-Хмельницкий. – С.21-26.
- 9 Романюк С С., Мигунов В.И. Концентрация природных радионуклидов при нефтегазодобыче//Проблемы радиоэкологии и пограничных дисциплин Выпуск 6. г. Екатеринбург, 2005. – С.320-335.
- 10 Ермуханова Н.Б., Ташимова А.А., Керимбекова З.М. Мұнай өндірудің техногенді радионуклидті қалдықтармен ластануы/«Энергия және ресурстар үнемдеу технологиялары: тәжірибелер және келешегі» атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік online конференция материалдары. 29 сәуір 2020 ж. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2020. Б.420-425.
- 11 Аладьев А.П., Омелянюк М.В. Удаление отложений солей и радионуклидов на нефтяных и газовых месторождениях // Научный потенциал вуза - производству и образованию. – 2017. – № 1(2); URL: amti.esrae.ru/2-21 (дата обращения: 11.05.2018).

12 Губарев П.Н. Автореферат диссертации по теме "Исследование изменения естественной радиоактивности и создание комплекса мероприятий по обеспечению радиационной безопасности при добыче и подготовке нефти"//Специальность 25.00.17 - «Разработка и эксплуатация нефтяных и газовых месторождений». - Бугульма, 2010. – 26 с.

13 О.Р. Бадрутдинов. Нормативно-правовое обеспечение радиационной безопасности, Экологический консалтинг. № 2. 2001 – С-5-23.

14 Санитарные правила обращения с радиоактивными отходами (СПОРО-97) СП 5.01.011-97 [утверждены Главным государственным санитарным врачом РК 12 сентября 1997 г.

15 Нормы радиационной безопасности (НРБ-99). Гигиенические нормативы. - М.: Центр санитарно-эпидемиологического нормирования, гигиенической сертификации и экспертизы Минздрава России, 1999. - 116 с.

16 Глухов Г.Г., Зукау В.В., Нестерова Ю.В., Чикова И.В. Радиационный контроль в современных процессах нефтедобычи//Вестник науки Сибири. - 2012. - № 2 (3). – С.16-21.

17 Методические указания по проведению оценки воздействия хозяйственной деятельности на окружающую среду – Астана, 2010 г. – 73 с.

18 Билалов, Ф.С., Бадрутдинов О.Р., Баринаова О.Р., Тюменев Р.С. и др. Оценка воздействия объектов подготовки нефти на радиационную обстановку прилегающей территории // Нефт. хоз-во. – 2014. – № 7. – С. 60-62.

19 Романюк С.С., Мигунов В.И. Концентрация природных радионуклидов при нефтегазодобыче//Проблемы радиоэкологии и пограничных дисциплин Выпуск 6. г. Екатеринбург, 2005. – С.320-335.

20 Мустафин С.К. Актуальность радиационного мониторинга объектов нефтегазодобычи// XIII Международная научно-практическая конференция «Новые идеи в науках о земле». – Москва, 2017. 05 – 07 апрель. –Т.2. – С.119.

21 Мустафин С.К. Радиационный мониторинг объектов добычи углеводородов//Сб. Тезисы докладов Международной научно-технической конференции «Системы контроля окружающей среды» – Севастополь: ИПТС, 2016. – С. 205-206.

22 Юдин С.С. Радиоэкологическая обстановка в нефтепромысловых районах. //Вестник Российского университета дружбы народов. серия: Экология и безопасность жизнедеятельности – 2004. - №1 (10). - С.158-165.

23 Шишков И.А., Бахур А.Е. Лабораторно-методическое обеспечение радиоэкологических исследований в Республике Казахстан //Известия НАН РК. Серия «геологии и технических наук». - 2013. № 6 (402). - С.78-85.

24 Хорошун Д.В. Экологический мониторинг состояния окружающей среды месторождения Кумколь // Вестник КазНУ. Серия экологическая. - 2014. - №2 (41). - С.127-134.

25 Кутьков В.А. Величины в радиационной защите и безопасности. АНРИ, 2007. № 3. – С. 2–25.

26 Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы. ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 202 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010928>

27 «Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 202 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы. ҚР Энергетика министрінің м.а. 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 437 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016310>.

28 Radioactive Contamination of the Soil: Assessments of Pollutants Mobility with Implication to Remediation Strategies // Ivana Smičiklas and Marija Šljivić-Ivanović Chapter 13. 253-276 pp.

29 Ярмоненко С.П. Радиобиология человека и животных / С.П. Ярмоненко. – М.: Высшая школа, 1988. – 424 с.

30 Радиобиология / А.Д.Белов., В.А.Киршин., Н.П.Лысенко., В.В.Пак и др. Под ред А.Д.Белова. - Москва.: Колос, 1999. - 384с.

31 Сельскохозяйственная радиоэкология. Под ред. Алексахина Р.М. и Корнеева Н.А. – М.: Экология. 1992. – 400 с.

32 Алексахин Р.М. 2009. Радиоактивное загрязнение почв как тип их деградации // Почвоведение. № 12. С. 1487-1498.

33 Ермуханова Н.Б., Керимбекова З.М., Сатимбекова А.Б., Төлеген Айым. Ауылшаруашылық тізбегі бойынша радионуклидтердің миграциялануы «Қазақстандағы мегаполистердің аграрлық азық-түлік белдеуі және ауылшаруашылығының кооперациясы мәселелері, ізденістері және шешімдері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. Ноябрь 2017ж. 1-том. - Б.289-293.

34 Юдин Со.С. Радиоэкологическая обстановка в нефтепромысловых районах. //Вестник Российского университета дружбы народов. серия: Экология и безопасность жизнедеятельности – 2004. - №1 (10). - С.158-165.

35 АО «Петро Казахстан Кумколь Ресорсиз». ПредОВОС к проекту оценочных работ на Контрактной территории № 1398 на период 2016-2018гг в пределах территория блоков в Карагандинской области РК. - Кызылорда, 2017. - С.94.

36 Н.И.Акылбеков, М.Б.Омирзакова, А.Ж. Ыбыраева, А.Т. Ермуханбетова, Н.О.Аппазов. Исследование состава и свойств нефти Кумкольского месторождения. Вестник Технологического Университета. 2018. Т.21, №3.- С.32-35.

37 Baibotayeva A, Ermukhanova N, Kerimbekova Z, Kenzhalieva G. Soil pollution of oil products and heavy metals. Proceesing V International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2018, Selected Papers of International Conference of Industrial Technologies and Engineering. M. Auezov South Kazakhstan State University Shymkent, Kazakhstan November 28, 2018. Vol.IV. – P.190-196.

38 Вальков В.Ф., Денисова Т.В., Казеев К.Ш., Колесников С.И. Плодородие почв: экологические, социальные и почвенно-генетические

особенности. Монография. Южный федеральный университет. - Ростов-на Дону: Издательство Южного федерального университета, 2013. - 299 с. - ISBN 978-5-9275-1182-2.

39 Е.А. Шишкина, А.Ю. Волчкова, М.О. Дегтева. Оценка мощностей доз в воздухе при неравномерном вертикальном распределении γ -излучающих радионуклидов в различных типах почв. Вопросы радиационной безопасности № 3, 2016. – С.43-52.

40 Ермуханова Н.Б., Керимбекова З.М., Таңжарықов П.А. Мұнай кен орны топырағына радионуклидтердің техногендік әсері. ҚазҰТУ Хабаршысы. Қараша, 2018. № 6(130). - Б.125-132.

41 Орлов Д.С., Садовникова Л.К., Лозановская Л.Н. Экология и охрана биосферы при химическом загрязнении. –2-е изд. -Москва.: Высшая школа. - 2002. –334с.

42 Нигматуллина Л. А., Шарапова А. В., Селезнев С. В. Способы ремедиации загрязненных почв// Научный вестник УВАУ ГА(И). 2017 – №9 – С.184-188. <https://elibrary.ru/item.asp?id=30506737>.

43 Цомбуева Б.В., Горяшкиева З.В., Щербакова Л.Ф. Метод очистки почвы от нефтяного загрязнения с помощью природных сорбентов//Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 11: Естественные науки. - Волгоград, 2017. - Т.7. № 2. – С.19-25.

44 Абдибаттаева М.М., Нурымова Р.Д., Жиенбаева Л.Б., Бекетова А.К. Оценка эффективности использования рисовой шелухи в качестве нефтесорбента//Научный журнал: Исследования, результаты. – Алматы, 2014. – С.112-118.

45 Отчет по результатам производственного экологического контроля ТОО «ЭКО SERVICE» за III квартал 2018 г. С. 10-11.

46 Гармонизация экологии и экономики в условиях глобализации. Монография/Под общ. ред. д.э.н., проф. Е.Б. Аймагамбетова – Караганда: КЭУК, 2012. – 400 с.

47 Р. М. Ахметов, Р. Ф. Абдрахманов. Тяжелые металлы и радиоактивные элементы в горнопромышленных отходах южного Урала и Предуралья. Геологический сборник № 8. 2009. Информационные материалы. – С.253-257.

48 Р. М. Ахметов, Ш. М. Хусаинов, И. Ю. Лешан. Техногенная деградация почв нефтедобывающих районов Южного Предуралья. Известия Самарского научного центра Российской академии наук. 2011. Т. 13, № 5(2). – С.39-42.

49 Н.К. Надиров, А.В. Котова. В.Ф. Камьянов, В.И. Титов, Г.Н. Алешин, В.П. Солодухин, С.Ф. Бакирова, Г.Г. Глухов, Н.М. Корябина. Металлы в нефтях. Алма-Ата: Наука, 1984. 448 с.

50 Р. П. Готтих. Радиоактивные элементы в нефтегазовой геологии. Монография. М., «Недра»,1980, -253 с.

51 Голева Р.В. Углеводородное сырье: недооцененная экологическая опасность и возможность извлечения нетрадиционных полезных компонентов // Разведка и охрана недр, № 7, 2013. С. 61-65.

